Патша үкіметінің қазақ даласына жүргізген әртүрлі ғылыми зерттеу экспедицияларының астарында отарлау саясатын жүргізу мен жоспарын бағдарлау, қадамдарын болжау, барлау мақсатындағы пиғыл айқын көрінді. Жергілікті халықтың мінез-құлқы, өмір сүру әдебі, салт-санасының ерекшеліктері астыртын саяси ойындарды жүзеге асыру үшін ғана қолданылды. Яғни, патшалық Ресейдің сыртқы саясатының идеологиясында отарлау саясаты бағытталып отырған қоғамдардың ұлттық, мәдени, құқықтық ерекшеліктерін ескеру, жалпыадамзаттық құндылықтарды назарға алу, қоғамдық наразылықтарды үнемі ескеріп отыру секілді жұмыс бағыттары жүргізілмеді.

Осының кесірінен қазақ халқы көптеген тітіркендіргіштерді сезіне отырып, ұлттық иммунитетін қалыптастыруға тырысты. Қоғам тірі организм ретінде сыртқы дабылдарға, қауіптерге, мәселелі

түйткілдерге ұлттың болмысына сай жауап беруге тырысты. Осы ретте, бірыңғай ұстаным мен көзқарастар жүйесін құра білуде ұлттық интеллигенция өкілдері маңызды рөл атқарды. Тіпті олардың сол кезде арқалаған жүгінің, атқарған қызметінің салмағын бүгінде нақты өлшей алдық па деген сауал туындайды. Өйткені, бүгінгі Қазақстан Республикасы мемлекеттілігінің моральдық және құқықтық негізіндегі іргетасын ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялылары негіздеп кеткен ұлттың өзін-өзі айқындауына сіңірген еңбектерімен тығыз байланыста қарауымыз керек. Сондай-ақ, қазақ интеллигенциясының реформистік бағыттағы бастамалары, айтқан ойлары, тұжырымдары бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени дамуының уақыт аясындағы тарихилығына, оның дәстүрлілігіне өзіндік мағына беріп тұр. Яғни, Қазақстанның уақыт бойлығындағы демократиялық құндылықтарға сәйкес дамуының бүгінгі мен кешегісінің арасына корреляция жүргізе отырып, геометриялық сызық бойындағы түзулігін, үрдісін бағамдай аламыз.

Әдіснама

Ғылыми ізденіс аясында қазақ интеллигенциясының қоғамдық-саяси көзқарастарын, олардың тұлғалық қырларына демеу болған сол кездің тарихи оқиғаларын, үрдістердің жалпы болмысын тани отырып, интеллигенция өкілдерінің ой-толғамдары мен пікірлерінен философиялық түйін түю көзделді. Шындығында, олардың әрқайсысы заманның ағынын дәл саралай білген саясаткер, ақырын аңдай алатын дана, көз қарықтырар көкжиекті тұспалдаған көкірегі ояу қайраткерлер екенін сенімді айта аламыз. Олардың ілімін, зердесін, қазақ халқының ұлттық рухын сақтап қалу мен нығайту жолындағы рухани күрестегі қажырлы еңбектерінің маңызын түсіну үшін олардың рухани мұрасына үңіліп, еңбектеріне шолу жасалды.

Қазақ интеллигенциясының қалыптасуына ықпал жасаған тарихи мәнмәтін тарихи-функционалдық әдіске сүйене отырып талданса, екінші маңызды фактор олардың алған білімі мен ортасы, ой-санасы жүйелеу әдісі арқылы

біріздендірілді, басқа ойшылдардың ілімімен салыстырмалы талданды.

Негізгі бөлім

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы тарихи оқиғалар, олардың туындау себептері мен салдарларын зерделеу қазақ даласындағы интеллигенция өкілдерінің қалыптасуы мен олардың маңызды қоғамдық-саяси күшке айналуын егжей-тегжейлі түсінуге мүмкіндік береді.

1860-1870 жж. Ресейде басталған буржуазиялық реформалар өңірлерде ағартушылықтың дамуына алғышарт болды. Уақыт талабына жауап бере алатындай кадр тапшылығы байқалды. Қазақтардың қоғамдық тұрмысының жан-жақты қайта құрылуы, жергілікті жердегі тауар-ақша қатынасының пайда болуы, шекара бойындағы тұрғындармен жергілікті халықтың байланысқа түсуі қазақ мәдениетінің жаңа сапалық кезеңінің негізін қалады. Оның құрамдас бөлігі, идеологиялық негізі және маңызды қозғаушы күші болып өзінің басты ұстанымы ретінде қазақ қоғамының дәстүрлі дүниетанымын модернизациялауды көздеген ұлттық интеллигенция өкілдерінің қызметі тұрды. Солай қазақ ренессансының тарихи аренасына туған еліне қызмет етуді көздеген ұлттық қайраткерлері шыға бастады. Олардың ойынша, халықтың алдында бір ғана жол бар, ол – жаңа дәуірдің өнерін, мәдениетін, білімін және ғылымын үйрену. Сол арқылы отаршылық саясаттың құрбаны болудан сақтану.

XX ғасырда Қазақстан Ресей империясының бір бөлігі ретінде өз дамуының жаңа кезеңіне аяқ басты. Аталған үрдіс дәстүрлі қоғамды жаңа, капиталистік қатынастарға бейімдеуге ықпал етті және қазақ даласында жаңа әлеуметтік қабат, оқығандар мен зиялылардың шығуына алғышарт болды.

Ресей және алыс шетелдерде білім алған жаңа буын өкілдеріне ұлттық дәстүр мен инновациялық білім тән болды. Қоғамдық еңбек бөлінісінің тереңдей түсуі, өңірді басқаратын мемлекеттік органдардың құрылуы, қалалардың пайда болуы, қазақ жерінің табиғи жерасты байлығын игерумен байланысты жаңа формацияның интеллигенция-

сына деген қажеттілікте өсе берді. Әр жылдардағы ғылыми жарияланымдарда революцияға дейінгі Ресей мен алыс шетелдерде білім алған қазақ студенттері мен түлектерінің саны туралы, олардың өңірдің экономикасы мен мәдениетінің түрлі салаларындағы динамикасы туралы көптеген деректер келтіріледі. Дегенмен, ғалымдардың ортақ пікіріне сәйкес, 1917 жылғы революцияға дейін 70 жыл ішінде бар болғаны 1000-ға жуық қазақтың жастары орта және жоғары білім алған. Олар қазақ қоғамының барлық қабаттарынан, атап айтқанда байлар, шенеуніктер, малшылар немесе саудагерлер, молдалар, шаруалар және т.б. арасынан шықты. Қазақ жастарының мамандық және Ресей жоғары оқу орындарын таңдауы қалыптасқан жағдайға байланысты болды. Біріншіден, жоғары оқу орнының беделіне айтарлықтай артықшылық берілсе, екіншіден, өңірдегі тапшылық тудырған мамандықтар игерілді. Болашақ қазақ интеллигенцияның негізгі бөлігі Петербург, Мәскеу, Қазан, Омбының университеттері мен институттарында білім алды. Жоғары техникалық білім беру мекемелерінде олар инженер құрылысшы немесе экномист, университеттерде заңгер немесе дәрігер, ауылшаруашылығы мамандықтарынан – ветеринарияны таңдады. Мәселен, 1877-1917 жж. Қазан императорлық университетінің дипломын 20 қазақ алады, оның ішінде 14 адам заң, 6 адам – медицина факультетін аяқтайды. Осы уақыт аралығында Қазан ветеринарлық институтын 17 қазақ бітіріп шығады [1].

Осы кезде билікке әлеуметтік, халықты әділдік пен заңдылыққа сәйкес басқару туралы талаптар қойыла бастады. Қазақ қоғамында отарлаушы әміршіл жүйемен бірге өмір сүре отырып дамудың тиімді жолын іздеу, Қазақстанның мәдени-өркениеттілік тұрғыда артта қалуы мәселелері, дәстүрлі өмір салтын ұстана беру керек пе, әлде демократиялық құндылықтарға сүйене отырып елді тығырықтан шығарған дұрыс па деген сұрақтар тұрды. Қоғамның оқыған және зиялы бөлігі ретінде қазақ интеллигенция өкілдеріне аталған сауалға жауап іздеу қажет болды.

Жаңа қазақ интеллигенциясының қоғамдық-саяси ұстанымы көпвекторлы болды. Аз ғана әлеуметтік топтың ойының

санқырлылығы мен қайсарлығы қоғам арасындағы олардың беделін өсірді. Жергілікті халық ортақ ақпараттық кеңістік пен лайықты мәдени орта болмаса да, олардың ендігі жердегі тағдыры мен болашағы интеллектуалды элитаның білімі мен тәжірибесінің қолында екендігін түсінді. Сәйкесінше, осыған дейін қазақ қоғамында бедел мен түрлі атақ-дәреже, шенге ие болған старшын, аудармашы, құрметті ақсақалдардың ролі төмендеді. Осы жерде айта кететін маңызды мәселе, ХХ ғасырда қазақ шенеуніктерінен құралған интеллигенция өкілдері өзіне деген сенімнен айрылып, әлеуметтік маңызын жоғалтты. Оның бір бөлігі, отарлаушы әкімшіліктің қолжаулығына айналып, тарихи көрінісіннен айрылып, сынға ілінді. Халықтың мүддесін жоғары қоя білген енді бір бөлігі сол кездегі либералды-демократиялық қозғалысқа қосылды.

Аталған тарихи процес бүгінгі Қазақстан жағдайында ескеріп, биліктің беделіне нұқсан келтіретін сыбайлас жемқорлық секілді факторлардың алдын алып, лауазымды орындарға қоғамда беделі бар оқымысты интеллигенция арасынан тағайындау арқылы билік элитасын бірқатар игі шаралармен ізгілендіруді талап етеді. Тарихи үрдіс көрсетіп бергендей, шенеуніктік интеллигенция деформацияға ұшырағанда, оның орнын ғалым, оқымыстылардан құралған интеллигенция өкілдерінің басуы ұлттық жадымыздың ажырағысыз бөлігіне айналды.

Грек ойшылы Платонның «Мемлекет» шығармасындағы мінсіз мемлекеттің басшысы туралы пайымдары ХІХ ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы шенеуніктік институттың деформациясын түсіндіріп беріп тұрғандай. Ол: «Мемлекетте философтар патшалық құрмай – немесе қазіргі патшалар мен әміршілер бекзаттық және түпкілікті пәлсапамен шұғылданбаса және пәлсапа мен мемлекет біртұтас денеге айнамайынша, және қазірде бөлек-бөлек билікке, не философияға ұмтылушы адамдар міндетті түрде шеттетілмесе... мемлекет зұлымдықтан артылмайды» - деп ой қорытады [2, 275 б.].

Кейін қазақ оқымыстыларының арасынан жаңа заманға сәйкес мемлекеттің іретасын, нышандарын құрған танымал кәсіби ғалымдар, саясаткерлер, публицист жазушылар, басшылар шыққанын білеміз.

Қазақ интеллигенциясы әміршіл-әкімшіл жүйенің өктем саясатына қарсы тұрумен бірге қазақ тарихын алғаш жаңаша пайымдаған, оған сыни тұрғыда көзқарас білдірген буын болды. Себебі, сол кездегі миссионерлік мазмұнға толы ұлтсыздандыру, шоқындыру, мәдени тамырынан ажырату сынды саясаттың бағытын түсіне білу, жұртшылыққа оны дұрыс тұжырымдап жеткізе білу қажет болды. Сондай-ақ патшалық Ресейдің, одан кейін кеңес үкіметінің отаршыл саясаты қазақ ұлтының болмысындағы кейбір уақыт сынына, жаңа заман талаптарына жауап бере алмайтын қателіктерді (фактар), қалыптасып қалған әдеп нормаларындағы кемшіліктерді көрсетіп отырды. Бұл қазақ интеллигенциясының халық шаруашылығын ұйымдастыру, өмір тіршілігін жасампаздық арнаға бұруда философиялық ойларын тұжырымдауға, пайымдарын жариялауға алғышарт болды.

Жаңа қоғамдық қатынастарда орын алған негізгі мәселелердің бірі дәстүрлі болып келген жер дауы отарлық саясаттың ықпалымен жаңа реңк алды. Переселендерді жаппай қазақ жеріне қоныстандыру жайылымдық жерлердің тарылуына әкеліп, жазда жайлауға, қыста қыстаққа көшетін қазақ шаруасы үшін бұл шырмаулы мәселеге айналды. Қоғамдық сипатқа ие болған мұндай тұрмыстық қатынасты шешудің екі жолы қарастырылды. Біріншісі, саяси сипаттағы мемлекет құраушы жүйені өзгерту, жергілікті халық атынан өкілдік органдарға сайлану арқылы әділ теңгерімге қол жеткізу, экономикалық саясатты жүргізуде ішкі халықтардың шаруашылық ерекшеліктерін ескеру сынды мәселелерді көздеді. Екіншісі, халық шаруашылығының тиімділігін арттыру, жаңа дағдылар меңгеру, экономикалық ресурсты арттырудың жолдарын қарастыру, қазақ азаматының бойына ізгі дағдыларды сіңіруге жұмылдырылды.

Қазақ интеллигенциясының философиялық-саяси көзқарастары жоғарыда аталған тұжырымдағыдай бірден кешенді бір жүйені құраған жоқ. Өйткені, қазақ интеллигенциясының философиялық-саяси ойлар жүйесі, ең алдымен, ұлттық тарихты қайта тұжырымдап, ой қорытыңдалаудан тұрса, екіншісі демократиялық құндылықтар жүйесіне сәйкес орнаған қоғамдық-саяси ахуал-

ды бағалаудан, бақылаудан туындады. Ол өмірдің барлық саласын, экономика, саясат, мәдениет, әдебиет және басқа да бағыттарды қамтуға тырысты. Яғни, қазақ зиялылары тарихи сананы басты назарда ұстап, демократиялық құндылықтардың қазақ қоғамы үшін берер пайдасына үлкен сенім артты. Бұл өз кезегінде, қазақ қоғамын барлық салада прогрессивті қарқынмен дамытудың бір жолы болатын.

Мұндай философиялық ойлар жүйесін «Алаш» партиясының жетекшісі, ойлары қазақ интеллигенциясының бірыңғай ұстанымы ретінде айқындалған Алихан Бөкейхановтың жазбаларынан, баяндамаларынан, мақалаларынан көреміз.

Бірінші мақсатқа жету қазақ интеллигенциясының қоғамдық-саяси белсенділігіне, салмағына, білім деңгейі сынды сапалық көрсеткіштеріне тікелей байланысты болды. Интеллигенция өкілдері бұл сыннан шыға білмегенде бүгінде олардың қызметі мен өмір жолы әр түрлі аспектідегі зерттеу тақырыбына айналмаста еді.

Қазақ интеллигенциясының алғашқы қоғамдық-саяси аспектідегі белсенділігі Қарқаралы жәрмеңкесінде жасалған мәлімдемеден айқын көрінді.

«1905-1907 жылдардағы І-ші орыс төңкерісі өз кезегінде қазақ жеріндегі ұлттық қозғалыстың өсуіне де әсерін тигізді. 1905 жылғы 25 шілде күні Қарқаралы маңындағы Қоянды жәрмеңкесінде қазақ зиялыларының ұйымдастыруымен митинг өтіп, ол өзіндік қазақ съезі іспетті болды. Жиын нәтижесінде Ресей Министрлер кеңесінің төрағасына арналған әйгілі «Қарқаралы петициясы» қабылданды. Онда қойылған талаптар 11 тармақтан тұрды: қазақтарға ар-ождан бостандығын беру, тұрғылықты халықты ана тілінде оқытуды ұйымдастыру, қоныстандыру саясатынан бас тарту, жер қорын байырғы қазақ ұлтының үлесіне құқықтық түрде тиесілі ететін арнайы заңды қабылдау, азаматтық және сот іс-қағаздарын қазақ тілінде жүргізуге құқық беру, аудармашылыққа қазақ тілін білетін және қазақша сауатты адамдарды алу, қазақтар өз құқықтарына нұқсан келсе, арызды ана тілінде бере алуы, судьялардың қазақ тілін білуін шарт ету және қазақ даласына присяжной сот жүйесін енгізу, отарлаушы аппараттың

шенеуніктер санын қысқарту, генерал-губернаторларды орталықтан тағайындау тәжірибесін тоқтатып, басшылыққа жергілікті жерден лайықты тұлғаны сайлау, крестьян бастықтары мен урядник қызметін жою, қылмыс жасағандар тек сот алдында ғана жауап беретіндей тәртіп орнату, биліктің жоғары сатыларынан бодандық шеткері аймақтардан өкілдер сайлануына квота беру сияқты өкелейкесті мәселелерді қамтыды» [3].

Қазақ интеллигенциясы мемлекеттік реттеу функциялары жергілікті жерде құрылу қажеттігін дәйектей отырып, өкілді орындарға қазақ арасынан депутаттарды сайлауға талпынды. Олардың пайымынша, ұлттық мүддені қорғаудың басты жолы демократиялық принциптер бойынша билікке қол жеткізу еді. Дегенмен, демократиялық қағида бойынша сайланбалы органдарды құру туралы патша жарлығы жүзеге асып бастағанымен, оның әділетсіздіктің үстіне құрылғандығы интеллигенция өкілдері үшін саяси күрестегі тағы бір майдан алаңын ашып берді. Думаның қандай да бір ықпалы мен беделі болмағанымен, бұл ұлттық мәселені жоғары мінберден көтеру үшін үлкен мүмкіндік еді. Сол себепті, Алихан Бөкейханов 1913 жылғы «Қазақ» газетінің бірнеше санында Думаның қызметін бақылап, ол туралы сыни мақалаларын жариялап отырды.

«1907-ші жылда 3-ші маусымда екінші Дума қуылып, енді келер думаларды сайлауға «3-ші маусым заңы» шықты. Бұл заң бойынша бүтін қазақ халқы депутатсыз қалды. Қазақ халқы надан, сондықтан Дума депутаты болуға лайықсыз деген желеу айтылды. Сөйтіп, бес жыл Думада қазақ тағдыры бөгде халық сайлаған депутаттар қолында қалды» [4].

Патшалық үкіметтің мемлекеттік реттеу, іс жүргізу, заңнамалық актілер қабылдау секілді билікті жүзеге асыру формасының кез-келгенінде қазақты қоғамдық-саяси іс-шараларға, мемлекетті басқару ісіне араластырмау, менсінбеу, оған ресурс ретінде ғана қарағаны қазақ интеллигенциясының әділдікті талап етуге, халықты ағарту ісін жылдамдату туралы мәлімдемелерін жариялауға әсер етті.

Алихан Бөкейхановтың Думаның қызметі туралы жазбаларынан патшалық өкілді орган Думаның өзінде теңдік,

құқықтылық, пікір әралуандылығы секілді қағидалардың басып-жаншылып отырғандығын көреміз. Мәселен, «1910-шы жылы бюджет жарыссөзі болғанда, қазаққа заңнан тысқары зорлық қылуды әлі қойған жоқсындар деп депутат Дзубинский сөйлеп еді, бұған хукумет бесалты қазақты қыстауынан көшіріп, елуалпыс мұжыққа жер берсек, «қазақ, қазақ» деп құлақтың мазасын аласың, осы дума қазақ Думасы ма, жоқ орыс Думасы ма?» деп жауап беруі, Думаның шын мәнісіндегі халық атынан өкілдік ететін орган емес, ешқандай құзыреті, беделі жоқ формалды бір құрылым екенін аңғарамыз.

Академик М. Қозыбаев көрсеткендей, «Алаштың ұлт азаттық қозғалысы идеологиясының өзегі – отаршылдық наразылық отаршылдыққа қарсы ұлтшылдық. Олар заңмен шектелген праволық қоғам, конституцияда анықталған кейбір саяси бостандықтар, ғылым мен мәдени даму көлемінде күресіп бақты» [5].

XIX-XX ғасырда Еуропаны кезген социализмнің басты идеологиялық қондырмасы және философиялық дәйектемесі де әлеуметтік әділеттілікті жалау еткен болатын. «Әділеттілердің кеңесі» ұйымының мүшесі болған Карл Маркс сол дәуірдегі қарапайым шаруа адамының мүддесінің аяқасты етілуі, құқығының қорғалмауын өзінің атақты «Капитал» еңбегінде «табиғи әділеттілік» формасының капиталистік қоғамда жүзеге асуын әбден сынап отырып, капиталистік қоғамды қайта құрып, игіліктерді әділетті бөлуге шақырды.

Әрі қарай, Карл Маркстың «Капиталдың» бірінші томындағы әділеттілік туралы пайымдарын келтірейік: «Капиталистік әділеттілік деген бұл таңғажайып дүние! Жер иесі, үй қожайыны, кәсіпкер кезкелген экспроприация жағдайында, мысалы темір жол тарту, жаңа көшелер салу және т.б. толық сыйақы ғана алып қоймайды, өзінің «қалауынан бас тартқаны үшін» құдай және адам заңына сәйкес қыруар пайдамен жұбануы керек. Ал жұмысшыны балалары және барлық заттарымен көшеге тастайды, егер олар көпшілік болып қалалық елді-мекендерге жөнелетін болса, олардың ізіне полиция қызметкерлері түседі!» [6, 675 б.]

Әлихан Бөкейханов пен Карл Маркстың экономиканың кейбір сұрақтарындағы әділетсіз қарым-қатынастарға сыни

көзқарастары осы жерде тоғысады. Екеуінде қоғамдағы игіліктерді әділетсіз бөлу, күштінің әлсізге билік жүргізуі, сол кездегі қоғамдағы теңсіздік мәселесін сөз етеді.

Алайда, Карл Маркстың әділеттілігі пролетарлардың мүддесін басшылыққа алған болса, Алихан Бөкейхановтың әділеттіліктұжырымдары демократиялық негізге сүйеніп, қоғамда қандайда бір тап немесе қабаттарға артықшылық берілмеуі керек деп тұжырымдады. Дегенменде, екі ғалымның да әлеуметтік әділеттілік туралы ойлары өзекті және бүгінде өзінің өміршеңдігін сақтап отыр.

Кейін тарих көрсеткендей, патшалық Ресейдің басқару жүйесіндегі жаппай әлеуметтік әділетсіздіктің орын алуы қол астындағы халықтардың социализмнің «Барлық пролетариат бірігіңдер!» ұранының астына топтасуына әкелді.

Екінші мәселеде, ғалым қазақтың мал бағатын өрісінің тарылуының себептерін іздестіре келе, алдымен ішкі мәнжайларды зерделегенді жөн көреді. Ол жер дауы қазақ қоғамындағы дәстүрлі жалғасып келе жатқан әлеуметтік қатынас екендігін және бұл жердің көлеміне, кеңдігіне сәйкес шешімі табыла салатын мәселе еместігін түсінеді. Солай шетел тәжірибелеріне көз жүгірте отырып, дәстүрлі мал шаруашылығының әдістәсілдерін жетілдіріп, оны өзгерту қажет деп тұжырымдады. «Дүниеде қазақтан басқа да елдерде мал бағады. Мысалға Швейцария мен Австралия сияқты Еуропа елдерінде де қой бағып мал шаруасымен айналысып отыр. Олардың жері аздығына байланысты мал басын азайтып, сүйегін асылдандырып өздері қала болып отыр» [7, 144 б.]. Осылай, бірнеше шақырымдық өріске малын жайып бағатын қазақтың шаруашылық үлгісін уақыт талабына сәйкес бейімдеу қажеттігін меңзейді. Ғалымның айтып кеткен ойы, бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның ауылшаруашылығы саласын да өзекті болып отыр. Мал шаруашылығын ата кәсібі ретінде таңыған бүгінгінің қазақтары арасында жайылымдық мәселесі қайталанатын шығып отыр. Қосалқы шаруашылықтардағы мал басының өсуімен байланысты проблемалар мемлекеттік мекемелерді тығырыққа тіреп отырғанын көруге болады. Малды асылдандыру, ата кәсіпті жасампаздықпен жаңғырту, шығымы мол өсімдік егу туралы осыдан ғасырдан астам уақыт бұрын

ойларын айтқан алаш арысының пайым-дары бүгінгі күнде де өзекті.

Әрі қарай, «Адам баласы өзге хайуаннан айрылғанда ақылды болып, қолы шебер болып айрылады. Байлық түбі – ақыл һәм қол ұсталығы. Осы екеуі қосылмай адам баласы қазынаға жарымайды» – деп жазды [8, 39 б.]. Осы кезге дейін мал бағып, малының артынан еріп көшкен қазақ сияқты халық байлық, қазына мал кіндігінде деп біледі. Мың қойды бір-екі қойшы бағатын жұрттың сиқы «тамақ, ұйқы, жалқаулық» – дейді. Алаш қайраткері қазаққа баққан малын ұқсатып, оның өнімін ұсталықпен ұлғайтпаса, тапқан-таянғанның барлығы күнделікті тұрмысқа қажетті басқа да жарақтар үшін сыртқы нарықтарға кететінін айтады. Ол үшін қомсы қонған орыс мұжығының шаруашылығын үлгі етіп «сахара жұртының мал бағып жүрген жеріне орыс мұжығы келе салып қазына суырып алып байып отырғандығын» айтады.

Осылай қоғам қайраткерінің әділетсіз қоғамдық-саяси жүйенің кінәраттарын анықтаумен қатар, мәселенің төркінін дәстүрлі ата кәсіпті жандандыру, жетілдіру арқылы халықтың әл-ауқатын көтеру қажеттігіне маңыз бергендігін көреміз.

Қазақ интеллигенциясының қалыптасу жолын тарихи мәнмәтінде қарауды жалғастыра отырып, келесі маңызды мәселеге назар аударған жөн. Сол уақытта ұлт қандай сындарлы кезеңдерді өткергендігіне қарамастан, қазақ зиялыларының шоғырының шығуы алдымен ұлттың өз алдына қалыптасу кезеңін толық аяқтағандығын көрсетеді. Ортақ рухани, материалдық құндылықтары, ой-санасы, тарихи жадысы пісіп-жетілмеген халықта мәдени және рухани аспектілерде ішкі және сыртқы қорғаныс қабылеті, кеңістіктегі өзін-өзі анықтауы сынды қасиеттері де дамымаған болар еді. Сол себепті, ол тірі организм секілді, өзді-өзін емдей алады, өзін-өзі пайымдай алады. Қазақ интеллигенциясының ұлт үшін жасаған жанқиярлығы, қандай қиындық болса да төзімділігі мен күрескерлігін алдымен оны қуаттаушы, күш беруші біртұтас денеге айналған елі мен жерінің, жұртының сапалық қасиеттерімен сабақтастыра қарауымыз керек. Бұл қазақ интеллигенциясының қоғамдық-саяси жетілуіне негіз болған басты алғышарттың бірі. Сол организм-

нен нәр алған қазақ интеллигенциясы дененің сырқаты мен бірге оны емдеу жолында білді, ұлтының артықшылығы мен осал тұстарын жақсы таныған зиялы қауым өкілдері соған сай әрекет жасады.

Мәселен, қазақтың болмысты қабылдау ерекшеліктеріне сәйкес поэтикалық жанрда метафора, теңеу стильдерін қолдана отырып, басты ағартушылық идеологиясын көп жағдайда өлең тіркестері ретінде таратты. Бұл халық арасында ауыз-екі түрінде жатталып, тез тарап жататын. Мысалы Ахмет Байтұрсыновтың «Маса», Міржақып Дулатовтың «Оян қазақ!», Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Адасқан өмір», Мағжан Жұмабаевтың поэмалары және басқа да қазақ интеллигенциясының поэтикалық шығармалары философиялық пайымдары, ойлары, тұжырымдары көкірекке қонымды, жеңіл әрі дәл суретшілігімен қазақ қоғамындағы мәселелерді дәл сипаттап, тығырықтан шығар жолды көрсетеді.

Яғни, қазақ интеллигенциясының риторикасы ұлттық болуына өзі өсіп-өнген ел арасы, туған топырағы себепші болатын болса, демократ ретінде қалыптасуына жоғары білімі, қоршаған ортасы, өмірлік тәжірибесі, сол кездегі күрделі тарихи формациялар, яғни коммуникациясы әсер етеді.

Қорытынды

Сонымен, Қазақстан тарихындағы XX ғасыр басындағы қазақ интеллигенциясының қалыптасуын әлеуметтік-мәдени феномен деп бағалай аламыз. Өйткені олар еліміздегі алғашқы демократия мен азаматтық қоғам өкілдері ретінде өздеріне елдің тағдырына байланысты азаматтық жауапкершілікті ала отырып, сындарлы шақтарда жол нұсқап, жасампаз құндылықтарды сіңіре білді. Қазақ интеллигенциясының ұстанымдары мен көзқарастары, білімі, жоғары адамгершілік қасиеттері бүгінгі құлдыраудың басында тұрған еліміздегі зиялы қауым өкілдерінің бағдарына айналуы қажет деп санаймыз.

Алаш қайраткерлерінің маржан ойлары қазірдің өзінде қоғамымыздағы шешілмей жатқан мәселелі түйіндерін шешуге, саяси-әлеуметтік және мәдени дамудың күрмелі бағыттарын одан әрі жандандыруға, ғылым саласының Қазақстан үшін берер мол пайдасын қайта саралауға, еліміздің

әлемдік қауымдастықтағы рөлін көтеруге салмақты бағдарларды бере алатынына сенімдіміз. Әрине, ол үшін қазақ интеллигенциясының философиялық, саяси ой-толғамдарын, сүбелі еңбектерін одан әрі зерделеп, ел мүддесіне жаратуымыз керек.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кенжетаяев Б.А. Казанские учебные заведения и процесс формирования казахской интеллигенции в середине XIX- начале XX вв. - Казань, 1998. - С. 80-82.
- 2 Платон. Сочинения в 3-х т. - М., 1971. - Т. 3. - Ч. 1.
- 3 Тайшыбай З. «Қарқаралы петициясы» туралы ақиқат // *Ақиқат*. - 2003. - №8. - Б. 80-82.
- 4 «Қазақ» газеті. - 1913. - № 9.
- 5 Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. - Алматы, 1992. - Б. 18.
- 6 Маркс К. Капитал: критика политической экономии. Том 1. - Москва: Эксмо, 2020. - 1200 с.
- 7 Бөкейханов Ә. Шығармалар. - Алматы: Қазақстан, 2009. - 384 б.
- 8 «Қазақ» газеті. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. - 560 б.
- 9 Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1920-1928 жж. Движение Алаш. Апрель 1920-1928 гг. - Алматы: «Ел-шежіре», 2007. Т.3. Кн.1.- 304 с.
- 10 Локк Д. Басқару туралы екі трактат. - Алматы: Раритет, 2004. - 280 б.
- 11 Бөкейхан Ә. Шығармалары - Сочинения. V т. - Астана: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2018. - Қазақша, орысша.
- 12 «Қазақ» газеті. 1914 жыл. - Алматы: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2023. - 608 б.
- 13 «Алаш рухы». Мақалалар. - Алматы: «Олжас кітапханасы» Баспа үйі, 2017. - 184 б.
- 14 Ақмағанбет Р. Алаш демократиясы. Өркениетті қоғам құру жолында. - Алматы: AmalBooks баспасы, 2022. - 296 б.

Transliteration

- 1 Kenjetaev B.A. Kazanskіe učebnyie zavedeniya i proses formirovaniya kazahskoi intelligentsii v seredine XIX - nachale XX w. [Kazan educational institutions and the process of formation of the Kazakh intelligentsia in the mid-nineteenth and early twentieth centuries]. - Kazan, 1998. - S. 80-82. (in Russ)
- 2 Platon. Sochinenii v 3-h t. [Essays in 3 volumes] - M., 1971. - T. 3. - Ch. 1. (in Russ)
- 3 Taishybai Z. «Qarqaraly petitsiiasy» túraly aqıqat [The truth about the «Karkaraly petition»]// *Aqıqat*. - 2003. - №8. - B. 80-82.
- 4 «Qazaq» gazetі [«Kazakh» newspaper]. - 1913. - № 9. (in Kaz)
- 5 Qozybaev M. Aqtañdaqtar aqıqatı [The truth of Aktangdak]. - Almaty, 1992. - B. 18. (in Kaz)
- 6 Marks K. Kapital: kritika politicheskoy ekonomii [Capital: a critique of political economy]. Tom 1. - Moskva: Eksmo, 2020. - 1200 s. (in Russ)
- 7 Bökeıhanov A. Shygarmalar [Works]. - Almaty: Qazaqstan, 2009. - 384 b. (in Kaz)
- 8 «Qazaq» gazetі [«Kazakh» newspaper]. - Almaty: «Qazaq ensiklopediasy» Bas redaksiasy, 1998. - 560 b. (in Kaz)
- 9 Alash qozgalysy. Quzhattar men materialdar zhinagy. Saur 1920-1928 zhzh. Dvizhenie Alash. April 1920-1928 gg. [Alash movement. Collection of documents and materials. April 1920-1928 Movement Alash. April 1920-1928] - Almaty: «El-shezhire», 2007. T.3. Kn.1.-304 s. (in Kaz)
- 10 Lokk D. Basqaru turaly eki traktat [Two Treatises on Management]. - Almaty: Raritet, 2004. - 280 b. (in Kaz)
- 11 Bokeıhan A. Shygarmalary - Sochinenija [His works are Sochinenija]. V t. - Astana: «Alashorda» Qogamdyq qory, 2018. - Qazaqsha, orysshā.
- 12 «Qazaq» gazetі. 1914 zhyl [«Kazakh» newspaper. 1914 year]. - Almaty: «Alashorda» qogamdyq qory, 2023. - 608 b. (in Kaz)
- 13 «Alash ruhy». Maqalalar [«Spirit of Alash». Articles]. - Almaty: «Olzhas kitaphanasy» Baspa vji, 2017. - 184 b. (in Kaz)
- 14 Aqmaganbet R. Alash demokratiyası [Democracy of Alash]. Orkenietti qogam quru zholında. - Almaty: Amal Books baspasy, 2022. - 296 b. (in Kaz)

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

- | | |
|--------------------------------------|--|
| <i>Гүлжихан Жұмабайқызы Нұрышева</i> | профессор, философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: gulzhikhan-nuryшева@yandex.kz, ORCID: 0000-0001-6640-8111 |
| <i>Айгүл Бижанқызы Тайженбетова</i> | PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: aigul.bizhanovna@mail.ru, ORCID: 0009-0007-1206-1301 |
| <i>Гүлжихан Жұмабайқызы Нұрышева</i> | профессор, доктор философских наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, email: gulzhikhan-nuryшева@yandex.kz, ORCID: 0000-0001-6640-8111 |
| <i>Айгүл Бижанқызы Тайженбетова</i> | PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, email: aigul.bizhanovna@mail.ru, ORCID: 0009-0007-1206-1301 |
| <i>Gulzhikhan Nuryшева</i> | Professor, Doctor of Philosophical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, email: gulzhikhan-nuryшева@yandex.kz, ORCID: 0000-0001-6640-8111 |
| <i>Aigul Taizhenbetova</i> | PhD Student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, email: aigul.bizhanovna@mail.ru, ORCID: 0009-0007-1206-1301 |

ИБН СИНАНЫҢ ЭТИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ: ӘЛЕМДІК РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАМУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Г.С. Омарова, К.М. Қоңырбаева, Г.И. Нүсіпова

АҢДАТПА

Мақалада ортағасырдағы классикалық ислам философиясының көрнекті өкілі Әбу Әли Ибн Синаның дүниетанымындағы тұлғаның рухани кемелденуі, ізгілік, әділеттілік, адамгершілік, моральдық-этикалық және т.б. қырлар айшықталады. Ибн Сина Аристотель мен әл-Фараби философиялық көзқарастарын дамыта отырып, өзінің күрделі философиялық пайымдауларын қалыптастырды. Оның философиялық ой-пікірлерінің өзіндік ерекшеліктері тарихи сабақтастықтағы терең ойлаудың көрінісі болды. Әл-Фарабидің көзқарастарымен астасып жатқан Ибн Синаның дүниетанымында ақыл-ой, ізгі қала, әділеттілік, мемлекет туралы, әділетті ел билеушінің болмысы, ел билеуші мен бағыныштылар арасындағы әділетті қарым-қатынастар және т.б. ойлары сарланады. Ибн Синаның әлеуметтік-этикалық көзқарастарындағы жан, тән, рухани кемелдену, ізгілікке жету тағы басқа әлеуметтік тұрғыдағы идеялары басты назарға алынып, оның Шығыстық ислам өркениетіне, адамзаттың рухани құндылықтарын дамытуға қосқан үлесі айшықталады.

Түйін сөздер: әділеттілік, сабақтастық, мәдениет, әлем, руханилық, тұлға.

ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты,
Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Г.И. Нүсіпова,
gnussipova@mail.ru

Мақаланың сілтемесі:
Омарова Г.С.,
Қоңырбаева К.М.,
Нүсіпова Г.И.
Ибн Синаның этикалық
көзқарастары: әлемдік
рухани құндылықтарды
дамытуға қосқан үлесі
// Адам әлемі. – 2024.
– № 2 (100). – Б. 21-29.

Этические воззрения Ибн Сина: вклад в развитие мировых духовных ценностей

Аннотация: В статье рассматриваются морально-этические мировоззрения представителя классической исламской философии средневековья Абу Али Ибн Сина, способствующие духовной зрелости человека как добродетель, справедливость, мораль и др. Ибн Сина, развивая философские взгляды Аристотеля и Аль-Фараби, сформировал свои особенные социально-этические, философские взгляды. Оригинальные черты его философских мыслей были отражением глубокого мышления в исторической преемственности. Мировоззрение Ибн Сина, сходное со взглядами Аль-Фараби, сосредоточено на разуме, добром городе, справедливости, государстве, природе справедливого правителя, справедливых отношениях между правителем и его подданными и т. д. Также в статье раскрыты его вклад в восточно-исламскую цивилизацию и развитие духовных ценностей человечества.

Ключевые слова: справедливость, преемственность, культура, мир, духовность, личность.

Ethical Views of Ibn Sina: Contribution to the Development of World Spiritual Values

Abstract. The article examines the moral and ethical worldviews of the representative of classical Islamic philosophy of the Middle Ages, Abu Ali Ibn Sina, which contribute to the spiritual maturity of man as virtue, justice, morality, etc. Ibn Sina, developing the philosophical views of Aristotle and Al-Farabi, formed his own special socio-ethical, philosophical views. The original features of his philosophical thoughts were a reflection of deep thinking in historical continuity.

Ibn Sina's worldview, similar to that of Al-Farabi, focuses on reason, the good city, justice, the state, the nature of a just ruler, fair relations between the ruler and his subjects, etc. The article also reveals his contribution to Eastern Islamic civilization and development of spiritual values of humanity.

Key words: Justice, Continuity, Culture, World, Spirituality, Personality.

Кіріспе

Өзінен кейін ұшы-қиырсыз мұра қалдырған ортағасырдағы классикалық ислам философиясының көрнекті өкілі – данышпан, Әбу Әли Ибн Сина (980-1037 жж.) Орта Азияның Бұхара маңындағы Афшана өңірінде дүниеге келген. Латын тілді батыста Авиценна есімімен белгілі ойшыл ислам әлемінде «ғалымдардың атасы» (әш-Шәйх әр-Рәйс) деген атқа ие болған. Ғалымдар Ибн Сина шамамен 456-ге жуық еңбек жазғаны жайында пайымдай келе, біздің заманымызға оның 240-тан астамы ғана жеткенін [1, 3 б.], сонымен қатар, оның араб тіліндегі 400-ге жуық және 20-дай шамасындағы парсы тіліндегі ғылыми еңбектері болғаны жайында айтады [2, 61 б.]. Ғұлама данышпан Ибн Синаның медицина, математика, ботаника, геология, астрономия, әдебиет, лингвистика, музыка салаларындағы еңбектері әлемдік ғылым мен мәдениеттің дамуына зор үлес қосты.

Ортағасырлық ірі энциклопедист-ғалым ибн Сина әл-Фарабидің ізімен Аристотель идеяларын жалғастырып, өзінің философиялық көзқарастарында логика, натурфилософия, әлеуметтік-саяси т.б. бағыттарды дамытты. Ибн Синаның басты еңбектері: «Логика», «Метафизика», «Білім кітабы» т.б. мәселелеріне арналған. «Китабуль-Канун-фит-тыбб» («Дәрігерлік ғылымның ережесі»), «Сауығу кітабы» т.б. дәрігерлікке арналған еңбектері ойшылдың есімін әлемге танытып, күні бүгінге дейін бұл құндылықтар әлемдік деңгейде адамзаттың игілігіне айналып келе жатыр. Бұл еңбегінде ғұлама ғалым Орта Азия, Қытай, Үндістан т.б. жерлерде өсетін өсімдіктерді зерттеп, оның адам өміріне қуатты күш беретін шипалық қасиетін көрсетіп, оны тәжірибеден өткізіп, мыңдаған адамдардың өмірін аман сақтап қалды. Данышпанның асыл мұралары мен даналығы әлемдік мәдениеттің інжу

маржандары қатарына кіретін, қазіргі кезде де адамзаттың дамуына зор ықпал етіп келе жатыр, келер уақытта да үздіксіз адамзаттың игілігіне қызмет ете беретін құндылық болып табылады. Ибн Сина негізінен әлемге дәрігер және философ ретінде танылғанымен оның басқа да салаларда да көрнекті ғалым ретінде танылғаны белгілі. Исламдағы рухани құндылықтарды Батыс пен Шығыс әлеміне терең танытушы ойшыл Ибн Синаның шәкірті Абу Убейд Джүзджанидің жазған Ибн Синаның өмірі мен шығармашылығы біздің заманымызға ортағасырлық араб оқымыстылары: Ибн ал-Кифти (1172 ж. туған) «Тарих ал-Хукама» («История мудрецов») және Ибн Аби Усейба (1203ж. туған) «Уйун ал-Анба фи Табакат ал-Атибба» (Источники сведений относительно биографии врачей») атты т.б. еңбектер арқылы жеткен [3, 6 б.].

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеудің методологиялық және теориялық негізіне нақты тарихилық, тарихилық пен логикалықтың бірлігі қағидаларын басшылыққа ала отырып, салыстырмалы талдау, герменевтикалық әдістер қолданылды. Зерттеудің ғылыми маңызы аталған мәселелерді тарихи-мәдени тұрғыда ашуда басқа да ғылымдардың жүйелі байланысында саралау басты назарға алынды. Ибн Синаның тарихи санада қалыптасқан ислам әлемі рухани құндылықтарын дамытуға қосқан зор үлесін салыстырмалы-тарихи талдау әдісі арқылы айшықтап, оның көзқарастары мен ғылыми еңбектерінің әлемдік мәдениеттің дамуына терең әсері болғаны көрсетіледі. Сонымен қатар ойшыл идеяларының қазіргі медицина т.б. салаларда әлемдік деңгейде күні бүгінге дейін өзінің маңызын жоймағаны, оның емдеу әдіс-тәсілдерінің Батыс, Шығыс ғылымдарын дамытуға ықпалы мен маңызы талданады.

Ізгілікті өмір құндылықтары

Ибн Сина өзі өмір сүрген тарихи әлеуметтік орта мәдениеті гүлденген ортағасырлық Орталық Азия өлкесі. Оның дүниетанымына ол өмір сүрген уақыт пен кеңістіктің, сол кездегі қоғамдық, әлеуметтік-мәдени ортаның әсері болғаны айқын. Әбу Али әл-Хусейн ибн Абдулла ибн Синаның дүниетанымының қалыптасуына ең алдымен әсер еткен терең рухани құндылық ол Құран негіздеріндегі мұсылмандық білімдер мен Шығыс мәдениеті. Оның әкесі ол туған өлкеде сол кездегі ел басқарушы әмір Абдуллах Нух ибн Мансурдың (976-997) сарайында, мемлекеттік қаржы қызметкері болып өз заманының ауқатты, білімді, мәдениетті, көкірегі ояу адамы болған [3, 6 б.].

Ибн Сина бес жасында отбасымен Бұхара қаласына көшіп келгендіктен, оның өсіп-өркендеуіне оның өмір сүрген әлеуметтік, тарихи-мәдени ортасының әсері зор болды. Ибн Сина өмір сүрген уақыт пен кеңістік ортағасырлық Бұхара қаласы Орта Азияның білім мен мәдениет кең тараған, көп мәдениеттер тоғысып, өзара мәдениет алмасу мен ықпалдастығы орын алған өлкелерінің бірі еді. Бұхара қаласы Орта Азияның Ұлы Жібек Жолымен терең мәдени ошақтарын, сауда қатынасын байланыстыратын өңірлердің бірі болды. Дүниежүзілік өркениеттің дамуына терең әсер еткен Ұлы Жібек Жолы халықтардың бір-бірімен өзара сұхбатының дамуына, сауда мен экономика, өнер, әдебиет, ғылым, мәдениет, архитектура т.б. салаларда терең байланыста болып, бір-бірімен өзара ықпалдастық жасауына үлкен әсер еткені тарихи санадан белгілі [4]. Осы мәдени орта, Құрандағы Алланың жолын ұстанған медресе ұстаздары мен ғалымдардың көзқарастары Ибн Синаның әкесі мен оның отбасына, жас ибн Синаға сол кезде үлкен әсер етті.

Бұхара жерінде оқу-білім мен мәдениет жақсы дамыған, кітаптар шығарылып, кітап саудасы жүргізіліп, Құранды терең білетін хафиздер медреселерде бала оқытып, білім адамдары,

адам емдеудің қыр сырын меңгерген дәрігерлер, әдебиет пен өнер, архитектура т.б. салалардағы мамандар көп болғандықтан сол кездегі ата-аналар балаларын осы Бұхарада оқытуға тырысқан екен [5, 304 б.]. Ибн Сина да осы Бұхарада оқып, алғашқы діни білімді ислам құндылықтары негізінде алып, Құранның қарапайым негіздерінен бастап, кейін Құранды жатқа біліп хафиздік деңгейге жетіп, фикх араб лингвистикасы т.б. салаларын да терең меңгереді. Ибн Сина терең білімді болуына оның әкесінің білім мен Құран негіздеріне деген аса құрметпен қарауы, отбасында берілген тәрбиенің де аса зор әсері болды.

Ибн Синаның үйіне әкесінің зиялы достары, сол кездегі Орта Азиялық білімді адамдар көп келіп, әкесімен әр түрлі тақырыптарды әңгіме дүкен құрады екен. Оның әкесі исламды терең білетін, діни адамдармен араласып, әр елдің әдебиетінен хабары бар кісі екен. Ол жас ибн Синаға ертегі-аңыздардан бастап, басқа елдердің салт-дәстүрлері, философиясы, архитектурасы т.б. туралы әңгімелерді айтып береді екен. Осы құндылықтарды тыңдап, қызығушылық танытқан жас ибн Сина кішкентайынан білімге құмар болған екен. Әкесінің мектебі жас ибн Синаның дүниетанымына терең әсер еткен. Жас Ибн Синаның жаратылыстану ғылымдарына деген қызығушылығы ерекше болған. Ол математика, физика, астрономия, география салаларын, сонымен қатар философия, логика, заң саласынан да көптеген білім алып, бұл салаларды меңгереді. Оның ұстазы Натили өз заманының белгілі білімді, зиялы, мәдениетті адамы болған. Ибн Сина Евклид, Птоломей және антик ойшылдары еңбектерін оқығаннан кейін, оның әсіресе, философия саласында дүниеге көзқарасы кеңейіп, өзіндік ой-пікірлері қалыптасады. Ибн Сина философия, логика т.б. ғылым салаларын жүйелі байланыста меңгеруі, оның ой-санасының терең жетілуіне әсер етеді.

Ибн Синаның дүниетанымы мен ілімдерінің дүниеге келуіне алғашында Орта Азияда шыққан еңбектер, кейін Платон, Аристотель, әл-Фараби, Би-

руни секілді ғұламалардың т.б. әсері болды. Сонымен қатар, Ибн Синаның дүниетанымының қалыптасуына «фило-соф әрі жаратылыстану ғылымдарының озық үлгілі бірлігі ретінде араб мұсылман әлемінде танымал болуына әл-Кинди мен әл-Фараби философиясының тікелей ықпалы болған» [6, 87 б.]. Ол заң негіздері, астрономия, жаратылыстану сияқты көптеген салаларды меңгерген.

Ибн Сина дәрігерлікке қызығушылық танытып, сол кезде медицина туралы білімдерді меңгеріп, жергілікті Бұхара әміршісі Нух ибн Мансурдың сарайында қызмет атқарған. Сарай әміршісінің кітапханасында сол кездегі Орта Азияда шыққан көптеген еңбектермен танысып, көп кітаптар оқып білімін тереңдетеді. Ибн Сина Орта Азияда өсетін шипалы өсімдіктерді зерттейді, бірақ сол кезде елдегі саяси жағдайдың өзгеруіне байланысты ол 20 жасында Хорезмнің Гургенж қаласына қоныс аударуға мәжбүр болады. Бұл жерде ол Маймун академиясында сол кездегі білімдермен танысады. Сол кездегі Хорезмде Орта Азияның астрономия, философия, математика, медицина т.б. ғылым, білім мен мәдениет гүлденген әйгілі ғұламалар Мұхаммед ибн Мұса Хорезми мен Әбу Райхан Бируни шыққан өңір еді. Сол ортағасырларда медицина, емшілік т.б. ғылымдар дамыған. Хорезмде ибн Сина Бируни секілді әйгілі білімді ғұламамен танысып, кейін Бирунимен хат алысып тұрған. Бирунидің қойған сұрақтарына ибн Синаның жауабы кейін оның метафизика, аспан әлемі және физика туралы ғылыми пайымдауларына айналды. Ибн Сина медицинаға терең қызығушылық танытып бірқатар еңбектер жазады. Ол өзінің «Китабуль – канун фит – тыбб» («Дәрігерлік ғылымның ережесі») т.б. әйгілі еңбектерін жазды. Сол кездегі қоғамда орын алған саяси-әлеуметтік, мәдени жағдайлардың қиындығынан ибн Сина бір жерде ұзақ тұрақтап тұра алмай үнемі көшіп-қонып жүруге мәжбүр болған.

Рухани кемелдену

Классикалық ислам философиясының өкілдерінің бірі Ибн Сина логика мен

жаратылыстану салаларын меңгеріп, антик ойшылдары еңбектерімен жан-жақты таныса келіп, ол бірқатар грек авторларының еңбектеріне түсініктеме жазуымен өзінен кейінгі ойшылдарға оның есімі кең танымал болған. Ол Аристотельдің ой-пікірімен танысып, оның идеяларын ислам философиясымен байланыстыра зерделеген. Орыс зерттеушісі А.Ю. Якубовский Ибн Сина өзінің автобиографиясында Аристотельдің «Метафизика» еңбегін түсіну оған өте күрделі болғанын, ол бұл еңбекті 40 рет оқыса да оның мәнісін түсіне алмағанын айтады. Ибн Сина бір күні Бұхара кітап базарында келе жатып, қолжазба кітабын сатушы саудагерге соқтығып қалған. Саудагер ибн Синаға қолжазбаны үш дирхемге сататынын айтқан. Ибн Сина бұл қолжазбаны сатып алып оқығаннан кейін бұл қолжазба әл-Фарабидің «Аристотельдің Метафизикасына жазған комментарий» екеніне көз жеткізіп, қуанышы қойнына сыймайды. Ибн Сина әл-Фарабидің комментарийі ежелгі гректің ұлы философы Аристотельдің «Метафизика» еңбегін түсінуге көзін ашқаны жайында жазған екен. Аристотельдің «Метафизикасын» Ибн Сина әл-Фарабидің «Метафизикаға кіріспе» еңбегі арқылы танып білуі, оның философияда өзіндік ой пікірлерінің қалыптасуына ықпал етеді. Ибн Сина философияда әл-Фараби бағытын жалғасытырғанымен, оның философиясының өзіндік ерекшелігі бар. Ол өз ой пікірін қалыптастырып, араб перипатетизмінің негізін қалайды. Антик ойшылдары пайымдауларын ислам философиясымен астастыра талдай келе, ибн Сина болмыс туралы ілімінде ол материяны мәңгі жаратылыстан тыс құбылыс ретінде қарастырады. Бірақ, ол бұл қағидасын діни көзқарастарымен байланыстыруға мәжбүр болған. Ол Құдайдың бар екендігіне күмән келтірмейді. Оның пайымдауынша, дүние шындықтың мүмкіндігі. Адамның рухын Ибн Сина дененің бейзаттық формасы ретінде қарастырады. Ол денелердің қайта тірілуі мүмкін емес екені жайында пайымдайды.

Әл-Фарабиді ұстаз санаған Ибн Синаның жан туралы пайымдаулары

ғалымдардың пайымдауынша, бүгінгі күні де өз өзектілігін жоймаған [7]. Оның жан туралы ойлары медициналық көзқарастармен сабақтасып кеткен. Ибн Сина да Аристотель секілді жанды рухани құбылыс және материалды емес деп, пайымдайды. Ибн Синаның бірқатар философиялық шығармалары жан проблемасына, оның тәнмен байланысы, өзара ықпалдасуына арналған. Ибн Сина адам жаны мәңгі өшпейтін құбылыс. Ойшылдың пайымдауындағы тән бөлінуге бейім. Ал, жанның аса терең ерекшелігі оның алып күшті иемденуінде, сондай-ақ бұл адамның саналы, ақылды күші. Адамның ақылды-саналы күшін ешнәрсе жойып жібере алмайды. Тән жансыз өмір сүруге қабілетсіз. Ибн Сина жанның өмір сүретіндігінің дәлелдемесі және оны жан ретінде айқындау туралы ойларында ойшыл жан тәннің тағдырын анықтап отыратыны жайында жан-жақты пайымдай келе, ол адам саналы түрде өзін жетілдіріп рухани құндылықтармен сусындап, ақыл-парасатты жан бола алатынын айта келіп, Ибн Сина адам жан дүниесін жетілдірмесе хайуани, бос өмір (растительный) болатыны жайында пайымдайды. Ибн Сина мәнсіз жан, тән бұзылуымен жойылатын болса, ақыл-парасатқа толы жан қандай қиындықтан болса да өтіп, жоғалмайтынын айтады [8].

Ол діни көзқарастарында әлемнің жаратылуының алғашқы себебі Жаратқан Алла екенін ашып көрсеткен. Ибн Сина он сегіз мың ғаламды Жаратушы Алла барлық нәрсенің бастапқы себебі екені туралы ойын дамыта отырып, ғалам оның белгілі тәртібімен қоғалысқа ұшырап, кемеліне келіп, жетілуіне және кемерінен асып төгілуінен қалыптасып, бірегей заңдылықтармен өмір сүретіні жайында пайымдайды. «Алғашқы себеп кемерінен аса отырып, иерархиялық тәртіппен Әлемдік Ақыл-парасатты, Жанды, қозғалыссыз аспан әлемдерін және, ақырында, Ай астындағы, біз өмір сүріп жатқан әлемді тудырады» [9, 89-90 бб.], ибн Сина Жаратушы Құдайды, жаратылған табиғатқа қаршы қоймайтынын, Жаратушы, Құдай алғашқы себеп болып табылатындықтан,

материалдық Әлем Құдайсыз өмір сүре алмайтыны туралы ашып көрсетеді [9, 89-90 бб.].

Ибн Синаның медицина философиясындағы көзқарастары өз алдына бірегейлігімен ерекшеленеді. Ибн Синаға Гален мен Гиппократ еңбектерінің де әсері болды. Бұл саладағы оның негізгі еңбектері «Китаб-аш-Шифа» («Айығу туралы кітап»), «Китаб ан-наджат» («Құтқарылу жайлы трактат»), «Әл-и-Шарат уа ат-танбихат» («Көрсету және түсіну»), «Китабуль-Канун-фит-тыбб» («Дәрігерлік ғылымның ережесі»), «Әл-хикмат әл-машрикият» («Иллюминизм даналығы») әлемдік деңгейде күні бүгінге дейін терең өзекті болып табылады. Ибн Сина адамның денсаулығын сақтау мен нығайту, ауырған сырқат адамды емдеу және оның алдын алудың жолдарын көрсететін 43 трактат жазған екен. Оның дәрігерлікке арналған еңбектерінің де көптеген бөлігі жоғалып кеткені белгілі.

Ибн Синаның шәкірті Джузджани жазған ойшылдың өмірбаянында бірақатар ғалымдардың есімдері аталады. Медицина саласында Батыс, Шығыс елдерінде медицинаны дамытқан ғалымдардың бірі Хунейн ибн Исхак ал-Ибади (ум. в 877 г.), Ал-Ибади т.б. Ибн Сина «Бурхан кітабында» адамдарды «таңдаулылар» мен «қарапайымдарға» бөліп қарап, қоғамды алдыңғы қатарға жетелейтін әлеуметтік мәдени ортаның зиялы тұлғалар,білімді адамдары, яғни «таңдаулылар» жайында ой қозғайды.

Ізгілік және этика туралы

Тарихи сабақтастық арқылы жеткен Ибн Синаның «Этика туралы», «Сауығу кітабы», «Білім кітабы», «Әдептілік қағидасы», «Сыйлық», «Саламан», «Аб-саль», «Юсуф», «Махаббат туралы трактат», «Үй шаруашылығы туралы трактат» т.б. әлеуметтік-этикалық рухани құндылықтарында адамның ізгілікке жетуіне, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал ететін көзқарастары айшықталған.

Әділеттілік арқылы тұлғаның ізгілікке жетуі жайындағы көзқарастарында ибн Сина әділдік, тазалық, пәктік, мырзалық пен сабырлық, төзімділік пен даналық,

кеңпейілділік пен шыншылдық, сенімділік пен ар-ұят, ұстамдылық пен жақсы әдет, асқан ынталылық пен батылдық, әдептілік сияқты тұлғаның асыл қасиеттері жайында жан-жақты айшықталған. Ойшылдың көптеген пайымдаулары әлемдік деңгейде - адамзаттың құнды інжу маржанына айналған мұра болып табылады. Ибн Синаның бұл көзқарастары адамға өмір сүру заңдылықтарын үйретіп, тұлғаның өзін-өзі тануына, өмірден өз орнын табуына терең әсер етеді. Ибн Сина «Этика туралы» трактатында кім өзін-өзі тануға ұмтылса, өзіндегі асыл қасиеттер арқылы ізгілікке жету жолдарын табады, сол қасиеттердің көмегімен адам өзінің жанын тазартқысы келсе, теріс қылықтан өзін тазарту үшін, өзінің кеселдерін танып білуге ұмтылса, онда, ол ең жақсы жүріс-тұрысты таңдап алуды қалайды [10, 164 б.]. Осы арқылы адам екі дүниедегі бақытқа жетуге мүмкіндік тудырады, жетілуден бастау алатын, өз адамгершілігінің шынайы парызын орындай алады [10, 164 б.]. Ибн Сина әділеттілік туралы жазылған «Китаб ал-Инсаф» («Әділеттілікке жету») әділетті қарым-қатынасты айшықтайтын еңбегінде ол Батыс пен Шығыс құндылықтарын байланыстырған пайымдауларын білдіреді. Алайда ибн Синаның әділеттілік туралы жазылған еңбегі бұл жоғалып кеткені белгілі.

Адамның жан дүниесі ғылымдардың жүйелі байланысында өсіп-өркендеп, жан-жақты жетіліп, толысып отырады. Алуан түрлі білімдер адам жан дүниесіне білім нұрын құйып, адамның дамуына, жан-жақты жетілуіне жол ашады. Адамның ізгілікке жетуі жолындағы қызметі батылдық, парасаттылық, даналықпен келеді. Сондықтан адам өзін дамыту жолында тәжірибе жинақтап, өзін жүйелі білімдермен жетілдіріп, толықтырып отыруы керек. Ибн Сина әділеттіліктің алып күш екенін білдіре келіп, ол адамды барлық жаман қылықтардан өзін аулақ ұстауына ізгі әсер ететіні жөнінде пайымдап, ізгілікке жетуде жетілген құндылықтардың жиынтығы қажет екенін көрсетеді. Бұл құндылықтар ең алдымен сабыр, төзімділік, даналық, тазалық-

пәктік, мейірімділік, кешірімділік, қамқоршылық, шыншылдық, достастық, достыққа адалдық, махаббат, басқаға қамқорлық көрсету, ар-ұят, кең пейілділік, уәдеге беріктік секілді асыл қасиеттер. Ойшыл бұл құндылықтардың әрқайсысының ерекше бірегей алып күші бар екенін білдіреді.

Адамның өзін-өзі танып білуі туралы мәселе, антик дәуірінде Сократтың «Өзіңді таны» көзқарасында бейнеленіп, сол көне дәуірден бергі бүгінгі күні де өте өзекті, әрі өткір мәселелердің бірі. Адамның өзін-өзі тануы жеке тұлғаның бұл дүниеден өткенше өзін жаңа қырынан ашып, жетілдіріп, жаңаны тану жолындағы қарбалас жан-жақты еңбекпен келетін құбылыс екені белгілі.

Ибн Сина ізгілікке жетудің бір түрі елді басқару, халыққа төрелік айтып, елге билік жүргізу мәселесі екені жайында пайымдайды. Әділетті ел басқару туралы Батыс, Шығыс елдері ерекшеліктеріне қарай әр елде мемлекетті басқарудың өз мәдениеті қалыптасқаны белгілі. Әл Фарабимен сабақтастықта дамытқан Ибн Синаның терең назар аударған мәселелерінің бірі әлеуметтік мәдени ортадағы қоғамдық құндылықтарды орнықтырып, мемлекетті әділетті басқару мәдениеті. Ибн Сина мемлекетті басқаратын адам қандай болуы керек? дейтін сауалдың төңірегінде соны пайымдауларын жасаған. Ибн Синаның пайымдауындағы мемлекетті басқаратын адамға қойылатын басты талап, ол ең алдымен әділеттілік пен адамгершілік қасиеттерден басталады. Ибн Синаның этикалық көзқарастарында сый-құрметтің басы отбасында ата-анаға деген құрметтен басталатыны жайында айтып, ол адамның мемлекетке деген қатынасы оның өз отбасына, ата-анасына деген үлкен құрметпен сыйластықтан бастау алатыны туралы ой түйіндейді.

Ибн Синаның пайымдауынша әділеттілік бұл адамдық күштердің ізгілікке қарама-қарсы келетін кеселді қылықтарға тойтарыс беретін құндылық, әділеттілік бұл қандай да теріс іс-әрекетті тоқтатып, орнықты қоғам заңдылықтарын қалыптастырушы механизмі. Әділетті мемлекет басшысы туралы ибн Синаның елді басқару

тұжырымдарында елді басқаратын адамның басты күші оның арнаулы ғылымдардың көмегімен алынған жан-жақты жүйелі білім кезінде, бұл білімдер оның жан дүниесін байытып, оның басты күшіне айналады. Бұл арнаулы білім көздері мен тәжірибе арқылы келеді. Ойшыл мемлекетті басқаратын адамға үлкен талап қояды. Мемлекет басшысы алдымен өзінің шекараларына байыптап қарасын. Ойшылдың дүниетанымындағы мемлекетті басқаратын адамның өзін басқару мәдениеті, оның жан дүниесінің тазалығы, жан-жақты жүйелі білімді меңгеруі арқылы кемелділікке жетсе, бұл құндылықтар оны екі дүниеде де бақытқа жетуге ықпал ететіні жайында пайымдайды. Ойшыл елді қиын сын қатерден алып шығатын адамның бойында өзіне сын көзбен қарау, өзгелерге құрмет көрсету, өзін қадағалап теріс қылықтан алыс болу т. б. әдептіліктің жолдарын ашып көрсетеді.

Ибн Синаның бұл көзқарастары әл Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары», «Бақытқа жету» секілді шығармаларымен астасып жатқанын байқаймыз. Дегенмен, Синаның «идеалды тұлға» теориясының өзіндік ерекшеліктері бар. Оның бұл пайымдаулары «Этика туралы ғылым», «Абырой және күнә», сонымен қатар, «Сауығу кітабындағы» кейбір үзінділерден байқалады. Ибн Сина басшы болатын адам ізгілікке жетуде өз жан дүниесінен төрт негізгі ізгі қасиетті таба алған адам басшы бола алатыны жөнінде пайымдайды. Бұл қасиеттер абырой, батылдық, даналық және әділеттілік. Мұндай асыл қасиеттерді қандай адам бойына сіңіре алады? Өзін теріс қылықтардан дер кезінде тыйып, адал, абыройлы, сабырсыздықтан ада адам батыл бола алады. Ал, даналыққа жету үшін не істеу керек? Ойшылдың пайымдауындағы бұл құндылыққа жеткізетін тек жүйелі жан-жақты білім мен рухани құндылықтарды меңгеру, үнемі өзін жетілдіру, жақсы қасиеттерді меңгеру, жақсы әдепке тәрбиелеу. Әділ болу үшін, осы аталған күштерді бойына жүйелі қалыптастырып, оны орнықтыруға өзін тәрбиелеу керек. Ибн Синаның адам бойындағы асыл қасиеттерді қалыптастыруда абы-

рой, жомарттық, сараңдық ұстамдылық, үнемшілік, ысырапшылыққа жол бермеу т.б. қасиеттерді ашып көрсетеді.

Ибн Синаның бұл ойлары қазақ ойшылдары Абай мен Ы. Алтынсарин пайымдауларымен сабақтасып жатқанының куәсі боламыз. Мәселен, Ы. Алтынсарин «Шариятул-Ислам» еңбегінде иманның шарттарын жан-жақты ашып көрсетіп, аят пен хадисте адамның жақсы мінез-құлықты 78 жетпіс сегіз, бұлардан шығатын түп асылы 7, ал адамдағы жаман мінез-құлық 60, бұдан да білдірілген жаманы 7 екенін айтады [11, 51 б.]. Сонда осы жақсы әдепті үйреніп, жаманнан жиреніп өмір сүре алса адам ізгілікке жететіні жайында пайымдайды ойшыл. Сонымен қатар Ы. Алтынсарин дүниеде таза мінезбен қайырлы іс істесеңіз, жиған жақсылығыңыз сол, жасыңнан көркем мінезді әдет етіп, әдептілік, ғылым-білім, туралықпен жүрген кісіге Құдай тағаланың лұқсат еткен кәсібі мол екенін айта келіп, Ы. Алтынсарин оқу, ғылым һәм өнер үйрену, егін егіп, мал бағу, өнерге күшіңді салып адал ниетпен мал табу, барға қанағат ету, адамды жасынан еңбекке баулу т.б. әртүрлі тәрбие беру керектігі жөнінде айтады [11, 57 б.]. Ойшыл, ағартушы Ы. Алтынсарин адам білімге құмартып, адал еңбекпен мал табу керектігіне тоқталады. Ы. Алтынсарин адам адал еңбегімен, еңбексүйгіштігімен керікті екенін, әрі адам өз еңбегімен алуан түрлі рухани құндылықты жасай жүріп, әділетті қоғамның мәдени әлеуетін арттыра алатынын және сонымен бірге адамның өзі де жетіле түсетінін, әр нәрсенің қырсырын, парқын айырып тани алатынын ашып көрсетеді. Міне бұл көқарастар Ибн Сина пайымдауларымен астасып, сабақтасып жатыр.

Қорытынды

Шығыстың ғұлама энциклопедист ғалымы Әбу Әли Ибн Сина әлемдік ғылым мен мәдениеттің дамуына ұшы қиырсыз үлес қосты. Тарихи сабақтастық арқылы жеткен оның ғылыми еңбектері мен оның философиялық, әлеуметтік-этикалық т.б. көзқарастары адамзаттың дамуына терең әсер етті. Оның негізгі

еңбектері қатарына кіретін «Логика», «Метафизика», «Риторика» («Шешендік») т.б. жаратылыстану, әдебиет, лингвистика, құық т.б. салалардағы еңбектерінің маңызы зор. Оның қазіргі кезге дейін белгілі барлық шығармалары әлем тілдеріне көп рет аударылып, оның еңбектері бүгінгі күні адамзаттың игілігіне қолданылуда. Оның әсіресе, медицина, этика т.б. саласындағы еңбектері әлемдік мәдениеттің алтын жаухарына айналған. Ибн Сина өзінің еңбектерін негізінен араб тілінде, кейбір шағын еңбектерін тәжік тілінде жазған екен. Оның көпшілік еңбектері араб тілінде сақталған, өйткені сол кезде әдеби тіл араб тілі болған. Ғұламаның бұл еңбектері латын, ағылшын т.б. әлем тілдеріне аударылған. Ибн Синаның ақиқатты іздеу жолындағы идеялары адамды ізгілік пен кемелділікке жеткізіп, адамның жан жақты жетілуіне, рухани адамгершілік принциптерін қалыптастыруға ықпал етеді. Оның «Анатомия мен физиологияға кіріпе», «Дәрігерлік ғылымның каноны» т.б. медицина саласындағы еңбектерінің бүгінгі медицина саласында кең қолданыста.

Ибн Сина қазіргі медицинада кең қолданылатын жаңа теорияларды сол ортағасырларда жүйелеп, адамды емдеудің жаңа жолдарын танып білу, өлімнің түйінін анықтау, аурудың алдын алу, ауруды жеңіп шығу, адам өмірін жеңілдету т.б. жаңа көзқарастарды қалыптастырудағы еңбегі оның есімін дүниежүзіліне әйгілі етті. Адамның ізгілікке жетуінде ибн Сина көзқарастары маңызды болып табылатындықтан, ойшылдың еңбектеріне деген қызығушылық күннен күнге артып, үлкен қажеттілік туғызып отырғандықтан ибн Синаның, әсіресе, адамға ақыл-кеңес беретін этикалық шығармалары кең таралуы керек деп ойлаймыз.

Қаржыландыру

Мақала BR 20280977 «Қазіргі жаһандық өзгерістер жағдайындағы әділеттілік мазмұнына және оны қазақстандық қоғамды іске асырудағы заманауи концептуалды тәсілдер» ғылыми бағдарламасы аясында орындалды.

Әдебиеттер

1 Каипов А. Ибн Сина мың жылдық тәжірибесі бар дәрігер // *Ислам*. - № 6. 30 тамыз 2009.

2 Есім Ф. Фәлсафа тарихы. - Алматы, 2000. - 278 б.

3 Ибн Сина. Материалы научной сессий Академии наук УзССР, посвященной 1000-летнему юбилею ибн Сины. - Ташкент: Изд.АН УССР, 1953. - 78 б.

4 Байпақов К.М., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. - Алматы: Қазақстан, 1992. - 208 б.

5 Жимахан Ж., Рамазанова А. Ибн Сина этикалық көзқарастарының қалыптасуының алғышарттары // «Ұлы даланың жеті қыры және қазақ философиясының өзекті мәселелері» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Алматы: Қазақ университеті, 2019. - 512 б.

6 Алтаев Ж., Есім Ф., Ғабитов Т., Байтенова Н. Ғылым тарихы мен философиясы. - 2006. - 416 б.

7 Әл-Фараби мен Ибн Сина философиясы «Жан жайындағы кітап». Әлемдік философиялық мұра. Том 4. - Алматы: Жазушы, 2005. - 327-389 бб.

8 Ибн Сина. Этика // *Избранное в 2-х томах*. - Душанбе-Ашгабад, 2003.

9 Артемьев А. Мырзалы С. Ғылым тарихы мен философиясы. - Алматы: Бастау, 2013. - 432 б.

10 Абуали ибн Сина. *Избранное. «Трактат об этике»*. Том 2. Ред: М. Диноршоев Т. Мардонни, Г. Голамхосейнзаде. - Туркменистан, 2003 г.

11 Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы. Шариат-уль-ислам. - Алматы: ТПО «Қаламгер», 1991. - 80 б.

Transliteration

1 Kaipov A. Ibn Sina myn zhyldyq tashiribesi bar dariger [Ibn Sina is a doctor with a thousand years of experience] // *Islam*. - № 6. 30 тамыз 2009. [in Kaz]

2 Esim G. Falsafa tarihy [History of philosophy]. - Almaty, 2000. - 278 b. [in Kaz]

3 Ibn Sina [Ibn Sina]. Materialy nauchnoy sessij Akademii nauk UzSSR, posvyashchennoj 1000-letnemu yubileyu ibn Siny. - Tashkent: Izd. AN USSR, 1953. - 78 b. [in Russ]

4 Bajpaqov K.M., Nurzhanov A. Uly Zhibek zholy zhane ortagasyrlyq Qazaqstan [The Great Silk Road and medieval Kazakhstan]. - Almaty: Qazaqstan, 1992. - 208 b. [in Kaz]

5 Zhimahan ZH., Ramazanova A. Ibn Sina etikalyq kozqarastyrynyn qalyptasuynyn algysharttary [Prerequisites for the formation of Ibn Sina's ethical views] // «Uly dalanyн zheti qyry zhane qazaq filosofiyasynyn ozekti maseleleri» Halyqaralyq gylmi-praktikalyq konferenciya materialdary. - Almaty: Qazaq

universiteti, 2019. – 512 b. [in Kaz]

6 Altaev Zh., Esim G., Gabitov T., Bajtenova N. Gylym tarihy men filosofiyasy [History and philosophy of science]. - 2006. – 416 b. [in Kaz]

7 Al-Farabi men Ibn Sina filosofiyasy «Zhan zhajyndagy kitap» [Philosophy of Al Farabi and Ibn Sina "The Book of the Soul"]. Alemdik filosofiyalyq mura. Tom 4. - Almaty: Zhazushy, 2005. - 327-389 bb. [in Kaz]

8 Ibn Sina. Etika [Ethics] // Izbrannoe v 2-h

tomah. - Dushanbe–Ashgabad, 2003. [in Russ]

9 Artem'ev A. Myrzaly S. Gylym tarihy men filosofiyasy [History and philosophy of science]. - Almaty: Bastau, 2013. – 432 b. [in Kaz]

10 Abuali ibn Sina. Izbrannoe. «Traktat ob etike» [Selected. "Treatise on Ethics"]. Tom 2. - Turkmenistan, 2003. [in Russ]

11 Altynsarin Y. Musylmanshylyqtyn tutqasy [The handle of Islam]. Shariat-ul'-islam. - Almaty, TPO «Qalamger», 1991. – 80 b. [in Kaz]

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

- Омарова Гүлнар Сейіткәрімқызы* жетекші ғылыми қызметкер, философия ғылымдарының кандидаты, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, e-mail: fsd.philosophy@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-19913-567X
- Қоңырбаева Күлсия Мағражқызы* жетекші ғылыми қызметкер, философия ғылымдарының кандидаты, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, e-mail: konyrbaeva56@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-2073-9999
- Гүлнар Игенбайқызы Нүсіпова* жетекші ғылыми қызметкер, PhD, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, e-mail: gnussipova@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-4570-0484
- Гүлнар Сеитқаримовна Омарова* ведущий научный сотрудник, кандидат философских наук, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, e-mail: fsd.philosophy@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-19913-567X
- Күлсия Мағражовна Қоңырбаева* ведущий научный сотрудник, кандидат философских наук, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, e-mail: konyrbaeva56@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-2073-9999
- Гүлнара Игенбаевна Нусипова* ведущий научный сотрудник, PhD, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, e-mail: gnussipova@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-4570-0484
- Omarova Gulnar* Leading Researcher, Candidate of Philosophical Sciences, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, e-mail: fsd.philosophy@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-19913-567X
- Konyrbayeva Kulsia* Leading Researcher, Candidate of Philosophical Sciences, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, e-mail: konyrbaeva56@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-2073-9999
- Gulnara Nussipova* Leading Researcher, PhD, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, e-mail: gnussipova@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-4570-0484

ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ РУХАНИ ЖАЛҒАСТЫҚ: А. ҚҰНАНБАЕВ ЖӘНЕ С. ТОРАЙҒЫРОВ

Р.Е. Джуншеев, Г.К. Мусабекова

АҢДАТПА

Мақалада қазақ ағартушылық ілімдерінің қалыптасуының кейбір ерекше факторлары мен бастаулары талданған. Авторлар XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ ағартушылығының қалыптасу ерекшеліктері мен заңдылықтарын анықтай отыра, оның орыс және еуропалық ағартушылығымен идеялық байланысын көрсетеді.

Қазақ ағартушылығының эволюциясы мен одан әрі дамуы дала қоғамдық өмірінде болып жатқан өзгерістер аясында қарастырылады, оның XX ғасырдың басындағы кейбір сипатты белгілері атап өтіледі.

Авторлар Қазақстанның ағартушылық философиясының негізгі әлеуметтік және жалпы философиялық мәселелерінің шеңберін айқындай отырып, негізгі ағартушылық мәселелердің бірі-қоғамдық прогресс мәселесі мысалында, оны қазақ ағартушылығының дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі сараптау ерекшеліктерін анықтауға талпынады.

Қазақ ағартушылығының дамуындағы рухани сабақтастықты А. Құнанбаев және С. Торайғыров шығармашылықтары арқылы қарастырады. Қазақ ойшылдарының орыс халқының озық мәдениеті мен әлеуметтік практикасына, ал ол арқылы Батыс Еуропа мәдениетіне көз тігіуіне алып келген шешуші фактор, біздің ойымызша, сол кездегі «негізгі тенденция» – озық орыс капиталистік шындығы мен артта қалған жергілікті патриархалдық-феодалдық қоғамның болмысы арасындағы қайшылық, қайшылықтың бірегей нысаны ретінде және бұл қайшылықты дәстүрлі қазақ қоғамын прогрессивті даму жолымен өзгерту арқылы шешу қажеттілігі болды.

Түйін сөздер: қазақ ағартушылығы, орыс ағартушылығы, еуропалық ағартушылық, философия, қоғамдық прогресс, А. Құнанбаев, С. Торайғыров.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Г.К. Мусабекова,
mgm_7@mail.ru

Мақаланың сілтемесі:
Джуншеев Р.Е.,
Мусабекова Г.К.
Қазақ ағартушыларының
қалыптасуы және оның
дамуындағы рухани
жалғастық: А. Құнанбаев
және С. Торайғыров
// Адам әлемі. – 2024.
– № 2 (100). – Б. 30-39.

Становление казахского просвещения и духовное продолжение его развития: А. Кунанбаев и С. Торайгыров

Аннотация. В статье анализируются некоторые особенности и истоки становления казахского просветительского учения. Авторы, определяя особенности и закономерности формирования казахского просвещения второй половины XIX века, указывают на его идейную связь с русским и Европейским просвещением.

Эволюция и дальнейшее развитие казахского просвещения рассматривается в свете изменений, происходящих в общественной жизни степи, и отмечаются некоторые его характерные особенности в начале XX века.

Определяя круга основных социальных и общепросветительских проблем философии просвещения Казахстана, авторы пытаются на примере одной из главных проблем просвещения - проблем общественного прогресса определить особенности ее анализа на разных этапах

развития казахского просвещения. Духовная преемственность в развитии казахского просвещения рассматривается через творчество А. Кунанбаева и С. Торайгырова.

Духовная преемственность в развитии казахского просвещения рассматривается через творчество А. Кунанбаева и С. Торайгырова. Решающим фактором, приведшим казахских мыслителей к передовой культуре и социальной практике русского народа, а через нее и к западноевропейской культуре, на наш взгляд, является «основная тенденция» того времени – противоречие между передовой русской капиталистической реальностью и существованием отсталого местного патриархально-феодалного общества, как своеобразная форма противоречия и прогрессивное развитие этого противоречивого традиционного казахского общества была необходимостью решения путем изменения пути.

Ключевые слова: казахское просвещение, русское просвещение, европейское просвещение, философия, А. Кунанбаев, С. Торайгыров

Formation of the Kazakh Enlightenment and Spiritual Continuation in its Development: A. Kunanbayev and S. Toraighyrov

Abstract. The article analyzes some of the features and origins of the formation of the Kazakh educational teaching. The authors, defining the features and patterns of formation of the Kazakh enlightenment of the second half of the XIX century, point to its ideological connection with the Russian and European Enlightenment.

The evolution and further development of the Kazakh enlightenment is considered in the light of the changes taking place in the social life of the steppe, and some of its characteristic features at the beginning of the XX century are noted.

Defining the range of the main social and general philosophical problems of the philosophy of enlightenment in Kazakhstan, the authors try to use the example of one of the main problems of enlightenment - the problems of social progress to determine the features of its analysis at different stages of the development of the Kazakh enlightenment. The spiritual continuity in the development of the Kazakh enlightenment is considered through the work of A. Kunanbayev and S. Toraighyrov.

Spiritual continuity in the development of the Kazakh enlightenment is considered through the works of A. Kunanbayev and S. Toraighyrov. The decisive factor that prompted Kazakh thinkers to turn their eyes to the advanced culture and social experience of the Russian people, and thus to the culture of Western Europe, was, in our opinion, the «main trend» of that time - the confrontation between the developed Russian capitalist reality and the realities of the backward local patriarchal-feudal society, as a unique object of our time.

Key words: Kazakh Enlightenment, Russian Enlightenment, European Enlightenment, Philosophy, A. Kunanbayev, S. Toraighyrov.

Кіріспе

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында қоғамдық ойдың жаңа бағыты – ағартушылық ілімдері дүниеге келді. Қазақ ағартушылығының қалыптасуы табиғи және заңды құбылыс болды, ол жергілікті қоғамның өзекті қажеттіліктерінен туындады.

«Философия тек дәуірді ғана көрсетпейді, - дейді академик Т.И. Ойзерман, – ол сонымен бірге оның дамуының негізгі тенденцияларын, яғни өте ұзақ уақыт бойы болып жатқан тарихи процестерді білдіреді» [1, 236 б.]. Ағартушылықтың қалыптасуы мен дамуына себеп болған мұндай тенденция буржуазиялық жаңа және феодалдық ескі арасындағы айқын қайшылықта көрінеді. Мұндай қайшылықтың элементтері сол кезде қазақ болмысында байқала бастаған,

бірақ ол өзінің дамымағандығы мен жетілмегендігіне байланысты ағартушылықтың қалыптасуына түрткі бола алмады. Бұл қайшылық сонымен қатар сыртқы ықпалдың нәтижесі ретінде көрінді, ол Қазақстанның Ресейге қосылуы барысында және одан кейін пайда болды. Сондықтан қолданыстағы әлеуметтік қатынастарға енген және оған қайшы келетін капиталистік қатынастардың элементтерін осы шындық үшін маңызды емес сыртқы нәрсе ретінде қабылдануы мүмкін еді.

Алдыңғы қатарлы ойшылдардың белгілі бір мәселелерге деген қызығушылығы, ең алдымен, әлеуметтік тұрғыдан анықталатындығы анық. Экономикалық және мәдени байланыстардың кеңеюінің арқасында Қазақстанның әлеуметтік-философиялық ойы орыс және еуропалық

ағартушылық идеяларының жемісті әсерін сезіне бастады, бұл, аймақта ағартушылықтың пайда болу үрдісін жеделдетті. Біздің ойымызша, орыс демократиялық дәстүрінің «анықтаушы» мәні, оның қазақ қоғамдық ойына ондағы ағартушылық бағыттың қалыптасуына ықпал етуі болып табылады.

Егер біз XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ шындығын Ресейден оқшаулап қарастыратын болсақ, Қазақстанда ағартушылық идеологияның пайда болуын түсіну қиын болар еді. Әкімшілік, экономикалық және әлеуметтік-саяси тұрғыдан алғанда қазақ даласы барған сайын Ресей империясының құрамдас бөлігіне айнала бастады. Қазақтың қоғамдық ойының алдыңғы қатарлы өкілдерінің осы біртұтастықты түсіну, осындағы негізгі қайшылықты – қазақ даласындағы патриархалдық-феодалдық шындықты сол замандағы озық Ресей шындығымен салыстыра қарастыруына әкелді. «Сондықтан... Қазақстанның біртіндеп Ресей империясының бір бөлігіне айналу үдерісіндегі болмысын ескермейінше, оны (қазақ ағартушылығын) түсіну мүмкін емес» - деп көрсетті О.А. Сегізбаев [3,155 б.].

Әдіснамасы

«Егемен Қазақстанның қазіргі заманғы тарихи дамуы және бүкіл әлемді қамтыған жаһандану үдерістері зерттеушілер алдына жаңа міндеттер қойып отыр: әртүрлі халықтар ілімдерінің өзара байланысы мен өзара ықпалын қарастыру, оның контекстінде әрбір ұлттық ағартушылық ілімнің жалпы және ерекше белгілерін анықтау» [2, 36 б.]. Осы міндеттер аясында тақырыпты зерттеу кешенді қарастыруға және жүйелік-проблемалық саралауға негізделген. Сонымен қатар, тарих-салыстыру әдісі біздің зерттеуімізде негізгі әдіс ретінде қолданылды.

Мақалада, қазақ даласында ағартушылықтың пайда болуының өзіндік тұжырымдамасы негізделеді және оның идеялық-теориялық мазмұнына жаңа түсінік беріледі, бұл жергілікті ағартушылықты бір жағынан, жалпы ағартушылық қозғалысының құрамдас

бөлігі ретінде, екінші жағынан, оның қалыптасуының тарихи жағдайларының ерекшелігін қатаң ескере отырып, яғни қазақ ағартушылығының жалпы және ерекше белгілерін талдаудың арқасында мүмкін болды.

XX ғасырдың басындағы ағартушылық XIX ғасырдың екінші жартысындағы ағартушылықтың алға қойған мәселелерінің одан әрі дамуы тұрғысынан қарастырылған, бұл қазақ ағартушылығының әртүрлі кезеңдері арасындағы генетикалық байланыс пен сабақтастықты көрсетеді.

Негізгі бөлім

Қоғамда маңызды әлеуметтік ілгерілеу мен өзгерістер қажеттілігі туындаған кезде, басқа халықтармен, олардың озық қоғамдық тәжірибесімен идеологиялық байланыс орнатуға және осы негізде қоғамдық ғылымды одан әрі дамытуға баса назар аударыла бастайды. Артта қалған елдердің қоғамның прогрессивті топтары алдыңғы қатарлы елдердің жалпы прогрессивті идеяларын, артта қалған ұлттық тәжірибені өзгертудің тиімді факторына айналатын идеяларды қабылдайды.

Бірақ қазақ ойшылдары қабылдаған басқа халықтардың озық идеялары соңғысының дәл қайталануы бола алмайтынын есте ұстаған жөн. Олар дәуірдің, әлеуметтік – экономикалық қатынастардың, ұлттық мәдениеттің ерекшеліктеріне сәйкес сөзсіз өзгеруге ұшырайды.

Өз уақытын болжайтын идеологиялық сипаттағы белгілі бір прогрессивті дәстүрлер қазақ қоғамдық ойының даму тарихының өзінде де болған. Қазақ халқының рухани мәдениетіндегі демократиялық прогрессивті дәстүрлердің сабақтастығын О.А. Сегізбаев «Традиции свободомыслия и атеизма в духовной культуре казахского народа» кітабында жақсы сипаттаған. Онда қазақ ағартушыларының еркін ойлауының терең халықтық тамыры дәлелденген. «Қоғамдық санадағы дәстүрлер, - деп жазады ол, бұл ұрпақтың нақты өмірлік процесінің әсерінен пайда болғанымен, адамдардың жаңа ұрпақтарына әсер етуді жалғастырады, олар оны қабылдайды, да-

мытады және байытады және өз мүдделері үшін күресте қолданады» [4, 16 б.].

Шығыс рухани мәдениетінің де осындай ықпалы бар екенін айта кеткен жөн. Атап айтқанда, Шығыс мәдениетінің қайшылықтарының бірі – үстемдік етуші діни идеология мен дамып келе жатқан ғылым мен философия арасындағы қайшылық болды. «Бұл қайшылық ортағасырлық араб тілді әлемде «білім» сөзін екіұшты түсінуде ерекше көрінеді. Ислам теологтары «білімді» Құранға сеніммен теңестірсе, философтар «білім» арқылы дүниені ұтымды түсінуді меңзеген» [5, 75 б.]. Осы қайшылықтың әсерінен ғана сенім мен ақылдың қарама-қарсылығына негізделген қазақ ағартушыларының жалпы философиялық көзқарастарының өзіндік ерекшелігін түсіндіруге болады. Ол қазақ ағартушылығының этикалық-әлеуметтік концепциясына да өз ізін қалдырды.

Ағартушылық дүниетанымның қалыптасу үдерісіндегі үш қайнар көздің әрқайсысының нақты орны мен маңызы зерттеу әдебиеттерімізде жеткі-лікті түрде анықталмаған. Егер бұл процесте, біздің ойымызша, халық ауыз әдебиеті мен Шығыс рухани мәдениеті ұқсас мағынаға ие болса, онда орыс демократиялық мәдениетінің орны ерекше. Егер алғашқы екі дереккөз ағартушылық дүниетанымның пайда болу мүмкіндігін тудырса, онда соңғысы бұл мүмкіндікті шындыққа айналдырды. Дәл осы мағынада ғана қазақ ағартушыларының дүниетанымын қалыптастырудағы орыс демократиялық дәстүрінің «айқындаушы» мәні туралы айтуға болады.

Бірақ бұл ешбір жағдайда бұл мәдениеттерді игеру белгілі бір реттілікпен өтті деген ойды тудырмауы керек. Бұл формуланың схемалық сипатына есеп бере отыра, ол қайнар көздерінің әрқайсысының қазақ ағартушылығын қалыптастырудағы орнын нақты көрсету қажеттілігімен негізделгенін айтамыз.

Осы аспектіде ХХ ғасыр басындағы қазақ ағартушылығының ерекшелігін айта кеткен жөн. Ағартушылық дәстүр қазақ болмысының өзінде болды, ол қазақ қоғамдық ойының маңызды ерекшелігіне айналды. ХХ ғасырдың

басындағы қазақ ағартушылығы осы дәстүрдің басым әсерінен қалыптасып, Ресей мен Батыстың озық рухани мәдениетіне көз тігуді тоқтатпайды. Шығармашылық қабылдаудың негізі ХХ ғасырдың басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларынан туындаған жаңа әлеуметтік қажеттіліктер болды. Атап айтқанда, отаршылдық езгінің күшеюі, әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуі қазақ ағартушылығындағы гуманизм, демократия идеяларын нығайтуына және қоғамды прогрестік жолмен өзгерту идеясының одан әрі дамуына серпін берді.

Осыған орай, ішкі ұйымы үш деңгейдің – қоғамдық – саяси, әлеуметтік-этикалық және жалпы философиялық қатынастар тұрғысынан ұсынылған қазақ ағартушылығының құрылымдық моделін ұсынамыз. Әрбір деңгей үшін негізгі дүниетанымдық мәселелер сәйкесінше: ағартушылық мәселесі және аграрлық мәселе, адам және қоғамдық прогресс мәселесі, діни дүниетанымға деген қатынас мәселесі және таным мәселесі.

Қазіргі өркениеттің жемісін көріп, артта қалушылық пен надандықты еңсеріп, өз халқын білімді және бақуатты көруге деген ұмтылыс қазақ ағартушыларын қоғамдық прогресті басты мәселелерінің бірі ретінде қарастыруына әкелді. «Осы философиялық мәселелерді оңды шешуге ұмтылған ойшылдарға келетін болсақ, олар түптеп келгенде әлеуметтік мәселелерді түбегейлі шешу қажеттілігін түсінеді» [1,53 б.], - деп жазды Т.И. Ойзерман адамның табиғаты, адам өмірінің мәні, оның бостандығы туралы мәселелерді шешуге ұмтылу арқылы «қоғамдық өмірді ұтымды қайта құру» мәселесінің пайда болуының табиғи шарттылығына қатысты.

А. Құнанбаевтың шығармаларында қазақтардың өмірін жаңартудың өзіндік «бағдарламасы» негізделген. Бұл мәселені шешуге ол этикалық мәселелерді қарастыру арқылы келеді. Оның түсінігінде адамгершілікті орнықтыру көшпелі мәдениеттің өмірі мен әдет-ғұрпын өзгертудің жаһандық міндеті болды. Бұл «бағдарламаның» моральдық жағынан басқа екі аспектісі

де болды: саяси және экономикалық.

XIX және XX ғасырлардағы әлеуметтік-саяси көзқарастарға үлкен әсер еткен француз ағартушыларының «ағартушылық абсолютизм» тұжырымдамасы қазақ ағартушыларының шығармашылығында да ерекше көрініс тапты. Ағартушылардың бұл тұжырымдамаға келуі кездейсоқ емес, оның өзіндік заңдылықтары бар. Осыған байланысты Т.Б. Длугач: «бұл концепцияның пайда болуы ағартушылық дүниетанымның бүкіл контекстіне, ақыл-ойдың күші туралы ойлардың қалыптасуына және адам өмірінің барлық құбылыстарын тек парасат негізінде қарастыруға байланысты екенін атап өтеді. ...Бір нәрсенің өмір сүру құқығы дәлелденгенге дейін бәрі ақыл-ой сотына ұсынылуы керек» [6, 31 б.]. Әрине, билік өзінің құндылығын дәлелдеу үшін ақылға қонымды болуы керек, «бұл оған білімділікті талап етуді білдіреді».

«Ағартушы монарх» идеясы жалпы ағартушылық идея болып табылады, оны қазақ ойшылдарының батыс және орыс ағартушыларынан шығармашылық жолмен қабылдауы күмән тудырмайды. Саяси тұрғыдан Абай Құнанбаев «білімді болыстың» қажеттілігін негіздеді. Болыстың басында білімді болыстық басқарушы, орысша білім алған адам тұруы керек. «Қара сөздердің» үшінші сөзінде Абай қазақтар арасындағы басқарудың қазіргі жүйесіне және қазіргі болыс билеушілерінің әдет-ғұрыптарына жан-жақты сын айтады. Ол «болыс болғандар өзі қулық, арамдықпен болыстыққа жеткен соң, момынды қадірлемейді, өзіндей арам, қуларды қадірлейді, өзіме дос болып, жәрдемі тиеді деп, егер қас болса, бір түрлі өзіме де зарар жасауға қолынан келеді деп» [7, 30 б.] жазады.

Бұл жағдайдың «негізгі себебі» неде? Ол – сайланған билеушілердің надандығында, Абай олардың жеке басының мүддесін жалпы мүддемен ұштастыра алмауында, баршаның игілігі үшін, халықтың бақыты үшін билік жүргізе алмауында деп есептейді. Тек өз мүддесін, өз жағдайын ойлап, халықтың шынайы мұң-мұқтажын ойлануға орын қалмаған күйзеліс пен уайымдар – әділетсіз билеушілерді ту-

дыратын түпкі себеп: «Үш жылға болыс сайланады, - деп жазды Абай. Әуелгі жылы: «Сені біз сайламадық па?» деп елдің бұлданғандығымен өтеді. Екінші жылы кандидатпен аңдысып күні өтеді. Үшінші жылы сайлауға жақындап қалып, тағы болыс болып қалуға болар ма екен деп күні өтеді. Енді несі қалды?» [7, 30 б.]. Абайдың пікірінше, мұндай басқару халықтың адамгершілік жолымен дамуына, қоғамда азаматтық ізгі қасиеттердің орнығуына кедергі болып табылады.

Ағартушының пікірінше: «Халықтың болыстыққа сайлаймын деген кісісі пәлен қадірлі орысша образование алған кісі болсын». Заманауи білімі бар адамдардан болыс билеушілерін сайлау немесе тағайындау басқа нәтижелерге әкеледі: «...бұл халыққа бек пайдалы болар еді» [7, 30-31 бб.]. Ізгілік туралы біліммен байытылған адам ғана озбырлықты жойып, басқаруды халықтың мүддесі мен әлеуметтік өзгерістердің қажеттілігіне сай атқара алады.

«Білімді болысқа» деген сенім қазақ ағартушыларына тән ағартушылық пен білімнің әлеуметтік дамудағы ерекше, шешуші рөліне деген сенімге негізделді. Олардың тұжырымдамасына сәйкес, білімді билеуші білім мен әділ тәртіптің кең таралуының кепілі болып табылады. Абай халықтың мүддесі үшін қоғамдық өмірді өзгертуге ұмтылған білімді билеушінің билігін идеализациялады. Абай қоғам өмірін халық мүддесі үшін өзгертуге ұмтылған білімді билеушінің билігін идеализациялады.

Ағартушылар қазақтар тек надандық, адасушылықтың салдарынан өз дамуында артта қалып, озбырлыққа, әлеуметтік әділетсіздікке шыдады деп сенді. Оларға адамдар арасындағы әділдік пен ізгілікке негізделген қарым-қатынастың артықшылығын біліп, ақиқатты ұғынған қазақ адасудан арылып, ақыл-парасаттың талабына сай қоғам құратындай көрінді. Ағартушылардағы ақыл-ойдың құдіретті күшіне деген сенімінің күшті болғаны соншалықты, бұл мәселеге байланысты біліммен қарулана отыра, қоғамды өзгерте алатын билеуші идеалына әкелді.

«Сонымен, қазақ ағартушыларына қоғамды, оның қозғаушы күштерін идеалистік тұрғыдан түсіну тән. Бірақ

қазақ ағартушыларының ешқайсысынан да бұл түсініктің біртұтас концепцияға айналмағанын айта кеткен жөн. Ол әлеуметтік өмірді дәйекті және саналы түрде түсіндіретін негізгі қағида ретінде емес, тек олардың ойларының тенденциясы (әрине, маңызды) ретінде көрінеді. Қазақ ағартушылары адамның қоғамдық ойы мүдделермен анықталатынын жиі және табанды түрде айтып отырған.

Қоғамдық өмірді объективті түрде қарастыруға деген ұмтылыс оларды кейде идеализмге қарама-қарсы басқа болжамдарға алып келді, бұл олардың кейбір жағдайларда әлеуметтік өмірдің кейбір аспектілерін дұрыс түсінуге шынымен жақындай алғанын көрсетеді. Ең алдымен, идеялардың экономикалық мүдделерге байланысты екендігі анықталды» [2, 39 б.].

Осы «мұқтаждық» қазақтарды қазақ қоғамының дамуына кедергі келтіретін көшпелі өмір салтынан отырықшылыққа көшудің қажеттілігін түсінуге әкеледі. Қоғамның материалдық және моральдық ілгерілеуін қамтамасыз ететін, егіншіліктің қолөнердің, өнеркәсіптің, сауданың, сонымен қатар білімнің дамуына серпін беретін отырықшылық болып табылады. «Абай «қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғынының бір себебі...» оны егіншіліктен, саудадан, қолөнерден, ғылымнан аластатумен түсіндіреді. Бұл ой Абайдың қырық екінші қара сөздерінде анық көрінеді. Егер қазақ, деп жазады Абай, «...егін салса, иә саудаға салынса», оның жаман істерге бос уақыты болмас еді, бұл оның қоғамдық прогрестің шарты болып табылатын моральдық жағынан түзелуіне әкеліп соғатын, адамгершілік жағынан кемелденуіне алғышарттар жасайтын еді [2, 40 б.].

Экономикалық тұрғыдан қазақ ағартушылары шаруаны қажетті материалдық және өзге де игіліктермен қамтамасыз етуді көздеді. Халықтың адамгершілік және рухани өсуі мүмкін болуы үшін қазақтардың, ең алдымен, кедейлердің материалдық қажеттіліктерін толықтай қанағаттандыру қажеттілігі туралы барлық қазақ ағартушылары айтты. Бұқара халықтың, ең алдымен, шаруалардың қатыгез патриархалдық-фео-

далдық және отаршылдық қанауынан күйреген экономикалық мүдделері ағартушылар тарапынан қызу қолдау тапты.

Сонымен, қазақ ағартушылары үшін әлеуметтік идеал тым бай да, тым кедей де жоқ және әл-ауқаты өз еңбегімен қамтамасыз етілетін қоғам болды. Бұл шағын тауар өндірушілер-шаруа және қол-өнершілер қоғамы. Мұндай әлеуметтік организм жеке меншіктің болуын болжайды, бұл оларға әр адамның жұмысының табиғи нәтижесі болып көрінді. Осылайша, байлық билігіне наразылық білдіру, байларды ашкөздігі және кедейлердің мүдделерімен санасуға құлықсыздығы үшін айыптау жалпы демократиялық мазмұнға ие болды.

Қоғамдық прогресс мәселесі ХХ ғасырдың басындағы ағартушылық ілім өкілдерінің әлеуметтік-философиялық тұжырымдамасының негізгі мәселесі болды.

ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы ағартушылар айта бастаған қоғамдық өмірдің заңдылығы туралы идея С. Торайғыровқа да тән болды. Оның үстіне ағартушылардың әлеуметтік концепциясының бұл аспектісі оның шығармашылығында күшейе түсті. Мұны Қ. Бейсембиев дұрыс көрсетті: «Ақын-ойшыл тарихи қозғалыстың объективтілігі туралы стихиялы түрде құнды қорытындыға келеді. Жеке тұлғалар, оларға қандай құқықтар берілсе де, қандай қасиеттерге ие болса да, тарихтың бағытын өзгертуге дәрменсіз. С. Торайғыров тарихи дамудың табиғилығын, объективті заңдылығын мойындайды. Осылайша, ол өзінің бұрынғы идеалистік әлеуметтік-саяси көзқарастарымен ажырасуға үлкен қадам жасайды» [8, 176 б.]. Қоғамның үдемелі дамуы идеясы С. Торайғыровтың алғашқы еңбектерінде де айтылған. Осыған байланысты «Ендігі беталыс» өлеңі ерекше назар аударды. Ал 1917-1918 жылдары жазылған өлеңдері мен поэмаларында бұл идея олардың мазмұнының басты тенденциясына айналады.

Бұл идеялардың негізінде С. Торайғыровтың қоғамды қайта құру, әлеуметтік әділетсіздікті жою және әділ әлеуметтік жүйені құру қажеттілігі туралы ой жатыр. С. Торайғыров феодалдық «ескі заманды» идеализациялаған

идеологтарға, сондай-ақ феодалдық жүйені мәңгілік, құдаймен берілген деп көрсеткен мұсылман дінтанушыларына қарсы дау айта отырып, бақытты заманның болашақта ғана келетінін алға тартты. «Әділет патшалығының» орнығуына деген жарқын сенім, әлеуметтік оптимизм, жалпы алғанда, оның шығармашылығына тән белгілер болды. Бұл келесі өлең жолдарында көрініс тапты:

Шындықтың аулын іздеп түстім жолға,
Разымын не көрсем де осы жолда.

Шаршармын, адасармын, шалдығармын,

Бірақ, бір табармын деп, көңілім сонда [9, 99 б.].

Қазіргі қоғам, С. Торайғыровтың пікірінше, әділетсіздік пен теңсіздік қоғамы болып табылады. Мұны негіздеу үшін ойшыл осы әлеуметтік организмде бірнеше шеттетілу жағдайларын атап көрсетеді. Ең алдымен, бұл әлеуметтік-экономикалық қайшылықтар.

Жоғалсын бұл «сенікі, менікілік»,

Осы ғой адамзатты қырған індет [10, 97 б.].

Ақын барлық қоғамдық зұлымдықтардың меншіктегі айырмашылықтардан туындайтынын баса айтты. Бұл тұжырымға ол әлеуметтік әділетсіздіктің негізін табуға деген табанды ұмтылыс арқылы келді. Бұл жеке меншік, оның пікірінше, қоғамда пайда болған мүліктік теңсіздіктің, кедейлердің өз еңбегінің жемісінен шеттетілуінің себебі болды. Бұл қоғамның кедейлер мен байларға бөлінуіне, соңғылардың үстемдігіне байланысты кедейлерді байлардың қанауына әкелді. Ол кедейлікті тудыратын себептерді меншікті қатынастардан туындайтын кедейлердің байларға мәжбүрлі тәуелділігінен, олардың мүліктік жағдайынан көрді. «Кезек қашан келеді?» деген өлеңінде, ақын байларды кедейлердің еңбегімен күн көретін «арам тамақ» деп атайды. Нағыз байлықты «өсіретін кедей, жалшы» [10, 20 б.].

Басқа шеттетілу жағдайы - бұл әділетсіз қоғамда әлеуметтік «шынайы» пайда мен адамдардың бұрмаланған жеке мүдделері арасындағы алшақтық. Ол билеушілерді өз қол астындағылардан және қоғамдық дамудың нақты қажеттіліктерінен

шеттетуге алып келеді. Саяси шеттетілу өмір сүріп жатқан қоғамдық организмнің өз мәнінен, оның саяси және әкімшілік ұстанымдарынан туындайды. Бұл қоғамда барлығы билеуші болған адамның әділеттіліктен бас тартуға мәжбүр болатындай етіп құрылған:

Өмірдің бұл түрінде ешбір әкім,

Мүмкін емес әділдік қылуға елге.

Себебі: тастап әкім бола алмайды,
Байлар мен молдалардың сөзін жерге.

Күшті таптың ыңғайын қылмасқа жоқ,
Мүбәда әкім болсам егер мен де.

...Мұны ойлап, әкімдіктен көңілім суып,
Өмірде болман дедім оған жуық [10, 91-92 бб.].

Айта кету керек, С. Торайғыровтың жалпы ағартушыларға, сонымен қатар, Абайға да тән «білімді басшы» иллюзиясынан арылуы қоғамдағы саяси шеттетуді ашып, оны шеттетілу жағдайының біріне жатқызуға мүмкіндік берді.

Соңында, бұл моральдық шеттетілу. С. Торайғыров қоғамдағы бар теңсіздік, әділетсіздік адамның болмысын, оның әдет-ғұрпын бұрмалады, - деп есептейді: «Адам ұлын алалап, бірдей қылмай, Нағыз жауыз – байлық сен, пейілі тар» [9, 37 б.].

Ол айтқан шеттетілу жағдайларын жеңу қажеттілігінен батыл іс-әрекетті ақтауға болады. Себебі, оларды жеңуге бағытталған нақты іс-шаралар әділеттілікке әкеледі. С. Торайғыров «Адасқан өмір» поэмасында өзінің әділ қоғам идеалын жан-жақты негіздеуге тырысады. С. Торайғыров әділетті қоғам адамзатқа шын мәнінде жарқын болашаққа жол ашатынын алға тартады. Онда адамдардың арасындағы дұшпандық, өшпенділік, алдау, екіжүзділік, сатқындық болмайтын нағыз бауырластық орнайды, зұлымдық пен зорлық-зомбылыққа ұшыраған халық болмайды. Қоғам өз мүшелерінің жеке қабілеттерін, олардың «жан, қуат, тапқыш, талантын» дамыту үшін ең қолайлы жағдай жасайды. Әділ жүйеде олар қайталанбайды, «еңбекшінің еккенін талау болмас», «жұмысқа кем көзбенен қарау болмас», «жұмыс қылу қорлық деп санау болмас», «жаратылыстан керегін әрбір адам, еңбегімен алуға бармау болмас» [10, 84-109 бб.]. Еңбек бұдан былай еңбек адамына

қарсы шықпайды, керісінше, әл-ауқат пен бақыт көзіне айналады.

С. Торайғыров бүкіл саналы ғұмырын шеттетілу жағдайларын еңсеру мен қоғамдық қайта құрудың жолдары мен құралдарын іздеуге арнады. Ақынның шығармашылық рухы бізді бұл міндет оның өмірінің мақсаты болғанына сендіреді. Ол өзі айтқандай, халықтарды әділетсіздік пен теңсіздікті мәңгілік қайта «...келтірмейтін жолын тапсам» [10, 95 б].

Шығармашылық жолының басында ол ағартушылық осындай құрал, қоғам өмірін қайта құру жолы болып табылады деген жалпы ағартушылық ұстаныммен келіседі. Алғашқы өлеңдердің бірінде қазақ қасіретінің болу себебін надандықтан, адасушылықтан табады.

Өнер-білім, адалдық, ар-намысты

Жоятын надандық қой емсіз індет.

...Білімге ел боп аңсап құмарланса,

Жетілмек азақ жылда жоғары өрлеп [9, 47 б.].

С. Торайғыров өмірінің соңына дейін ғылым мен білімнің қоғамдық даму үшін маңыздылығына сенімді болды. Бірақ қоғамдық қайта құрудың нақты жолдарын үздіксіз іздестіру оны, «Құр сенің ғылымыңмен түзеле ме» [10, 96 б.] - деген сауал қоя отыра, тек ағартушылық қоғамдық өмірді түбегейлі қайта құру міндетін орындай алмайтынын түсінуге әкеледі. 1917–1918 жылдарғы шығармаларында С. Торайғыров өз мұратын жүзеге асыруды қалыптасқан жүйенің түбегейлі күйреуімен байланыстырады. Бұл идея «Адасқан өмір» поэмасында айқын көрінеді, бұл көптеген жылдар бойғы ойшылдың күмән мен ізденістерінің жалпыланған нәтижесі болды.

«Адасқан өмір» поэмасының негізгі мақсаты – қоғамдағы әділетсіздіктің, теңсіздіктің себептерін ашу және теңдік жолын іздеуге талпыну. Сұлтанмахмұт қазақ ауылындағы әлеуметтік теңсіздіктің шеңберінен шығып, бүкіл капиталистік қоғамға тән әділетсіздіктер туралы пайымдайды. Сол қоғамның азғындап бара жатқан белгілерін көріп, адам баласының қанаудан құтылып, өз еңбегімен күн көретін, өз талантын халық игілігі жолына жұмсайтын кезін – бақытты өмірді аңсайды» [11, 182 б.].

Әлеуметтік теңсіздіктің көзі туралы

қайта-қайта сұрақ қоя отырып, ол былай деп жауап береді:

Жер сараң, адам надан болғандығы:

Тіпті емес бақсыздыққа тұрған айдап,

А, жоқтығы жақындық – әділдіктің

Адамды сорлы қылған бақсыз байлап [10, 96 б.].

Өмірінің соңына қарай С. Торайғыров қалыптасқан қоғамдық-саяси жүйені қиратып, оны түбегейлі өзгертуден басқа қоғамдық дамудың жолын ұсынған жоқ. Біздің ойымызша, ақынды радикалды тұжырымдарға оның шығармашылығының, өзі өкілі болып табылатын қазақ қоғамының кедей топтарының, қазақ шаруасының қажеттіліктеріне барынша жақындығы әкелді. Қазақ ағартушысының бүлікшіл көңіл-күйі оның бүкіл өміріне тән болды.

Маған салса кедейлік аты өшкірді,

Дер едім, тұрмайтай ғып жерге көмсім.

Бірақ, сен өлмейсің ғой, жаның берік,

Құтқарсаң бар әлемді шыны өліп.

Өлмесең де өлтірем өсе келе,

Жүрмеспін жолдас болып саған еріп [9, 38 б.] - дейді ол «Кедейлік» атты алғашқы өлеңдерінің бірінде.

Әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуі, Ресейдегі революциялық оқиғалар оны «ағартушылық арқылы қоғамдық зұлым-дықты жоюға болады деп, өзінің бұрынғылар сияқты қателескендігі туралы тұжырымға әкеледі» [8, 182 б.]. Бұл сыни сипаттағы ойлар С. Торайғыровтың қоғамдық-саяси көзқарастарының басқа ағартушылардан айырмашылығын көрсете отырып, ақынның бұрынғы өз көзқарастарын қайта қарастырғанын көрсетеді.

Қорытынды

Қазақ ағартушылығының қалыптасуы мен дамуының мынадай ерекшеліктерін атап өту қажет. XIX ғасырдың екінші жартысына қарай Қазақстанның Ресеймен экономикалық, мәдени, идеялық байланыстары барған сайын кеңейе түсті. Орыс ағартушылығының, ол арқылы еуропалық ағартушылықтың Қазақстанның қоғамдық және философиялық ойына жемісті ықпалының арқасында өлкеде ағартушылық ілімдерінің қалыптасу процесі жеделдеді. Дәл осы ықпал Қазақстанда ағартушылық

ілімдердің қалыптасуына алып келді, ал іске асқан дала ағартушылық ілімдері оның, ХХ ғасырдың басында, әрі қарай дамуының негізі мен алғышарты болды.

Қазақ ағартушылығы тікелей және айқын буржуазиялық идеология болған жоқ және болады алмайды. Ол жалпы демократиялық, антифеодалдық, рухы мен сипаты жағынан прогресшіл идеологиялық қозғалыс ретінде дамыды, еңбекшілердің кең қабатының, ең алдымен қазақ шаруасының мүддесін білдірді. ХХ ғасырдың басындағы ағартушылық идеологияның кедей халықтың қажеттіліктеріне барынша жақындағы оны жаңа тұжырымдарға әкелді, бұл бізге осы кезеңдегі ағартушылықтың таңдаулы өкілдерінің радикалды демократизмі туралы айтуға мүмкіндік береді.

Жалпы таптық негіз және әлеуметтік-экономикалық түп-тамыры өздерінің идеялық мазмұны бойынша ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы ағартушылық өкілдерінің көзқарастарының сәйкестіктерін анықтады. Алайда, бұл олардың көзқарастары арасында ешқандай айырмашылықтар болмаған дегенді білдірмейді, бір-бірімен салыстыру кезінде өткірлік пен дәйектіліктің әртүрлі дәрежелері ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы ағартушылардың дүниетанымына тән болғандығын аңғаруға болады.

Әдебиеттер тізімі

1 Ойзерман Т.И. Проблемы историко-философской науки. - 2-е изд. - М.: Мысль, 1982. - 301 с.

2 Джуншеев Р.Е., Қуандықова Э.Д., Мусабекова Г.К. Ы. Алтынсарин қазақ ағартушылық ілімінің аясында // *Адам әлемі*. - 2023. - №3 (97). - 34-44 бб.

3 Сегізбаев О.А. Қазақ философиясының тарихы (Ежелгі түсініктерден ХІХ - ХХ бірінші жартысының ілімдеріне дейін): оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 330 б.

4 Сегізбаев О.А. Традиции свободомыслия и атеизма в духовной культуреказахского народа. - Алма-Ата: Наука, 1973. - С. 168.

5 Касымжанов А.Х. Абу-Наср аль-Фараби. - М.: Мысль, 1982. - С. 174.

6 Т.Б. Длугач. Три портрета эпохи Просвещения. Монтескье. Вольтер. Руссо (от концепции просвещенного абсолютизма к

теориям гражданского общества). - Москва, 2006. - 256 с.

7 Құнанбаев А. Қара сөз: Ғаклия. - Семей, Ролан Сейсенбаев баспасы, 2020. - 224 б.

8 Бейсембиев К. Прогрессивно-демократическая и марксистская мысль в Казахстане начала XX века. - Алма-Ата: Наука, 1965. - 302 с.

9. С. Торайғыров. Үш томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. - Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі, 2002. - 256 б.

10. С. Торайғыров. Үш томдық шығармалар жинағы. Екінші том. - Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі, 2003. - 176 б.

11. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін). ХХ ғасырдағы қазақ философиясы. - Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану Институты, 2016. - 385 б.

Transliteration

1 Ojzerman T.I. Problemy istoriko-filosofskoj nauki [Problems of historical and philosophical science]. - 2-e izd. - M.: Mysl', 1982. - 301 s. [in Russ]

2 Dzhunsheev R.E., Kuandykova Je.D., Mussabekova G.K. Y. Altynsarin kazak agartushylyk iliminin ajasynda [Y. Altynsarin in the framework of Kazakh education] // *Adam alemi*. - 2023. - №3 (97). - B. 34-44. [in Kaz]

3 Segizbaev O.A. Kazak filosofijasynyn tarihy (Ezhelgi tysinikterden XIX - XX birinshi zhartyсынyn ilimderine dejin) [History of Kazakh philosophy (from ancient concepts to teachings of the first half of XIX - XX)]: oqu kuraly. - Almaty: Kazak universiteti, 2017. - 330 b. [in Kaz]

4 Segizbaev O.A. Tradicii svobodomyслиja i ateizma v duhovnoj kul'turekazahskogo naroda [Traditions of freethinking and atheism in the spiritual culture of the Kazakh people]. - Alma-Ata: Nauka, 1973. - S. 168. [in Russ]

5 Kasymzhanov A.H. Abu-Nasr al'-Farabi [Abu-Nasr al-Farabi]. - M.: Mysl', 1982. - S. 174. [in Russ]

6 T.B. Dlugach. Tri portreta jepohi Prosveshhenija. Montes'k'jo. Vol'ter. Russo (ot koncepcii prosveshhennogo absoljutizma k teorijam grazhdanskogo obshhestva) [Three portraits of the Enlightenment. Montesquieu. Voltaire. Rousseau (from the concept of enlightened absolutism to theories of civil society)]. - Moskva 2006. - 256 s. [in Russ]

7 Kunanbaev A. Kara soz: Gaklija [Black word: Ghaklija]. - Semej, Rolan Sejsenbaev baspasy, 2020. - 224 b. [in Kaz]

8 Bejsembiev K. Progressivno-demokraticheskaja i marksistskaja mysl' v Kazahstane nachala XX veka [Progressive democratic and Marxist thought in Kazakhstan at the beginning of the 20th century]. - Alma-Ata: Nauka, 1965. - 302 s. [in Russ]

9 S. Torajgyrov. Ysh tomdyk shygarmalar zhinagy. Birinshi tom [A collection of works in three volumes. The first volume]. – Almaty, «Zhibek zholy» baspa үji, 2002. – 256 b. [in Kaz]

10. S. Torajgyrov. Ysh tomdyq shygarmalar zhinagy. Ekinshi tom [A collection of works in three volumes. The second volume]. – Almaty, «Zhibek zholy» baspa үji, 2003. – 176 b. [in Kaz]

11 Kazak filosofijasy tarihy (ezhelgi dauir-den kazirgi zamanga dejin). XX gasyrdagy kazak filosofijasy [History of Kazakh philosophy (from ancient times to modern times). Kazakh philosophy of the 20th century]. – Almaty: KR BGM GK Filosofija, sajasattanu zhane dintanu Instituty, 2016. – 385 b. [in Kaz]

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

- Расилхан Ербосынович Джуншеев* доцент, философия ғылымдарының кандидаты, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан, email: zhunshev@gmail.com, ORCID ID <https://orcid.org/0000-0002-5792-7582>
- Гавхар Курманбековна Мусабекова* аға оқытушы, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан, email: mgm_7@mail.ru, ORCID ID <https://orcid.org/0000-0001-9896-6847>
- Расилхан Ербосынович Джуншеев* доцент, кандидат философских наук, Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан, email: zhunshev@gmail.com, ORCID ID <https://orcid.org/0000-0002-5792-7582>
- Гавхар Курманбековна Мусабекова* старший преподаватель, Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан, email: mgm_7@mail.ru, ORCID ID <https://orcid.org/0000-0001-9896-6847>
- Rasilkhan Dzhunsheev* Associate Professor, Candidate of Philosophical Sciences, M.Kh.Dulaty Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan, email: zhunshev@gmail.com, ORCID ID <https://orcid.org/0000-0002-5792-7582>
- Gavkhar Mussabekova* Senior Lecturer, M.Kh.Dulaty Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan, email: mgm_7@mail.ru, ORCID ID <https://orcid.org/0000-0001-9896-6847>



THE EVOLUTION OF CONSCIOUSNESS FROM THE POINT OF VIEW OF MODERN THEORY OF INFORMATION AND TELECOMMUNICATIONS

¹R.A. Massalimova, ¹I.E. Suleimenov,
²O.A. Gabrielyan, ¹Ye.S. Vitulyova

ABSTRACT

The question of the nature of the evolution of consciousness is considered. It is shown that the answer to this question can be given by considering the evolution of intelligence as one of the components of the complex structure of personality. It is proved that the evolution of intelligence is an objective process that continues and even accelerates at the present time. The basis for the proof is the theory of the formation of the transpersonal level of information processing, according to which interpersonal communication is interpreted as the exchange of signals between neurons located in different brains. As a result, a common neural network arises, and different transpersonal information objects are formed in it. The existence of a transpersonal level of information processing leads to the fact that the intellect of a person has a dual nature. It simultaneously has both an individual and a collective component. The fact, in particular, makes it possible to establish the nature of the collective unconscious. The collective component of intelligence is being transformed due to changes in the communication environment, including due to the rapid development of telecommunication and information technologies.

Key words: Consciousness, Transhumanism, Evolution of Intelligence, Transpersonal Level of Information Processing, Neural Networks, Telecommunication Technologies.

¹al-Farabi Kazakh National university, Almaty, Kazakhstan

²V.I. Vernadsky Crimean Federal University, Simferopol, Crimean Republic

Author-correspondent:
S. Vitulyova, lizavita@list.ru

Reference to this article:
Massalimova R.A., Suleimenov I.E., Gabrielyan O.A., Vitulyova Ye.S. The evolution of consciousness from the point of view of modern theory of information and telecommunications // Adam Alemi. – 2024. – No.2 (100). – P. 40-51.

Қазіргі ақпарат және телекоммуникация теориясы тұрғысынан сананың эволюциясы

21 Амребаев А.М., Ешпанова Д.Д. О массовом политическом сознании казахстанцев в условиях перехода от постсоветскости к «Новому Казахстану» // *Адам әлемі*. – 2002. – № 3 (93) – С. 72-86.

Transliteration

1 Pjpes R. Dva puti Rossii [Two ways of Russia]. – М.: Algoritm, 2015. – 224 s. (in Russ)

2 H. Linc, Stepan A. «Gosudarstvennost'», nacilnalizm i demokratizacija [Statehood', nationalism and democratization] // [Elektronnyj resurs] URL: <https://www.civisbook.ru/files/File/1997-5-2-Linz,Stepan.pdf> (Data obrashhenija: 02.03.2023) (in Russ)

3 Rastou D.A. Perekhody k demokratii: popytka dinamicheskoy modeli [Transitions to Democracy: An Attempt at a Dynamic Model] // *Polis*. – М., 1996. – № 5. – С. 5-15.

4 Brzezinski, Z., 1993. The Great Transformation. The national interest // [Elektronnyj resurs] URL: <https://nationalinterest.org/article/the-great-transformation-687> (Data obrashhenija: 01.03.2023).

5 Polterovich A.V., Popov V. Demokratija, kachestvo institutov i jekonomicheskij rost [Democracy, institutional quality and economic growth] // *Prognozis*. – М. – 2006. – С. 115-132.

6 Kazahstan: jetapy gosudarstvennosti. Konstitucionnye акты [Kazakhstan: stages of statehood. Constitutional acts']. – Almaty, Zheti zhargy, 1997. – 496 s.

7 Nicshe F. Po tu storonu dobra i zla [Beyond good and evil]. – М., 1990. – Т.2. – С. 238-406.

8 Il'in M.V. Slova i smysly: interes [Words and meanings: interest] // *Polis*. – М., 1995. – №2. – С. 100-111.

9 Nadais A. Vybor izbiratel'nyh sistem

[Selecting Electoral Systems] // *Polis*. – М., 1993. – № 3. – С. 70-78.

10. Dogan M., Pelassi D. Sravnitel'naja politicheskaja sociologija [Comparative political sociology]. – М.: Soc.-polit. zhurnal, 1994. – 272 s.

11 Il'in M.V. Slova i smysly: volja [Words and meanings: will] // *Polis*. – 1995. – № 3. – С. 68-77.

12 Osnovy politicheskoy nauki. Ucheb. posobie dlja vuzov. Ch.II. /Pod red. Pugacheva V.P. [Fundamentals of Political Science. Textbook manual for universities. Part II. – М.: Znanie, 1994. – 224 s.

13 Kozlov G.Ja., Buluktaev Ju.O. Politologija: Ucheb. posobie. – Almaty: KazGU, 1995. – 123s.

14 Rose R. Chin D. Democration back wards. The problem of third – wave democracies // *British journal of political science*. – Essex. 2001. – Vol. 31. – №2. – P. 331 – 354.

15 Bratton M., Chang. E. State – Building in sub – Saharan Africa. Forwards, back-wards, together? // *Comparative political studies*. – Seattle, 2006. – Vol. 39. – P. 99. – P. 1059-1083.

16 Carbone G., Memoli V., 2012, Does democracy foster state consolidation? A panel analysis of the «backwards nuptesis» // [Elektronnyj resurs] URL: <http://www.social.unimi.it/papers/> / 2012 – 04

–19 G % 20 Corbone 20% 20 v% 20 Memole. pdf. (Data obrashhenija: 02.02.2021)

17 Filosofskij jenciklopedicheskij slovar' [Philosophical Encyclopedic Dictionary]. – М.: Sov. Jenciklopedija, 1983. – 849s.

18 Politologicheskij slovar': Ucheb. posobie [Political Science Dictionary: Textbook. allowance]. – М.: Vyssh. shk., 1995. – 192 s.

19 Prozorov Ju.B. Partii v perehodnyh obshhestvah (latinoamerikanskij opyt) [Parties in transitional societies (Latin American experience)] // *Polis*. – М., 1994. – №4. – С.138-144.

20 M'janma: kak Aun San Su Chzhi byla simbolom bor'by za svobodu, no razonravilas' Zapadu [Myanmar: how Aung San Suu Kyi was a symbol of the struggle for freedom, but fell out of favor with the West] // [Elektronnyj resurs] URL: <https://www.bbc.com/russian/news-55887511> (Data obrashhenija: 02.02.2021)

21 Amrebaev A.M., Eshpanova D.D. O massovom politicheskom soznanii kazahstancov v uslovijah perehoda ot postsovetskosti k «Novomu Kazahstanu» [On the mass political consciousness of Kazakhstanis in the context of the transition from post-Sovietism to "New Kazakhstan"] // *Adam alemi*. – 2022. – № 3 (93). – С. 72-86.

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

Ахан Хусаинович Бижанов

главный научный сотрудник, член-корреспондент НАН РК, профессор, доктор политических наук, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: veteran_vov@mail.ru

Талгат Танатарович Исмагамбетов

ведущий научный сотрудник, доцент, кандидат политических наук, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: is_v2001@mail.ru

Ахан Құсайынұлы Бижанов

бас ғылыми қызметкер, ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, профессор, саяси ғылымдарының докторы, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, email: veteran_vov@mail.ru

Талғат Таңатарұлы Исмағамбетов

жетекші ғылыми қызметкер, доцент, саяси ғылымдарының кандидаты, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, email: is_v2001@mail.ru

Akhan Bizhanov

Chief Researcher, Corresponding Member of the NAS of the RK, Professor, Doctor of Political Sciences, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: veteran_vov@mail.ru

Talgat Ismagambetov

Leading Researcher, Candidate of Political Sciences, Associate Professor, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: is_v2001@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДА ХАЛАЛ ИНДУСТРИЯСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІНЕ САЯСИ ТАЛДАУ

¹А. Алтайқызы, ^{1,2}С.М. Борбасов

АҢДАТПА

Бұл зерттеу Қазақстандағы халал индустриясын ұйымдастыруды саяси талдауды қамтамасыз етуге бағытталған, бұл процеске байланысты негізгі мәселелер мен мүмкіндіктерді анықтауға баса назар аударылады. Халал индустриясы қазіргі исламдық және зайырлы мемлекеттердегі экономиканың маңызды секторы болып табылады, ислам заңдарына сәйкес келетін тауарларды өндіруге және сертификаттауға маманданған сала. Ішкі нарықта да, әлемдік нарықта да халал өнімдерге сұраныстың артуы жағдайында Қазақстан осы саланың дамуын ынталандыруға ұмтылуда. Дегенмен, бұл процесс тиімді реттеу қажеттілігі, тиісті сертификаттауды қамтамасыз ету және осы бағыттағы басқа да өндірушілермен бәсекелестік сияқты бірқатар саяси қиындықтармен бірге жүреді. Сонымен бірге халал индустриясын қалыптастыру елдің дамуына, оның ішінде инвестиция тартуға, жұмыс орындарын құруға жәрдемдесуге және елдің халықаралық имиджін нығайтуға елеулі экономикалық және әлеуметтік мүмкіндіктер береді. Зерттеу саяси стратегия контекстінде осы проблемалар мен мүмкіндіктерге талдамалық шолу жүргізуге және жергілікті заңнаманың ерекшеліктері мен түрлі саяси және әлеуметтік құрылымдар саланың мүдделерін ескере отырып, Қазақстанда халал индустриясын дамыту тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстар беруге арналған.

Түйін сөздер: халал индустриясы, Қазақстандағы халал-индустрия, саяси талдау, харам (арам), халал (адал), мұсылман үмбеті.

¹ ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан

² Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:

А. Алтайқызы,
aikerim.altaiqyzy@gmail.com

Мақаланың сілтемесі:

Алтайқызы А.,
Борбасов С.М.
Қазақстанда халал индустриясын ұйымдастыру: мәселелері мен мүмкіндіктеріне саяси талдау // Адам әлемі. – 2024. – № 2 (100). – Б. 65-72.

Организация халяль-индустрии в Казахстане: политический анализ проблем и возможностей

Аннотация. Данное исследование направлено на проведение политического анализа организации халяль-индустрии в Казахстане, с акцентом на выявление ключевых проблем и возможностей, сопряженных с данным процессом. Халяль-индустрия представляет собой значимый сектор экономики в современных исламских и светских государствах, специализирующийся на производстве и сертификации товаров, соответствующих нормам исламского законодательства. В условиях растущего спроса на халяль-продукцию как на внутреннем, так и на мировом рынке, Казахстан стремится к стимулированию развития данной отрасли. Однако, этот процесс сопровождается рядом политических вызовов, таких как необходимость эффективного регулирования, обеспечение надлежащей сертификации, а также конкуренция с аналогичными производителями. В то же время, организация халяль-индустрии предоставляет значительные экономические и социальные возможности для развития страны, включая привлечение инвестиций, содействие созданию рабочих мест и укрепление международного имиджа страны. Исследование призвано провести аналитический обзор данных проблем и возможностей в контексте политической стратегии и предложить рекомендации по совершенствованию механизмов развития халяль-индустрии в Казахстане, с учетом особенностей местного законодательства и интересов различных политических и социальных структур.

Ключевые слова: халяль-индустрия, халяль-индустрия в Казахстане, политический анализ, харам (нечистый), халяль (дозволенный, чистый), мусульманская умма.

The Organization of the Halal Industry in Kazakhstan: Political Analysis of Problems and Opportunities

Abstract. This study aims to conduct a political analysis of the organization of the halal industry in Kazakhstan, with a focus on identifying key issues and opportunities associated with this process. The halal industry represents a significant sector of the economy in modern Islamic and secular states, specializing in the production and certification of goods compliant with Islamic law. In the face of growing demand for halal products both domestically and internationally, Kazakhstan endeavors to stimulate the development of this sector. However, this process is accompanied by a number of political challenges, such as the need for effective regulation, ensuring proper certification, and competition with similar producers. At the same time, the organization of the halal industry presents significant economic and social opportunities for the country, including attracting investments, facilitating job creation, and enhancing the country's international image. The study aims to conduct an analytical review of these issues and opportunities in the context of political strategy and to propose recommendations for improving the mechanisms of halal industry development in Kazakhstan, taking into account the peculiarities of local legislation and the interests of various political and social structures.

Key words: Halal Industry, Halal Industry in Kazakhstan, Political Analysis, Haram (Impure), Halal (Permitted, Pure), Muslim Ummah.

Кіріспе

Ислам халықтарының өмір салтында, тұрмыс-тіршілігінде маңызды рөл атқаратын халал феномені Қазақстанда да өз ықпалын жүргізе бастады. Ізгілікті, адалдықты, тазалықты пір тұтатын халал құбылысы және оның Қазақстанның мұсылман халықтарының өміріне енуі мәселесі, әсересе халал азық-түлікті дайындау, өндіру, сату мәселесі осы уақытқа дейін кешенді зерттелмеген. Себебі, кеңестік атеистік дүниетанымнан мирас болып келе жатқан нарративтер халал мәселесіне ғылыми қауымның, соның ішінде қоғамдық-саяси ғылымдар өкілдерінің назарын аударуға бөгет болды. Қазақстан социумы халал талаптары мен принциптерін осы уақытқа дейін дұрыс білмей келді. Халалға қатысты әлемдік қауымдастықта қалыптасқан ислами көзқарастардың Қазақстанда тарала бастауы елдің тәуелсіздік алуымен байланысты деп есептеуге болады.

Әрине Кеңестік кезеңде де ислам дінін ұстанған халал мен харамның ара-жігін ажырататын адамдар болды. Бірақ олар тым азшылық болатын. Қазақтардың басым көпшілігі КСРО жағдайында халал талаптарын орындамағаны дау тудырмайды. Қоғамдық тамақтану орындарында халал ас дайындау туралы мәселе тіптен көтерілмеді. КСРО билігі халал тамақ өнімдерін арнаулы өндіру мәселесін күн тәртібіне қоймады. Себебі,

унификацияланған, біріңғай өмір стандарттарына негізделген қоғамда ислам діні өкілдері үшін халал жасау қолдау таппады.

Әдіснама

Ғылыми мақалада авторлар Қазақстандағы халал индустрияның дамуының тарихи алғышарттарын қарастыра отырып, саяси мәселелері мен мүмкіндіктеріне шолу жасайды. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін негізгі әдістемелік тәсіл ретінде саяси талдау әдісін қолданады. Сонымен қатар зерттеуде ислам қасиетті жазбаларынан үзінді келтіріліп, олардың халал феноменімен байланысы айқындалады, осы тұрғыдан ғалымдар дінтанулық және герменевтика әдіснамасы арқылы зерттеу жасайды.

Негізгі бөлім

Халал феномені қазіргі адамзат қоғамында маңызды орын алатын құбылысқа айналды. Себебі, XXI ғасырда халалды ұстанатын мұсылман үмбетінің саны өсіп келеді. Ислам құндылықтарына ден қойған халықтар әлемнің 193 мемлекетінің 120-сында өмір сүруде. Мұсылман социумының саны 2,2 млрд. адамға жетіп, жер шары халқының 26 пайызын құрауда [1]. 35 мемлекетте, соның ішінде Қазақстанда мұсылман дінін ұсытанатындар тұрғындардың ба-

сым көпшілігі. Қазақстан мұсылмандары ел халқының 78 пайызын қамтып отыр. Сондықтан халал құндылықтарының қазақ ұлты және елдегі басқа мұсылман халықтарының өкілдері үшін маңызы артып келеді.

Халал категориясы тек тамаққа, азық-түлікке ғана қатысты айтылмайды. Халал кең ұғым. Ислам дінінде халал рұқсат етілген барша құбылыстарға, қатынастар мен заттарға қатысты. Ислам дінінің негізгі пастулаттарының бірі болып табылатын халал категориясы ислам дінін басқа діндерден ерекшелендіреді. Халал феноменін мұсылмандықтың гуманистік потенциалын ашатын ұғым деп те қарастыруға болады. Халал көпжақты, көпқырлы, күрделі құбылыс болғандықтан оны феномен, категория, ұғым деген атауларға лайық деп есептейміз. Қасиетті Құран кәрімде халал ұғымы және оған тікелей қатысты категориялар мен құбылыстар өте жиі кездеседі. Халал категориясы адал, әділет категориясымен мағыналас беріледі. Мысалы, «Әл-Бақара» сүресінде «168. Уа, адамдар! Жер бетіндегі адал (халал) пайдалы нәрселермен қоректеніңдер! Шайтанның соңына ермеңдер. Оның сендерге дұшпан екені анық» [2, 53 б.], – деп көрсетіледі.

Мұсылман қауымы әр мемлекетте өмір сүріп жатқандықтан сол елдің заңдарын, конституциясын мойындайды. Сонымен қатар өздерінің діни наным-сенімдеріне де селкеу түсірмеуге тырысады. Әлемдік мұсылмандық даму тәжірибесі ислам дінінің қоғамдық-саяси шындыққа ұдайы үйлесімдікте болатындығын дәлелдеп келеді. Халал құбылысы көптеген тыйымдарды күн тәртібіне қойғанымен қоғамдық қатынастардағы ешқандай шиеленістер мен қайшылықтарға бастамайды. Халал оған қарсы харам, яғни күнә болатын құбылыстарға тыйым болуын қалайды. Ислам дінді ұстаушылардың харам заттардан, тамақ түрлерінен аулақ болуын талап етеді. «Әл-Бақара» сүресінің 172-аятында «Уа, муминдер! Өздеріңе ризық етіп берілген халал, таза тағамдармен ғана қоректеніңдер. Аллаға ғана табынар болсаңдар, оның сендерге бұйырған нәсіптеріне шүкіршілік етіңдер» [2, 54 б.], – делінеді.

Халал талаптары мұсылман үмбетінің өмір салтына, күнделікті тіршілігіне айналған. Мұсылман адамға харам болатын әрекеттер жасау, харам тамақ түрлерін тұтынуға болмайды. Сонымен қатар, әсіресе тағамдарға қатысты тым қатаң талаптар қойылмайды. Халал мен харам мәселесіне қатысты ислам дінінде ешқандай фанатизмге жол берілмеген деп батыл айтуға болады. Түрлі қиын, қатал жағдайға тап болған адам өзі тірі қалуы үшін қандай да болмасын тағам түрлерін пайдалануына болатындығы айтылады. Мысалы, «Әл-Бақара» сүресінің 173-аятында «Ол (Жаратқан иеміз) сендерге өлексені (ағып шыққан) қанды, доңыз етін және Алладан өзгенің есімін айтып сойылған жануарлардың етін харам қылды. Ал, кімде-кім (зәруліктен) әуестенбей және шектен шықпай жегуге мәжбүр болса, онда оған күнә жазылмайды. Ақиқатында, Алла кешірімді, рахымды» [2, 54 б.]. Халал талабын бұзғандарды аямау керек, қатал жазалау керек деген талап ислам дінінде жоқ.

Сонымен қатар Қасиетті Құрандағы халал тағамдарын тұтынуды барша мұсылман үмбеті өзіне парыз санайды. Халал талаптарының деңгейінде өмір сүруге ұмтылады. Қазіргі мұсылман әлемінің әлеуметтік шындығы осындай. Халқының басым көпшілігін ислам дінін ұстанатын халықтар мекендейтін Қазақстан да халал индустриясын ұйымдастыруды, дамытуды қолға алды. Қазақстан әлемдік халал нарығына енуді мақсат етеді. Себебі, соңғы 10 жылда халал өнімдерінің нарық көлемі 1,6 трлн. АҚШ долларынан 2023 жылға дейін 3 трлн. долларға дейін өскен. Халал өнімдерінің артуына мұсылман халықтарының демографиялық өсімі де айтарлықтай ықпал етуде. Соңғы бес жылда мұсылман халықтарының саны 400 млн. адамға өскен. 2060 жылға қарай әлем мұсылмандары қазіргі 2,2 млрд. адамнан 3 млрд. адамға дейін өсіп 35 пайызға артады деп болжауда [3].

Демек, әлемдік нарықта, көптеген мемлекеттердің әлеуметтік саясатында халал принциптері мен талаптарына басымдылық беріледі деп болжауға болады. Мұсылмандар халықтың басым көпшілігі болып табылатын Қазақстан сияқты мемлекеттерде халал өндірісі

азық-түлік саясатының шешуші бағыты болмақ. Қазақстанда халал өндірісі ел тәуелсіздік алғаннан кейін ғана басталды. Кеңес Одағындағы азық-түлік саясатында халал талаптары мүлдем басшылыққа алынбады. Халал тағамдарды тұтыну мұсылмандардың жеке басының мәселесі ретінде қарастырылды. Одақтық деңгейде, тіптен халқы мұсылман аймақтар мен облыстарда халал өндірісі арнайы ұйымдастырылмады. КСРО билігі халал өндірісін жасауға мүдделі болмады. КОКП жүргізген секурализация саясаты, біртұтас «адамзаттың жаңа қауымдастығы кеңес халқын құру» саясаты мұсылман халықтардың халал тамақтарды тұтыну талаптарына қайшы болды. Кеңес Одағын басқарған КОКП идеологиясы халал принциптеріне мүлдем кереғар құбылыс болды. КОКП мақсат еткен «кеңестік өмір салтын қалыптастыру» мақсаты барлық халықтарды мәдени-тілдік, тұтыныстық қатынастарда унификациялауды көздеді. Барлық халықтар дініне, салт-дәстүрлеріне қарамай ұқсас тамақ ішуі керек деген бейресми позиция болды. КСРО үшін халал тамақтары мен өнімдері мүлдем жат құбылыс болды. Кеңес Одағы құрамында одақтас республика статусы бар Қазақ КСР-і өзі жеке дара халал өндірісін арнайы ұйымдастыруға мүмкіндігі болмады.

Қазақстан жеке тәуелсіз мемлекет болған соң ғана өзінің мұсылман халықтарының діни талап-тілектері мен құндылықтарына жауап беретін, олар тұтынатын халал өндірісін бастады. Халал өндірісі Қазақстанда бірден жылдам қарқынмен дами алмады. 1985-1995 жылдары КСРО-да, одан кейін ТМД елдерінде орын алған терең экономикалық және қаржылық дағдарыс, қалыптасқан экономикалық байланыстардың үзілуі Қазақстанда халал өндірісін бірден дамытып әкетуге мүмкіндік бермеді. Алғашқы халал өндірушілер өткен ғасырдың аяғына таман өз өнімдерін тұтынушыларға ұсына бастады.

Халал өндірудегі ислам мемлекеттеріне ортақ талаптардың, сертификаттаудың және тәжірибенің болмауы да халал өнімдерінің көбеюіне бөгет болды. Қазақстанда халал өндірудің тәжірибесі

мүлдем болмады. Халықаралық саудада халалға қатысты ортақ талаптар болмады. Сонымен қатар әлемде халал өнімдерін тек мұсылмандар ғана емес басқа дін өкілдері де жаппай пайдалана берді. Тіптен дінге қатысы жоқ адамдар да осы өнімдерді белсенді түрде тұтынды. Себебі халал тазалықтың, сапаның, табиғи өнімнің кепілі ретінде қабылданды.

Қазақстандағы агроөнеркәсіп кешеніне халал өнімдерін өндірудің және экспортқа шығарудың зор мүмкіндіктері болды. Қазақстан бидайының дәнмаңызы (клейковинасы) өте бай болғандықтан сапалы ұн, макарон өнімдерін әлемдік нарыққа шығара бастады. Ел ұн экспортынан әлемдегі алдыңғы орындарға шыға бастады. Ауғанстан, Өзбекстан, Қытай, Иран т.б. мемлекеттер Қазақстаннан шыққан халал астық нарығында Қазақстан өз ұясын, орнын тапты деп бағалады сарапшылар. Өкінішке орай, елдің ауыл шаруашылығы әлемдік нарыққа сапалы халал ет, сүт, май, ірімшік өнімдерімен шыға алмай отыр. Тіптен аталған адам ағзасына аса қажетті өнімдер бойынша Қазақстан экспортқа тәуелді жағдайда қалып отыр. Бұлай болуы елдегі агроөнеркәсіп кешенін дұрыс ұйымдастыра алмай отырған, тиімсіз аграрлық саясаттың кесірі деп есептеуге болады. Қазақстан үкіметі мен бизнес қауымы халал индустриясын ұйымдастырудың оңай шаруа емес екендігін жақсы түсінді. Алдымен халал өнімдер мен тағамдарға олардың қандай түрлері жататынын нақтылап алу керек еді. Ол үшін мұсылман дінінің рухани наным тірегі Қасиетті Құранға жүгіну дұрыс. Харам тағамға жататын ас түрлері «Әл Мәйдә» сүресінде нақты аталады. Бұл сүреде «3. Сендерге өлексені, денеден ағып шыққан қанды, доңыз етін және Алладан басқаның атын атап бауыздалған мал еті арам етіледі. Сонымен қатар буынып өлген, құлап не сүзіліп өлген мал етін, жыртқыштардан қалған жемтік етті (жеуге тыйым салынады). (Жаны шықпай тұрып) бауыздап алсаңдар арамға жатпайды. (Тастан немесе басқа заттардан жасап алған) тәңірлерге арнап сойылған малдың (етімен қоректену – сендер үшін арам)» [2, 101 б.], – деп нақтыланады.

Халал тағам өнімдеріне қойылатын ислам дінінің талаптары Әл-Матуруди тәсірінде де көрсетіледі. Онда биіктен құлап өлген, мүйіздің соққысынан, немесе тұншығып өлген, немесе жыртқыштар талап өлтірген жануардың еті арам (харама) болып есептеледі де, ауқат ретінде пайдалануға жарамды. Өйткені қаны сыртқа ағып үлгермей денеден қалып қояды. Алланың атымен бауыздалып, қаны түгелдей шығарылған жануардың еті ғана жеуге жарамды» [2, 165 б.], – деп көрсетіледі.

Демек халал өнімдер ерекше таза өндіріс ұйымдастыруды талап етеді. Әсіресе, мал өнімдеріне етті дайындауға талап күшті. Адамға зиян тигізуі ықтимал токсиндер, зиянды құрылымдар малдың қанында болады. Сол себепті ет дайындайтын комбинаттарда малдың қаны толықтай шығарылуы, ағызылуы талап етіледі. Тоқпен өлтіруге, басқаша өлтіруге тыйым салынады. «Әл Мәйдә» сүресінде «4. (Уә, Мұхаммед, олар сенен өздеріне не халал етілгенін сұрайды. Сендерге дәмді, таза тағамдардың барлығымен қоректенуге рұқсат. Сонымен қатар, Алланың сендерге берген білімінің арқасында жаттықтырып үйреткен аң аулайтын жануарлар мен аң-құстарының ұстағаны халал етіледі. Сендерге ұстап берген олжадан Алланың атын атап тұрып жеңдер)» [2, 165 б.], – делінген.

Демек халал өндірісін ұйымдастыру принциптері мен талаптары Құран кәрімде негізделген. Халал өндірісі бар мемлекеттер және халал өндірушілер Қасиетті Құран сүрелерінде айтылған халал принциптерін басшылыққа алулары керек және міндетті. Халал өндірісінде Құран сүрелерінен басқа нарративтер басшылыққа алынбауға тиісті. Жұмыстың осы қатал талаптарға қатысты болуы халал өндірісін ұйымдастырудың тәртіптері мен жолдарын анықтайды деп есептеуге болады.

Қазақстан үкіметі халал өндірісін құруда және дамытуда ислам дінінің талаптарын басшылыққа алды. Өкінішке орай, Қазақстанда Малайзия, Индонезия, Түркия мемлекеттері сияқты ондаған млрд. доллар көлемінде халал өндіруге қол жеткізбедік. Назарбаевтық автократиялық билік елдің шикізат көздерін, табиғат ресурстарын сатумен

айналысып кетті. Қазақстан экономикасын диверсификациялау саясаты іске асырылмады. Өңдеу салалары, ауыл шаруашылығы шикізаттарын өңдейтін тамақ және жеңіл өнеркәсіп салалары терең дағдарысқа ұшырады. Осындай экономикалық қателіктер кесірінен Қазақстанның экономикасында біржақты өндіру сипаты басымдылыққа ие болып, халал өндіретін жеңіл өнеркәсіп салаларын дамыту қанағаттанарлық емес жағдайға қалды. Назарбаев билігі олигополиялық, клептократиялық топтардың болуына жағдай жасаумен айналысып, елдегі ислам халықтары қауымын халал тағамдарымен қамтамасыз етілуі мәселесін мемлекеттік деңгейде күн тәртібіне қоймады. Әртараптандырылмаған экономика жағдайында толыққанды халал индустриясын құру қиын мәселе болды.

Қазақстан полиэтникалық, поликонфессиялық мемлекет. Елде ешбір дінге, этникалық топқа ерекше жағдай жасалмайды. Мақсат, жаңа әлеуметтік социум Қазақстан халқын және қазақстандық ұлтты қалыптастыру деген нарративтер Назарбаев билігі негізінде басшылыққа алынды. Мұндай қате, теориялық тұрғысынан да, әлеуметтік практика тұрғысынан да сынға төзбейтін идеологиялық ұқстанымдар елдегі материалдық сферадағы қатынастарға өз ықпалын тигізбей қоймады. Авторитарлық билік елдегі мұсылман дінін ұстанатын көпшіліктің әлеуметтік мүддесін экономикалық дамудың басымдықтарының бірі ретінде қарастырмады. Ол билік үшін Қазақстан халқының ортақ мүддесі мен ортақ жейтін тағамдарының ассортименті маңызды болды. Халал өнімдерімен барша қазақстандықтарды таза, сапалы тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету мүмкіндігі іске асырылмады. Азық-түлік саясатында халал өнімдер өндіруге деген мемлекеттік деңгейдегі құлшыныс болмады. Тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында Қазақстан әлемдегі мұсылман мемлекеттеріндегі халал принциптерін іске асыруды қолға алмады.

Көптеген ислам мемлекеттері Біріккен Араб Әмірліктері, Катар, Кувейт, Сауд Арабиясы, Малайзия т.б. халал өнімдерімен өз халықтарын толыққанды

қамтамасыз етуге қол жеткізді. Халал құндылықтарын бірінші басымдылық ретінде іске асырған дамыған ислам мемлекеттері Құранда айтылған «жеңдер, ішіндер де ысырап етпеңдер. Күдіксіз Алла ысырап етушілерді сүймейді» [4, 101 б.], – деген қағидатты нақты орындауға қол жеткізуде.

Өкінішке орай, Кеңес Одағы жылдарында, тәуелсіздіктің бас кезінде де мемлекеттік билік ислам жұртына тиісті, міндетті халал мен харам талаптарының ара жігін ажыратпай келді. Тамақ өнімдерін өндіруде, өңдеуде, дайындауда харам болатын жағдайларға жол берілді. Тыйым салынған нәжістер, зәр, қан, кір т.б. жойып жіберу болмады. Тыңайтқыштар ретінде нәжіс қалдықтары пайдаланылған көкөніс, канализациядан алынған түрлі шірік қоспаларды пайдалануға жол берілді» [5, 135 б.].

Қазақстандағы халал өндірісі осы уақытқа дейін орын алып келген, жоғарыда айтылған барлық кемшіліктерді, қателіктерді қайталамауы, халал талаптарын қатаң орындауы керек болды. Қазақстанда мұсылмандар саны өсе түсу үдерісі жалғасуда. Ислам дінін ұстанушылар «тамақты халалдан жеу өздеріне міндет деп есептейді» [6, 208 б.].

Аталған мәселелерді шешу мақсатында Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы үкіметтік органдармен және бизнес құрылымдарымен бірлескен шараларды күн тәртібіне қойып, оларды шешудің тиімді жолдарын қарастыра бастады. Елде халал өнімдерін өндіруді реттейтін «Халал Даму» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2014 жылы 8 қазанда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанынан құрылды. Діни басқарманың бастамасымен Жетісу облысында «Халал – шариғат талабы» тақырыбында семинар өткізілді [7].

Бұл семинарда Қазақстан мұсылмандарының харам нәрселерден тыйылып, халал дүниелеріне жақын болуы үшін нақты және түсінікті ақпараттың халыққа дұрыс жеткізілмейтіндігі айтылды.

Осындай шаралар Қазақстанның көптеген облыстарында ұйымдастырылғаннан кейін қорытынды ретінде жалпыреспубликалық халал индустриясын дамытуға арналған алқалы жиын өткізілді. Астанада 2018 жылы өткен бұл

жиында ҚМДБ бас муфтіі Серікбай қажы Ораз халал өнімдерін стандарттау, акредиттеу, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, технолог мамандар дайындау мәселелерін күн тәртібіне қойды. ҚМДБ Ұлттық акредиттеу орта-лығымен бірлесіп жұмыс жасаудың маңыздылығына ерекше ден қойды. Себебі, бірнеше қалаларда жалған халал өнімдерінің өндірісі бар екендігі ескертілді. Кейбір ет комбинаттарында сиыр, жылқы, қой еттері, шошқа еттері өңделетін цехтарда өңделетіні, бұдан халал талаптары өрескел бұзылатыны айтылды.

XXI ғасырдың басынан бастап Қазақстанда халал индустриясын қалыптастыру мен дамыту шаралары іске асырыла бастады. Елдің ірі қалаларының барлығында дерлік, көптеген аудан орталықтарында халал өнімдер шығаратын өндірістер пайда болды. Соңғы 20 жылдай уақыт ішінде Қазақстандағы Халал индустриясы ассоциациясы 600-ден астам отандық және 50-дей шетелдік компаниялардың өнімдерін сертификаттады [3].

Қазақстан үкіметі халал өндірушілерден халықаралық сапа деңгейіне жауап беретін, бәсекеге қабілетті өнімдерді өндіруді талап етті. Қазақстанда үкімет халал стандарттарын етке, ет өнімдеріне, балық пен балық өнімдеріне, сүт және сүт өнімдеріне, жұмыртқа, бидай мен бидай өнімдеріне, өсімдік майларына, малдың майларына, жеміс пен көкөніс өнімдеріне, қант пен тәттілерге, су мен алкогольсіз сусындарға, балға, БАД-тарға, тамақ қоспаларына, парфюмерлік, косметикалық өнімдерге, дәрі-дәрмектерге, заттарды орайтын материалдарға, мейрамхана, кофе, фастфуд, бөлшек суда мен кейтинг қызметтеріндегі халал қызметтеріне қатысты талаптарды және жұмыс үдерісіне қатысты шараларды белгілеп берді. Аталған бағыттар бойынша халал талаптарына қатысты ұсыныстарды 2005 жылы құрылған Қазақстанның халал индустриясы ассоциациясы берді. Елде халал өндіру әлеуметтік дамудың маңызды бағыттарының бірі ретінде қарастырыла бастады.

Сөзсіз бір мақала көлемінде Қазақстандағы халал индустриясын ұйымдастырудың, дамытудың барлық аспектілерін қарастыру тіптен мүмкін

емес. Мақалада біз халал өндіруді бастаудың саяси-әлеуметтік аспектісін ғана қарастырдық. Айтылған мәселелер келесідей қорытындылар жасауға жетелейді.

Қазақстанда халал өндірісі қазіргі жағдайда елдегі ислам дінін ұстанатын көпшіліктің талап-тілектерін толыққанды қанағаттандырмауда. Халал агроөнеркәсіп кешені қызметінің негізгі міндеттерінің біріне айналмады. Елдегі азық-түлік қауіпсіздігінің шешуші бағыттарының бірі – халал индустриясы болды деп айтуға келмейді. Демек, халал мәселесін шешу Қазақстан Үкіметі мен жергілікті атқару органдарының алдағы уақытта міндетті түрде шешуге тиісті шараларының бірі болуда.

Екіншіден, елде халал индустриясын дамытудың барлық негізгі аспектілерін қамтитын заңдық база жоқ. Сондықтан Қазақстан Парламенті халықтың абсолютті көпшілігі болып отырған мұсылман қауымның мүддесін көздейтін, азық-түлік қауіпсіздігін күшейтуге ықпал жасайтын, агроөнеркәсіп кешені мен өңдеуші кәсіпорындарды халалға бетбұрыс жасауға мүдделі ететін жаңа заңдар пакетін қабылдауы керек. Заңдық тірек болмайынша халал өндіруді ислам діні талаптарын үндес жағдайда ұйымдастыру қиын.

Үшіншіден, Қазақстанның геоэкономикалық және табиғи ерекшеліктеріне сәйкес халал өнімдерін өндірудің басым бағыттарын айқындап алған жөн. Барлық халал өнімдерін өндіру тіптен мүмкін емес. Сондықтан импорттық халал өнімдерін нақтылап алу маңызды. Қазақстан өзінің ішкі тұтынысынан артық халал өнімдерін экспортқа батыл шығара бергені тиімді.

Төртіншіден, халал өндірісін ұйымдастыруда жақсы тәжірибе жинақтаған ислам мемлекеттерінің озық үлгілерін қабылдап, отандық халал өндірісінің сапалық деңгейін көтеру де маңызды. «Қазақстандық халал брендтерін» жасау және оларды жарнамалау жұмыстарын жолға қою арқылы әлемдік нарықтан өз орнымызды табуға болады деп есептейміз.

Бесіншіден, халал өндіріміз деп отырған оның талаптарын өрескел бұзатын кәсіпкерлерге тыйым салу Қазақстан сияқты мемлекеттер үшін тіптен маңызды. Себебі, әлемдік ха-

лал нарығында тек таза, сапалы халал өнімдері ғана бәсекеге қабілетті екендігін естен шығармау абзал.

Алтыншыдан, халал индустриясының өрлеуі елдегі маңызды әлеуметтік мәселелерді шешуге көмектеседі. Жаңа халал кәсіпорындарының көбеюі жаңадан мыңдаған жұмыс орындарын ашуға себеп болады. Елдегі табиғат ресурстарын пайдаланып отырған кәсіпорындардан қарағанда халал өңдеуші, өндіруші салалардың дамуына көмектесіп, елдің табиғаты мен экологиясының қорғалуына ықпал етеді. Халал өнімдері Қазақстан халқының денсаулығының нығаюына, оның салауатты өмір салтының жақсаруына позитивті әсері болатыны даусыз.

Қорытынды

Зерттеу барысында проблемалар мен мүмкіндіктерді анықтауға баса назар аудара отырып, Қазақстандағы халал индустриясын ұйымдастыруға саяси талдау жасалды. Талдау негізінде келесі қорытындыларды жасауға болады:

1) халал индустриясы Қазақстан үшін де, көптеген басқа елдер үшін де экономиканың маңызды саласы болып табылады, әсіресе әлемдік нарықта халал өнімдеріне сұраныстың артуы жағдайында. Дегенмен, бұл саланы ұйымдастыру процесі тиімді реттеуді, тиісті сертификаттауды орнатуды және ұқсас өндірушілермен бәсекелестік мәселелерін шешуді қоса алғанда, бірқатар проблемалармен бірге жүреді.

2) халал индустриясының дамуы Қазақстан үшін инвестиция тарту, жаңа жұмыс орындарын ашу және сапалы халал өнімдерін шығаратын орталық ретінде еліміздің халықаралық имиджін нығайту сияқты айтарлықтай экономикалық және әлеуметтік мүмкіндіктер береді.

3) анықталған міндеттер мен мүмкіндіктерге сүйене отырып, халал индустриясын реттеуді жетілдіруге, сертификаттау жүйесін жетілдіруге және осы саладағы инновацияларды қолдауға бағытталған саясаттық стратегияларды әзірлеу және іске асыру ұсынылады. Сондай-ақ, Қазақстандағы халал индустриясын дамытуға жәрдем-десу

үшін мүдделі тараптарды, оның ішінде мемлекеттік органдарды, биз-нес-қоғамдастықтарды және діни жетекшілерді белсенді түрде тарту қажет.

4) халал индустриясын дамыту Қазақстан үшін маңызды стратегиялық бағыт болып табылады және бар мүмкіндіктерді пайдалана отырып, анықталған проблемаларды тиімді шешу елімізде осы саланың одан әрі тұрақты және табысты дамуына ықпал ете алады.

Қаржыландыру

Ғылыми мақала ҚР ҒЖБМ ҒК қаржыландыруы аясында АР 14870599 ««Халал» феномені және зайырлы мемлекеттердегі экологиялық сананың қалыптасуы: салыстырмалы талдау» атты ғылыми жобасы бойынша дайындалған.

Әдебиеттер тізімі

1 Страны мира. – М.: ОЛМА Медиа Групп, 2009. – 320 с.

2 Оңғаров Е., Мұратәлі Н. Қасиетті Құран: мағынасы мен түсініктемелері. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 1016 б.

3 К 2023 году рынок халал-продуктов в мире достигнет \$3 трлн // [Электронды ресурс] URL: <https://kapital.kz/economic/80598/k-2023-godu-rynok-khalal-produktov-v-mire-dostignet-3-trln.html> (Қаралған күні: 20.08.2019)

4 Ислам дегеніміз не? Сұрақ-жауап ретінде. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 204 б.

5 Аль-Коккози Мухаммад б. Йусуф. Мухтасар Ильмихал. Книга 1. – Казань: Зур Казан, 2018. – 583 с.

6 Хусейн Хилми Ымык. Жәннат жолы ілімхалы. – Алматы: «Түркістан» кітаптар үйі, 2021. – 248 б.

7 Жетісу обл.: халал хақында семинар // [Электронды ресурс] URL: <https://halaldamu.kz/kk/p/zhetisu-obl-halal-haynda-seminar> (Қаралған күні: 30.01.2024)

Transliteration

1 Strany mira [Countries of the world]. – М.: OLMA Media Grupp, 2009. – 320 s. (in Russ)

2 Oñgarov E., Mұratәli N. Qasietti Qұran: mağynasy men түsiniktemeleni [The Holy Qur'an: Meaning and Explanations]. – Nūr-Sұлtan, 2020. – 1016 b. (in Kaz)

3 K 2023 godu ryнок halal-produktov v mire dostignet \$3 trln [By 2023, the global halal food market will reach \$3 trillion] // [Jelektrondy resurs] URL: <https://kapital.kz/economic/80598/k-2023-godu-rynok-khalal-produktov-v-mire-dostignet-3-trln.html> (Qaralğan kuni: 20.08.2019)

4 İslam degenimiz ne? Sұraq-jauap retinde [What is Islam? As a question and answer]. – Nūr-Sұлtan, 2020. – 204 b. (in Kaz)

5 Al'-Kokkozi Muhammad b. Jusuf. Muhtasar Il'mihal. Kniga 1. – Kазan': Zur Kазan, 2018. – 583 s. (in Russ)

6 Husein Hilmi Ymyk. Jәnnat joly ilimhaly [The path to heaven is a teaching place]. – Almaty: «Türkistan» kitapтар üi, 2021. – 248 b. (in Kaz)

7 Jetisu obl.: halal haqynda seminar [Zhetysu region: seminar on halal] // [Jelektrondy resurs] URL: <https://halaldamu.kz/kk/p/zhetisu-obl-halal-haynda-seminar> (Qaralğan kuni: 30.01.2024) (in Kaz)

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Айкерім Алтайқызы

жетекші ғылыми қызметкер, PhD, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, email: aikerim.altaiqyzy@gmail.com, ORCID ID <https://orcid.org/0000-0002-9689-4592>

Сайын Молдағалиевич Борбасов

бас ғылыми қызметкер, профессор, саяси ғылымдарының докторы, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан, email: borbassov54@mail.ru

Айкерім Алтайқызы

ведущий научный сотрудник, PhD, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: aikerim.altaiqyzy@gmail.com, ORCID ID <https://orcid.org/0000-0002-9689-4592>

Сайын Молдағалиевич Борбасов

главный научный сотрудник, профессор, доктор философских наук, Институт философии, политологии и религиоведения, Институт истории и этнологии им. Ш.Ш. Уалиханова КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: borbassov54@mail.ru

Aikerim Altaikyzy

Leading Researcher, PhD, Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: aikerim.altaiqyzy@gmail.com, ORCID ID <https://orcid.org/0000-0002-9689-4592>

Sayin Borbasov

Chief Researcher, Professor, Doctor of Philosophical Sciences, Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies, Sh.Sh. Ualikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: borbassov54@mail.ru

WOMEN IN THE ETHNIC COMMUNITIES OF KAZAKHSTAN AS A CHANNEL FOR THE PRODUCTION AND FORMATION OF CIVIC AND ETHNIC IDENTITY: ON THE EXAMPLE OF TAJIK WOMEN IN THE TURKESTAN REGION

¹G.Kim, ²B.Eschment, ³A.Sadvokassova, ⁴Zh.Nakipbayeva, ⁴E.Otar

ABSTRACT

The article presents the results of a field study conducted among women of the Tajik ethnic group of the Turkestan region based on the project «Women of ethnic communities of Kazakhstan as a channel for reproduction and formation of civic and ethnic identity (using the example of the Turkestan region and the city of Shymkent)».

The research methodology was based on a qualitative approach. Considering that women of the Tajik ethnic group of Kazakhstan had not previously been studied within the framework of identity, methods of narrative interview and observation were used to analyze their identity and daily life.

The article not only presents the identity of Tajik women and the channels of its transmission in their interpretation, but also presents the concepts of «identity», «civic identity», «ethnic identity», the rules of the narrative interview method, its disadvantages. The advantages and difficulties faced by the researchers during the field period of the study were described. In general, the article can be considered a guide for specialists in the field of social sciences on the use of qualitative research methods, including the use of narrative interviews in the study of ethnic groups, especially when studying identity issues in small groups. In addition, the article is important for specialists working in the interethnic field, engaged in research in this field, especially for specialists considering the problem of identity, for young scientists and students studying in the field of social sciences

Key words: Ethnic Groups, Tajik Ethnicity, Women, Identity, Methodology, Qualitative Research Approach.

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²Center for East European and International Studies – ZOIS, Berlin, Germany

³Institute of Applied Ethnopolitical Research, Astana, Kazakhstan

⁴L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Author-correspondent:
Zh. Nakipbayeva,
zhanarnakipbayeva@gmail.com

Reference to this article:
Kim G., Eschment B., Sadvokassova A., Nakipbayeva Zh., Otar E. Roles and Place of Women in Ethnic Groups in the Formation of Social Identity: Research Methodology and Design // Adam Alemi. – 2024. – No.2 (100). – P. 73-82.

Қазақстан этникалық қауымдастықтарындағы әйелдер азаматтық және этникалық бірегейлікті өндіру және қалыптастыру каналы ретінде: Түркістан облысындағы тәжік әйелдері мысалында

Аңдатпа. Мақалада «Қазақстан этникалық қауымдастықтарындағы әйелдер азаматтық және этникалық бірегейлікті өндіру және қалыптастыру каналы ретінде (Түркістан облысы және Шымкент қаласы мысалында)» жобасы негізінде Түркістан облысындағы тәжік этносының әйелдері арасында жүргізілген далалық зерттеудің нәтижелері ұсынылды.

Зерттеудің әдіснамасы әлеуметтанудағы сапалы зерттеу тәсіліне негізделді. Қазақстандағы тәжік әйелдері осыған дейін этникалық топтың мүшесі ретінде бірегейлік шеңберінде зерттелмегені ескеріле отырып, олардың бірегейлігін және күнделікті өмірін талдауда нарративті сұқбат пен бақылау әдістері қолданылды.

Мақалада тәжік әйелдерінің бірегейлігі және оны трансляциялау жолдары олардың интерпретациялауында ұсынылып қана қоймай, «бірегейлік», «азаматтық бірегейлік», «этникалық бірегейлік» ұғымдарының тұжырымдамасы берілді, нарративті сұқбат әдісін жүргізу ережелері, оның кемшіліктері мен артықшылықтары, далалық кезеңде зерттеушілердің кезіккен қиындықтары сипатталды.

Жалпы, мақала әлеуметтік ғылымдар саласындағы мамандар үшін сапалық зерттеу әдістерін, оның ішінде өте сирек қолданылатын нарративті сұқбатты этникалық топтарды зерттеуде, әсіресе бірегейлік мәселесін шағын топтарда зерттеу барысында қолдану бойынша бір нұсқаулық болып есептеле алады. Сонымен қатар, мақала этносаралық салада қызмет атқаратын, осы саланы зерттеумен айналысатын мамандар үшін, әсіресе бірегейлік мәселесін қарастырып жүрген мамандар үшін, әлеуметтік ғылымдар саласында білім алатын жас ғалымдар, студенттер үшін маңызды болып табылады.

Түйін сөздер: этникалық топтар, тәжік этносы, әйелдер, бірегейлік, методология, сапалы зерттеу тәсілі.

Женщины в этнических сообществах Казахстана как канал воспроизводства и формирования гражданской и этнической идентичности: на примере таджикских женщин Туркестанской области

Аннотация. В статье представлены результаты полевого исследования, проведенного среди женщин таджикского этноса Туркестанской области на основе проекта «Женщины этнических сообществ Казахстана как канал воспроизводства и формирования гражданской и этнической идентичности (на примере Туркестанская область и город Шымкент)».

Методология исследования была основана на качественном подходе. Учитывая, что женщины таджикского этноса Казахстана ранее не изучались в рамках идентичности, для анализа их идентичности и повседневной жизни использовались методы нарративного интервью и наблюдения.

В статье не только представлена идентичность таджикских женщин и каналы ее передачи в их интерпретации, но также представлены понятия «идентичность», «гражданская идентичность», «этническая идентичность», правила проведения метода нарративного интервью, его недостатки. Были описаны преимущества и трудности, с которыми столкнулись исследователи в полевой период исследования.

В целом, статья будет полезной для специалистов в области социальных наук руководством по использованию методов качественного исследования, в том числе по применению нарративного интервью при изучении этнических групп, особенно при изучении вопросов идентичности в небольших группах. Кроме того, статья важна для специалистов, работающих в межэтнической сфере, занимающихся исследованиями в этой области, особенно для специалистов, рассматривающих проблему идентичности, для молодых ученых и студентов, обучающихся в области социальных наук.

Ключевые слова: этнические группы, таджикский этнос, женщины, идентичность, методология, качественный подход исследования.

Introduction

Society is an integrated system where elements are closely related and influence each other. In the same way, the formation of personal identity is invariably shaped by the influence of societal members and structures.

The formation of personal identity is significantly influenced by the perceptions of others, their lifestyles, patterns of experience, methods of self-development, decision-making experiences, and individual journeys in understanding life [1].

Representatives of symbolic interactionism (Mead J., Cooley K.) observed that children begin to form their worldview within the primary group, typically their

immediate family. This perspective resonates with E. Erikson's psychoanalytic theory, which emphasizes that a child's early social experiences within the family shape their initial sense of group identity [2].

The project "Women of ethnic communities as channels of reproduction and formation of civic and ethnic identity (using the example of the Turkestan region and the city of Shymkent)" was developed based on observational research conducted at the Institute of Applied Ethnopolitical Research [<https://iaer.kz/>] between 2020 to 2022. The research findings highlighted distinct role and gender-specific practices in childrearing among the majority of Kazakhstani ethnic groups. Specifically, the

division of labor within these groups significantly influences their roles within the family structure. For instance, men are predominantly engaged in agriculture and logistics, while women are active in teaching, medicine, or domestic affairs. Consequently, women often assume primary responsibility for household management due to men's extended absence from home. Based on the findings of the secondary analysis, the primary focus of this research project centered on elucidating the role of women in childrearing, their contribution to civic and ethnic identity formation within their ethnic communities, as well as exploring the role, position, status, and identity of women within these ethnic groups.

The article presents the results of a field study conducted among women of the Tajik ethnic group of the Turkestan region in March-April 2023. It analyzes the identity of women of the Tajik ethnic group, focusing on their perceptions of daily life, societal roles and positions, their contributions to child-rearing, and the methods through which they transmit identity during the upbringing of children.

Methodology

This research is based on a qualitative approach. Qualitative approach is used if there is little research work on the issue under consideration. It is exploratory in nature, so it is useful when the researcher does not know what variables to consider in relation to the problem being studied. Also, the qualitative approach is important when researching issues that are new, have never been studied, and cannot be applied to clear theories about specific groups and samples [3]. At the same time, another reason for using qualitative research is that there is a limitation of the possibility of research within the framework of its general set [4]. That is, when the object of research consists of subgroups and it is impossible to extract detailed information about their gender, age and place of residence from the general population, it is decided to use a qualitative approach.

Taking into account the fact that the subject of the proposed research has not been fully and systematically reviewed in Kazakhstan, as well as the compact loca-

tion of the research objects and their small volume, it was decided to use the qualitative research method in this field study. In addition, the fact that the problem of women in Kazakh ethnic groups has not been studied as a separate group and their place and role in the formation of identity has not been considered at all was the main reason for undertaking this research project.

This project uses a qualitative method of narrative research and participant observation. The word «narrative» can be understood as a report/story from the beginning to the end about the experience of the informant and a conclusion drawn from it [5].

Narrative interviews are characterized by unstructured, in-depth tools with deep features arising from the respondent's life stories and cross-analysis of the situational context. This type of interview aims to encourage the interviewer to tell about important events in the informant's life and social context. In this method, based on the idea of reconstructing social events based on the perspective of informants, the influence of the interviewer on the conversation is minimal [6].

Women of Tajik ethnic group in Turkestan region with experience in raising children over 18 years of age were identified as the object of the research.

A key principle that distinguishes qualitative research from quantitative research is that it is not based on a specific sample. In a qualitative approach, the researcher is concerned with the completeness of the information rather than the retention of a specific, predetermined sample. In this study, priority was given not to sampling, but to full collection of information. That is, the researcher decided to stop the research only when all the information was gathered, the same answers were given to the questions, and new ideas and thoughts began to be repeated.

More than 30 respondents participated in this study. In the course of the research, attention was paid to socio-demographic characteristics, education levels, and social categories of interviewees in order to ensure the comprehensiveness of public opinion, as well as to listen to the opinions of all categories of the population.

Additionally, the study focused on the settlement patterns of ethnic groups. Thus, the village of Al-Farabi, in which Kazakhs and Tajiks live together, was chosen as a multi-ethnic settlement; the village of Firdausi was chosen as a mono-ethnic settlement, where exclusively Tajiks live.

партиясы (Bharatiya Janata Party - BJP) ұсынған жаңа Үндістанның қалыптасуына байланысты елдің саяси өміріндегі елеулі өзгерістер қарастырылады. Ғалым BJP және Үндістанның премьер-министрі Нарендра Модидің елдегі діни ұлтшылдық саясатын жүзеге асырудағы қызметін сынға алады. Заманауи Үндістанның қоғамдық-саяси өміріне ықпал еткен мәлімдемелердің мәні дәйектеледі. Зерттеуші елдегі тіл, дін және тарихи мұра төңірегінде болып жатқан пікірталастар, үнді бірегейлігін нығайтудың түрлі түсіндірмелеріне назар аударады. Үндістанның саяси моделінде бұрынғыдай саясаткерлердің мінез-құлқын анықтайтын топтық құрықтарын қорғау ерекшеленеді. Үндістанның саяси өміріне индуизм (дінді саясиландыру) және кастизм (әлеуметтік институтты саясиландыру) факторларының салдары анықталады. Автор үндістандықтар демократия мен діни ұлтшылдықтың ұлттық моделін құруды таңдайтындығын айта келе, Үндістанның халықтық партиясының индуизм ұлтшылдығы Үндістанның ұлттық конгресінің (Indian National Congress) зайырлы ұлтшылдығына қарсы тұрады деген қорытындыға келді. Үндістандықтар да қазіргі таңда теңдік қағидаттарына негізделген басты құндылық даму екенін атайды. Халық BJP және Нарендра Модиден елдің дамуын тездететіндігінен үмітті. Біздің ойымызша, әр елдегі діни ұлтшылдық саясатын жүзеге асыру түрлі формада болады және халық қалауын ескереді. Діни ұлтшылдыққа қатысты саясат ұлттың анықтаушы сипаты ретінде белгілі бір діни және мәдени мұраны ілгерілету мақсатында діни бірегейлік пен ұлттық бірегейлік арасындағы тығыз байланысты қамтиды. Діни ұлтшылдық саясатының қуаттылығы әр түрлі болуы мүмкін екенін ескеру қажет. Өйткені, оның салдары әлеуметтік бірігумен қатар, топаралық шиеленістерді, тіпті қақтығыстарды қамтуы ықтимал. Сонымен қатар, діни ұлтшылдықтың саясатқа әсер ету дәрежесі елдегі саяси, әлеуметтік және экономикалық динамиканың өзгеруіне байланысты уақыт өте келе өзгеріп отыратындығын

мойындауымыз қажет.

И. Гарри [13] 1911 жылы Цин империясы құлағаннан кейінгі кезеңде және 1951 жылы Тибеттің ҚХР-ға қосылғанға дейінгі Қытай-Тибет шекарасындағы Тибет ұлтшылдығының пайда болуын зерттейді. Автор Авалокитешвара (Avalokitesvara - мархабатпен қарау) жанашырлығы будхисаттвасының (Bodhisattva - ояңған сананы тазарту) табынушылығы Тибетті Далай-ламалар мемлекетімен байланыстыратын тибеттік діни ұлтшылдықтың негізгі рухани тамыры болды деген пікір білдіреді. Мақалада Тибет таулы қыратының кең-байтақ аумағында ұлтшылдықтың мынадай түрлерінің болғаны да баяндалады: тибеттік коллаборационистік ұлтшылдық; гоминьдандық немесе коммунистік типтегі зайырлы автономиялық ұлтшылдық. Бұл кезеңдегі ұлтшылдық сайысында діни фактор басты орын алған. Сондықтан Тибет буддизмі дін мен саясатты біріктіру дәстүрі аясында жаңа жағдайларға оңай бейімделіп, ұлтшылдықтың түрлі формаларында түбегейлі қарама-қарсы мақсаттарды қолданды. Дегенмен, мақалада түрлі ұлттық және діни мүдделер қақтығысы Қытай коммунистерінің жеңісіне және діни ұлтшылдықтың жойылуына әкелгені айқындалады. Демек, табынушылық діни ұлтшылдықты дамытады және түрлі діни мүдделер діни ұлтшылдықтың құлдырауына әкеледі деуімізге негіз бар. Табынушылықта орталықтандырылған жетекшілік және әлеуетті идеологиялық бірлік сезімі бар. Кейбір жағдайларда осы орталықтандырылған бақылау діни ұлтшылдықты насихаттау үшін пайдаланылуы мүмкін. Табынушылық нанымдары мен тәжірибесі ұлтшылдық идеологиясымен сәйкес келеді және топ ішінде бірлік пен бірегейлік сезімін ілгерілетеді. Дегенмен, діни плюрализм, тіпті, конфессияаралық диалогқа назар салу діни ұлтшылдықтың құлдырауына әкелуі мүмкін. Өйткені, түрлі діни мүдделер диалог пен ынтымақтастыққа түскен кезде ортақ құндылықтар мойындалып, ұлтшылдық назардан тыс қалады деп ойлаймыз. Сондықтан табынушылық діни ұлтшылдықтың дамуына ықпал

еткенімен, түрлі діни мүдделер мен әлеуметтік үдерістер діни ұлтшылдық идеологиясының құлдырауына немесе өзгеруіне әкеледі.

Армениялық және литвалық ғалымдар зерттеулеріндегі көзқарастар

М. Burchardt және Н. Novhannisyan [14] мақаласында ұлтшылдықтың Армениядағы дін мен зайырлылық төңірегіндегі дауларды қалыптастырып жатқан құбылыстарды «мәдени қорғаныс» ұғымы арқылы анықтайды. Ғалымдардың пайымдауынша, бұл тұжырымдама өзекті болғанымен, Кавказ аймағындағы діни өзгерістерді посткеңестік кеңістіктің бөлігі ретінде талдау үшін сирек қолданылған. Бұл зерттеуде «мәдени қорғаныс» ахуалының әлеуметтік нәтижелерінің діни ұлтшылдықтың күшеюіне әсері салыстырмалы түрде қысқаша талданады. Авторларды діни және зайырлы сала арасындағы ара-қатынастың қоғамда нақты тәсілдермен көрініс табуы, посткеңестік Арменияның діни-зайырлы кескіндемесінің дамуы және мемлекеттілік пен ұлтшылдықтың жұмылдыру процестері тұжырымдамаларының қалыптасуы қызықтырады. Осы тұста ұлтшылдық дін мен зайырлылықты қалыптастырады деген тұжырымға мән берген дұрыс сияқты. Ұлтшылдық дін мен зайырлылыққа қатысты жеке адамдар, қауымдастықтар мен үкіметтердің осы ұғымдарды түсінуіне және өзара әрекеттесуіне ықпал жасайды. Ұлтшылдық діни нанымдар мен тәжірибені ұлттық құндылықтарға сәйкес келетін ұғымдармен түсіндіреді. Діни рәміздер, рәсімдер мен дәстүрлер ұлттық бірегейлік пен ынтымақтастықты нығайту үшін қолданылады. Ұлтшылдық зайырлылық ұғымын ұлттық контексте де қалыптастыра алады. Бұл тұста мемлекеттік зайырлылық діни ұлтшылдыққа қарсы тұруы мүмкін. Бұл қарсылық діннің қоғамдық өмірдегі рөлі, орта және жоғары мектептердегі діни білім беру, мемлекеттік мекемелерде діни рәміздердің болуы секілді

мәселелер төңірегінде пікірталастардан көрінеді. Сонымен қатар, азаматтық ұлтшылдық сияқты ұлтшылдықтың түрі ұлттық бірліктің негізі ретінде этникалық және діни бірегейлікті бірінші орынға қоятын этно-діни ұлтшылдықпен де таласқа түседі. Сондықтан ұлтшылдық, дін және зайырлылық арасындағы өзара әрекеттесуді түсіну әлеуметтік-саяси динамикаға талдау жасау және плюралистік қоғамды ілгерілету үшін маңызды.

L. Yakova және E. Racius [15] пікірінше, бұрынғы КСРО және Варшава шартына мүше республикалар коммунистік биліктен ажырағанына ондаған жылдар өтсе де, Шығыс Еуропа елдері көп жағдайда өтпелі кезеңді жалғастыруда. Бұл елдердегі өзгерістер айқын көрінетін бір саласына діни әралуандылықты басқару жатады. Коммунизм ыдырағаннан бері аймақтағы мемлекеттердің көпшілігі либералды діни басқару режимдерін, сондай-ақ түрлі діни қауымдастықтардың өсіп-өркендеуіне мүмкіндік беретін әралуандылықты жақтайтын үрдістерді қабылдады. Ғалымдар көзқарасы бойынша соңғы уақытта аймақтың түрлі бөліктерінде діни әралуандылыққа жалпы оң көзқарастан алшақтап, қабылданған еркіндіктен діни қауымдастықтар мен олардың қызметін бақылауды күшейтуге қарай ауысу байқалады. Осы процестерді түсіндіру үшін «Ethnicities» журналында түзіліп жатқан арнайы нөмірде мәселенің кейбір негізгі динамикасын талдау үшін діни ұлтшылдықтың теориялық көріністері мен келешегі қарастырылады. Мәліметке сәйкес арнайы нөмірде бірқатар сұрақтарды талдау жоспарланып отыр, олардың ішіндегі ең маңыздысы мынау: діни ұлтшылдық посткоммунистік Еуропадағы дінді басқаруға ықпал жасай ма, егер ықпал жасаса, қалай? Бұл сұраққа өзіміз жауап беруге ұмтылдық. Діни ұлтшылдық дін бостандығы, мемлекет пен шіркеудің қарым-қатынасына және қоғамдағы діннің рөліне қатысты саясат пен тәжірибені қалыптастыру арқылы посткоммунистік Еуропадағы дінді басқаруға әсер етеді деп ойлаймыз.

Біріншіден, діни ұлтшылдық елдегі дәстүрлі және көпшілік діндердің үстемдігіне жәрдемдеседі. Коммунизм ыдырағаннан кейін ұлттық бірегейліктің қайта жандануы байқалған пост-коммунистік Еуропада үкіметтер ұлттық бірегейлік пен келісімді нығайту тәсілі ретінде этникалық көпшілікпен байланысты дәстүрлі дінді жақтауы ықтимал.

Екіншіден, діни ұлтшылдық ықпалындағы үкіметтер көпшілік дінге артықшылық беретін заңдар мен саясатты жүргізеді. Бұл шараларға дәстүрлі діни қауымдастықтарды мемлекеттік қаржыландыру, арнайы артықшылықтар беру, ұлттық бірегейлікке қауіп төндіретін азшылықтар діндеріне және жаңа діни ағымдарға шектеулер енгізу жатады.

Үшіншіден, діни ұлтшылдық пост-коммунистік Еуропадағы мемлекет пен шіркеу арасындағы қарым-қатынас сипатына да әсер етуі мүмкін. Бұл процесс үкіметтердің дәстүрлі діни қауымдастықтарға қоғамда артықшылық беру және ұлттық құндылықтар мен бірегейлікті нығайту үшін білім беру мен адамгершілік тәрбие секілді қоғамдық істерге тарту арқылы тығыз байланыс орнатуға ұмтылуынан байқалады.

Төртіншіден, діни ұлтшылдық басым дінмен байланысты мәдени мұраны сақтауға және насихаттауға көп мән береді. Шығыс Еуропалық үкіметтер ұлттық бірегейлік пен мақтаныш сезімін нығайту үшін діни орындарды қалпына келтіру, діни туризмді ілгерілету және білім беру бағдарламаларына діни тақырыптарды енгізуге назар аудара бастайды.

Бесіншіден, діни ұлтшылдық басым діни және ұлттық идеологияға қарсылық ретінде қабылданатын азшылық діндерді бақылауды күшейтуі және шектеуі мүмкін. Үкіметтер ұлттық қауіпсіздік пен мәдени тұтастықты сақтау сылтауымен діни тәжірибеге қатысты ережелерді енгізіп, жаңа діни топтарды тіркеуді шектеуі және азшылықты құрайтын діни қауымдастықтардың қызметін бақылайды.

Алтыншыдан, білім беру саясаты ұлттық бірегейлік пен құндылықтарды

қалыптастырудағы үстем діннің маңыздылығына назар аударатын оқу бағдарламаларымен бірге діни ұлтшылдық идеологияларын насихаттайды. Мәселен, оқушыларды ұлттық қауымдастыққа тиістілік сезімін нығайта отырып, мектеп бағдарламалары арқылы діни ұлтшылдық идеялармен таныстыруға болады.

Жетіншіден, діни ұлтшылдық конфессияаралық қатынастарға әсер етіп, діни қауымдастықтар арасындағы шиеленісті күшейтуі мүмкін. Азшылықтардың өздерін маргиналды топ ретінде немесе кемсітушілікті сезінуі діни бірегейлік негізіндегі әлеуметтік келіспеушіліктер мен қақтығыстарға әкеледі.

Тұтастай алғанда, посткоммунистік Еуропадағы дінді басқаруға діни ұлтшылдықтың әсері ерекше. Дегенмен, дәстүрлі және көпшілік діндердің мүдделеріне басымдық беретін, азшылық діни топтарды маргиналдандыратын саясатты жүргізген мемлекет үшін тиімсіз.

D. Vékony және E. Raciustың [16] айтуынша, тарихи үстем Рим-католиктік мұрасы бар Орталық Еуропа елдері дінді басқару тұрғысынан белгілі бір кластерге жатады. «Ethnicities» журналының арнайы нөміріне жоспарланып жатқан мақалада Венгрия мен Словакиядағы діни ұлтшылдықтың екі елдегі дінді басқару режимдеріне әсері қарастырылады. Берлин қабырғасы құлағаннан кейін либералдық құндылықтар ұстанатын дінге қатысты бейтараптықтың қысқа кезеңі қалыптасты. Қасиетті Тақпен конкордаттық екіжақты келісімдері негізінде екі ел де дәстүрлі христиан шіркеулерін қолдай бастады. 2010 жылдарға қарай екі елдің заңнамасы «жаңа» діндердің енуіне шектеулі кедергілер жасады. Осы негізде «ескі» және «жаңа» діндер үшін екі деңгейлі жүйе құрылып, біріншісі мемлекетпен тығыз қарым-қатынаста болды. Нәтижесінде шіркеу мен мемлекеттің бөлінуі бұлыңғырлана бастады. Дәрежесі биік шіркеулер қоғамдық кеңістікте белгілі бір білім беру және әлеуметтік қызметтерді жеткізушілер ретінде қайта пайда болды. Артықшылығы мол

шіркеулер мен мемлекет арасында үйлесімсіз өзара тәуелді қарым-қатынас дамып, мемлекет басымдылыққа ие болды. Осы уақытта популистік және ұлтшыл партиялар дінді құрал ретінде пайдаланып, христиандықты өздерінің ұлтшылдық саяси дискурсына енгізді. Бұл процесс мемлекеттің кейбір діни топтарға артықшылық бере алатын нормативтік кеңістікті құруға көмектесті. Христиандық ұлттық бірегейлікке назар аудару үкіметтердің көші-қонды қауіпсіздік пен исламмен байланыстыратын көзқарастарын күшейтті. Аталмыш қағида оңшыл және популистік көзқарастарға бейім билеуші элитаның дини-ұлтшылдық көзқарастарына сәйкес келмейтін кейбір діни топтарды ықпал жасаудан тыс қалдырды.

Қорытынды

Посткеңестік кеңістік ғалымдарының діни ұлтшылдыққа қатысты тұжырымдары жан-жақты және әр елдегі академиялық дискурстағы түрлі көзқарастарды дәйектейді. Посткеңестік кеңістік ғалымдарының зерттеулерін жүйелеу барысында кейбір ортақ көзқарастар айқындалды:

1. Әлеуметтік-саяси талдау: посткеңестік кеңістік ғалымдары діни ұлтшылдықты оның қоғам, саясат және тұлғаның қалыптасуына әсерін зерттеп, әлеуметтік-саяси көзқарасқа ерекше назар аударады. Ғалымдар діни ұлтшылдықтың этникалық, мәдени ұлтшылдық секілді т.б. түрлерімен тоғысуы және әлеуметтік бірлік пен шиеленістерге әсерін зерттеуге ұмтылады.

2. Тарихи контекст: зерттеушілер кеңестік атеизм мұрасы, коммунизм ыдырағаннан кейінгі діни бірегейліктің қайта жандануы, ұлттық бірегейлік пен құндылықтарды қалыптастырудағы діннің рөлі сынды факторларды қарастырып, посткеңестік кеңістіктегі діни ұлтшылдықтың тарихи ахуалына жиі тоқталады.

3. Бірегейлік саясаты: посткеңестік ғалымдар діни ұлтшылдықты бірегейлік саясатының түрі ретінде талдайды

және оның діни тиістілікке негізделген ұжымдық бірегейлікті құрудағы және жұмылдырудағы рөліне мән береді. Бұл діни ұлтшылдықтың этникалық, тілдік және мемлекеттік бірегейлікпен тоғысуы, топаралық қатынастарға ықпалын зерттеуді нақтылайды.

4. Мемлекет пен шіркеу қатынастары: ғалымдар діни ұлтшылдық үкіметтің діни институттарға қатысты саясатын қалыптастыруы, дін көшбасшыларының саясаттағы рөлі және шіркеу мен мемлекеттің бөлінуіне қатысты пікірталастарды қарастырады және посткеңестік контексте мемлекет пен шіркеу қатынастарының динамикасын зерттейді.

5. Адам құқықтары және азшылық құқықтары: зерттеушілер посткеңестік кеңістіктегі діни ұлтшылдықтың адам және азшылық құқықтарына тигізетін зардаптарына назар аударады. Олар діни азшылықтарды кемсітетін, дін мен сөз бостандығын шектейтін саясатты сынайды немесе қолдайды және діни әралуандылыққа қатысты төзімділік көзқарастарын жақтайды.

6. Секуляризм және плюрализм: ғалымдар діни ұлтшылдықты зайырлылық пен плюрализмге қатыстылығын талдап, діни және зайырлы институттар арасындағы тепе-теңдік пен толеранттылықты насихаттауға және көпмәдениетті қоғамдағы діни әралуандылықты басқарудағы қиындықтарға ықпалын қарастырады.

7. Салыстырмалы зерттеулер: әрине, посткеңестік кеңістік ғалымдары діни ұлтшылдықты басқа елдер, тарихи кезеңдер аясында қарастырып, салыстырмалы зерттеулер жүргізген. Салыстырмалы зерттеулер діни ұлтшылдыққа қатысты посткеңестік қоғамдағы ұқсас ағымдар арасындағы параллельдерді белгілейді.

Қорыта айтқанда, посткеңестік кеңістік ғалымдарының діни ұлтшылдыққа қатысты көзқарастары ұғымның күрделілігі мен елдегі қоғам, саясат және мәдениетке тигізетін салдары туралы нақты түсінікті қалыптастыруға септігін тигізеді. Посткеңестік кеңістік ғалымдарының талдаулары ұлттық

бірегейлік, басқару мен әлеуметтік қатынастарды қалыптастырудағы діннің рөлі туралы пікірталастарды шешуге ықпал етеді.

Қаржыландыру

Берілген мақала «Қазақстандағы ұлттық құрылыс аясындағы исламизация үдерісі: интеграциялық және дезинтеграциялық әлеуеті» ғылыми жобасы аясында дайындалып, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды. Грант АР14871508.

Әдебиеттер тізімі

1 Hayes C.J.H. Nationalism: A Religion. – Routledge, 2016. – 198 p.

2 Xypolia I. Cypriot Muslims among Ottomans, Turks and British // *Bogazici Journal*. – 2011. – No. 25 (2). – P. 109–120.

3 Juergensmeyer M. The worldwide rise of religious nationalism // *Journal of International Affairs*. – 1996. – No. 50 (1). – P. 1–20.

4 Grzymala-Busse A. Religious nationalism and religious influence // [Electronic resource] URL: <https://oxfordre.com/politics/display/10.1093/acrefore/9780190228637.001.0001/acrefore-9780190228637-e-813> (accessed 14.01.2024)

5 Khan Z-I. Religion is a unifying force // [Electronic resource] URL: <https://www.milligazette.com/news/islamic-perspectives/3756-religion-is-a-unifying-force/> (accessed 14.01.2024)

6 Hibbard S. Religion, nationalism, and the politics of secularism. In Omer A., Scott Appleby R., Little David (Eds.), *The Oxford handbook of religion, conflict, and peacebuilding* (pp. 100–123). – Oxford: Oxford University Press, 2015. – 736 p.

7 Mooney C.Z. *The public clash of private values: The politics of morality policy*. – Washington: CQ Press, 2001. – 283 p.

8 Golovushkin D.A. On the issue of religious tolerance in modern Russia: national identity and religion // *Journal for the Study of Religions and Ideologies*. – 2004. – No. 2 (7). – P. 101–110.

9 Yusupova G. The Islamic representation of Tatarstan as an answer to the equalization of the Russian regions // *Nationalities Papers - The Journal of Nationalism and Ethnicity*. – 2016. – No. 44 (1). – P. 38–54.

10 Ситников А.В., Романов М.В., Фасхудинов Р.Р. Национальная и религиозная идентичности: опыт анализа взаимосвязи (на примере Республики Татарстан) // *Социологические исследования*. – 2022. – №3. – С. 120–134.

11 Golovneva E. Saving the native faith: Religious nationalism in Slavic neo-paganism (Ancient Russian Yngling Church of orthodox old believers-Ynglings and Svarozhichi) //

Convention 2017: Modernization and Multiple Modernities (ISPS CONVENTION 2017). – Dubai: Knowledge E, 2018. – P. 337–347.

12 Emelyanova N. The specifics of political modernization in modern India: Between progress and regression // *Istoriya - Elektronnyi Nauchno-Obrazovatelnyi Zhurnal*. – 2020. – No. 11 (12).

13 Гарри И. Культ Авалокитешвары и конкурирующие национализмы сино-тибетского пограничья (1911–1951 гг.) // *Государство, религия, церковь в России и за рубежом*. – 2020. – №1(38). – С. 13–36.

14 Burchardt M., Hovhannisyanyan H. Religious vs secular nationhood: «Multiple secularities» in post-Soviet Armenia // *Social Compass*. – 2016. – No. 63 (4). – P. 427–443.

15 Yakova L., Raciuc E. Introduction: All quiet on the Eastern front? Recent dynamics in the governance of religion in post-communist Europe // *Ethnicities*. – 2023. // [Electronic resource] URL: <https://doi.org/10.1177/14687968231209324>. (accessed 14.01.2024)

16 Vékony D., Raciuc E. Governance of religious diversity in Central Europe: A religious nationalism inspired illiberal turn in Hungary and Slovakia? // *Ethnicities*. – 2023. // [Electronic resource] URL: <https://doi.org/10.1177/14687968231209517>. (accessed 14.01.2024)

Transliteration

1 Hayes C.J.H. Nationalism: A Religion. – Routledge, 2016. – 198 p.

2 Xypolia I. Cypriot Muslims among Ottomans, Turks and British // *Bogazici Journal*. – 2011. – No. 25 (2). – P. 109–120.

3 Juergensmeyer M. The worldwide rise of religious nationalism // *Journal of International Affairs*. – 1996. – No. 50 (1). – P. 1–20.

4 Grzymala-Busse A. Religious nationalism and religious influence // [Electronic resource] URL: <https://oxfordre.com/politics/display/10.1093/acrefore/9780190228637.001.0001/acrefore-9780190228637-e-813> (accessed 14.01.2024)

5 Khan Z-I. Religion is a unifying force // [Electronic resource] URL: <https://www.milligazette.com/news/islamic-perspectives/3756-religion-is-a-unifying-force/> (accessed 14.01.2024)

6 Hibbard S. Religion, nationalism, and the politics of secularism. In Omer A., Scott Appleby R., Little David (Eds.), *The Oxford handbook of religion, conflict, and peacebuilding* (pp. 100–123). – Oxford: Oxford University Press, 2015. – 736 p.

7 Mooney C.Z. *The public clash of private values: The politics of morality policy*. – Washington: CQ Press, 2001. – 283 p.

8 Golovushkin D.A. On the issue of religious tolerance in modern Russia: national identity and religion // *Journal for the Study of Religions*

and Ideologies. - 2004. - No. 2 (7). - P. 101-110.

9 Yusupova G. The Islamic representation of Tatarstan as an answer to the equalization of the Russian regions // *Nationalities Papers - The Journal of Nationalism and Ethnicity*. - 2016. - No. 44 (1). - P. 38-54.

10 Sitnikov A.V., Romanov M.V., Faskhudinov R.R. Nacional'naja i religioznaja identichnosti: opyt analiza vzaimosvjazi (na primere Respubliki Tatarstan) [National and religious identities: experience of interconnection analysis (on the example of research in the Republic of Tatarstan)] // *Sotsiologicheskie Issledovaniya*. - 2022. - No. 3. - S. 120-134. (in Russ)

11 Golovneva E. Saving the native faith: Religious nationalism in Slavic neo-paganism (Ancient Russian Yngling Church of orthodox old believers-Ynglings and Svarozhichi) // *Convention 2017: Modernization and Multiple Modernities (ISPS CONVENTION 2017)*. - Dubai: Knowledge E, 2018. - P. 337-347.

12 Emelyanova N. The specifics of political modernization in modern India: Between progress and regression // *Istoriya - Elektronnyi Nauchno-Obrazovatelnyi Zhurnal*. - 2020. - No. 11 (12).

13 Garri I. Kul't Avalokiteshvary i konkurirujushhie nacionalizmy sino-tibetskogo pogranich'ja (1911-1951 gg.) [Avalokitesvara cult and competing nationalisms of the Sino-Tibetan borderland] // *Gosudarstvo Religiya Tserkov v Rossii i Za Rubezhom*. - 2020. - No. 38 (1). - S. 13-36. (in Russ)

14 Burchardt M., Hovhannisyan H. Religious vs secular nationhood: «Multiple secularities» in post-Soviet Armenia // *Social Compass*. - 2016. - No. 63 (4). - P. 427-443.

15 Yakova L., Raciuc E. Introduction: All quiet on the Eastern front? Recent dynamics in the governance of religion in post-communist Europe // *Ethnicities*. - 2023. // [Electronic resource] URL: <https://doi.org/10.1177/14687968231209324>. (accessed 14.01.2024)

16 Vékony D., Raciuc E. Governance of religious diversity in Central Europe: A religious nationalism inspired illiberal turn in Hungary and Slovakia? // *Ethnicities*. - 2023. // [Electronic resource] URL: <https://doi.org/10.1177/14687968231209517>. (accessed 14.01.2024)

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Мұрат Өрленбайұлы Насимов

қауымдастырылған профессор, саяси ғылымдарының кандидаты, Қызылорда «Болашақ» университеті, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, email: nasimov_m@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-8209-8707.

Ботагөз Жаппарқызы Паридинова

аға оқытушы, философия магистрі, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан, email: filosof.sokrat.86@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-3733-0671.

Мурат Орленбаевич Насимов

ассоциированный профессор, кандидат политических наук, Кызылординский университет «Болашақ», Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: nasimov_m@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-8209-8707.

Ботагөз Жаппаровна Паридинова

старший преподаватель, магистр философии, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан, email: filosof.sokrat.86@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-3733-0671.

Murat Nassimov

Associate Professor, Candidate of Political Sciences, Bolashak University, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: nasimov_m@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-8209-8707.

Botagoz Paridinova

Senior Lecturer, Master of Philosophy, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan, email: filosof.sokrat.86@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-3733-0671.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СОПЫЛЫҚ: ТАРИХЫ МЕН СИПАТЫ

¹Қ. Қасымхан, ²Е.Қ. Қасабекова

АҢДАТПА

Бүгінгі таңда Қазақстанда ислам тақырыбы өзекті мәселелердің бірі. Елдегі діни мәселелердің терең тамырларын ескере отырып, қазіргі Қазақстандағы діни процестерді бағдарлауға болады және мемлекеттің бейбітшілігі мен тұтастығын сақтау мен Қазақстан халқын діни негіздегі қақтығыстардан арылту үшін қай бағытта қозғалу керектігі жайында қоғамда жаңа тетіктер іске қосылуы қажет.

Бүгінгі таңда сопылықтың пайда болу тарихы мен мәселелері және оның онтологиялық табиғаты және қазіргі әлемдегі рөлі гуманистік дүниетанымды дамытатын негізгі ой мектебі болып табылады. Сопылық феноменінің жан-жақтылығы мен оның әртүрлілігі ерекше қайшылықтарды тудырады. Сондықтанда мақаланың негізгі мақсаты Қазақстандағы «сопылық» бағыттың даму тарихын тереңірек талдау болып табылады. Назарларыңызға ұсынылып отырған мақала Исламның маңызды бағыттарының бірі – Қазақстандағы сопылық бағыттың таралуы, оның негізгі бағыттары мен ерекшеліктерін талдауға арналған.

Түйін сөздер: Қазақстандағы сопылық бағыты, сопылық, Қожа Ахмет Ясауи, Нақшбанди, тасаууф, ислам, тариқат.

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:

Е.Қ. Қасабекова,
kasabekova1978@mail.ru

Мақаланың сілтемесі:

Қасымхан Қ.,
Қасабекова Е.Қ.
Қазақстандағы сопылық:
тарихы мен сипаты //
Адам әлемі. – 2024.
– № 2 (100). – Б. 141-150.

Суфизм в Казахстане: история и сущность

Аннотация. На сегодняшний день развития ислама в Казахстане является одним из актуальных вопросов. Учитывая глубокие корни религиозных вопросов, можно ориентировать религиозные процессы в современном Казахстане, и необходимо провести исследование в нашем обществе о том, в каком направлении двигаться, чтобы сохранить мир и целостность государства, избавить народ Казахстана от конфликтов и религиозных конфликтов.

Сегодня проблемы возникновения суфизма, его онтологической природы и роли в современном мире являются основной школой мысли, развивающей гуманистическое мировоззрение. Как известно, многогранность и разнообразие суфизма вызывают особые споры. Поэтому целью статьи является глубокий анализ истории развития «суфийского» направления в Казахстане. Статья посвящена анализу распространения одного из важнейших направлений ислама.

Ключевые слова: Суфийское направление в Казахстане, суфизм, Ходжа Ахмет Ясауи, Накшбандия, тасаввуф, ислам, тариқат.

Sufism in Kazakhstan: History and Essence

Abstract. Today, the development of Islam in Kazakhstan is one of the most pressing issues. Taking into account the deep roots of religious issues, it is possible to orient the religious processes in modern Kazakhstan, and it is necessary to conduct a study in our society about which direction to move in order to preserve peace and the integrity of the state, to save the people of Kazakhstan from conflicts and religious conflicts.

Today, the problems of the emergence of Sufism, its ontological nature and role in the modern world are recognized by the main school of thought that develops a humanistic worldview. As you know, multifacetedness and diversity of Sufism cause special disputes. Therefore, the goal of the article is a deep analysis of the history of the development of the «Sufi» movement in Kazakhstan. The article is devoted to the analysis of one of the most important trends in Islam - the spread of the Sufi trend in Kazakhstan, its main trends and features.

Keywords: Sufi Direction in Kazakhstan, Sufism, Khoja Ahmet Yasawi, Naqshbandiya, Tasawwuf, Islam, Tariqat.

Кіріспе

Ислам дінінің маңызды бөлшегі тасаууф (сопылық) ұғымының мәні ашылып, оның даму тарихы мен мұсылман дүниетанымындағы орны және ұлы дала төсіне таралуы мен Қазақстандағы негізгі аспектілері мақаланың негізгі арқауына айналды. Сопылық тариқаттардың өзара айырмашылықтары мен ерекшеліктері сараланады. Бұған қоса бірқатар сопылық ұғымдардың мәні ашылады. Бүгінгі таңдағы жалпы қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі ислам дінін дұрыс түсінбеушілік пен бұрмалануында болып отыр.

VI-VIII ғасырлардан бастап Умәуи халифатының қол астына қараған Орта Азия топырағы ислам дінін қазақ даласына таралуының бастауы еді. Сол замандардан бастап орныққан ислам дінінің қазақ жұртының жүрегіне ұялауына Ахмет Яссауидің рөлі болды. Оның «Диуани хикмет» атты кітабы қазақ халқының ізгі тәрбиесіне өзіндік үлес қосқан. Ахмет Яссауи тасаууф бабында риязат, чиллә, зікір және мужахадаға баса көңіл бөлген. Бүгінгі таңда сопылық ілімнің қайта пайда болуы, онтологиялық табиғаты мен қазіргі әлемдегі рөлі, гуманистік дүниетаным тәрізді дүниелер оның маңыздылығын арттырып отыр. Құран мен сүннет мәтіндер идеялармен бейнеленген сопылық жолдың қасиеті соз. Сондықтанда сопылық ілімнің сан қырлы, әр-алуан сипаттарға ие адам және қоғам тәрбие бесігі. Сол үшін бұл зерттеуде Қазақстандағы сопылық ілімді түсінудің даму процесі де сөз болады. Бұл зерттеуде сопылық ілімнен дәріс алған ғалымдардың еңбектері мен олардың интернет арқылы қолжетімді мақалаларын түсіндіруге мүмкіндік беретін мазмұнды талдау әдісі қолданылды. Сонымен бірге, осы зерттеулерде айтылған ойлар мен пікірлерді талдауға және дамытуға негіз болатын бірқатар материалдар немесе құжаттар да зерделенді. Қазақстандағы сопылық топтардың іс-әрекеті сараланды

Әдіснама

Тақырыпты зерделеу барысында келесі ғылыми әдістемелер қолданылды: тарихи баяндау немесе сипаттау

әдісі; сонымен қатар салыстырмалы, құрылымдық, тұтас, анықтамалық, статистикалық әдістері пайдаланылды. Берілген мәселенің іргелі аспектілерін анықтау және оның құндылығын анықтау үшін тарихи-аксиологиялық талдау әдісі қолданылды. Ғылыми таным феноменінің құрамдас бөлігі болып табылатын қоғамдық-саяси үдерістерді, бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық санаға ықпалын талдау барысында әдістемелік бағыт ретінде тарихи сананың қалыптасуы мен дамуын тереңдету маңыздылығы алынып, қазіргі кезеңде кейбір әдістемелік бағыттар бар. Мақалада зерттеудің әдіснамалық негізін құрайтын әдістерге саяси және діндарлық үдерістерді сыни талдау, салыстырмалы талдау, мәселелік-теориялық зерттеу әдістері жатады.

Сопылық ілімінің таралуы

Сопылық ілімнің Қазақстанда таралу тарихы мен онда орын тепкен негізгі тариқаттар туралы баяндауды алдымен сопылық ілімнің даму тарихынан бастаған жөн. Исламдағы тасаууф ілімінің тарихы Мұхамед Пайғамбардың (с.а.у.) заманынан бастау алады. Мұхаммед Пайғамбар (с.а.у.) мен бірге келген илаһи ілімнің өзегі болған құт ілімі сопылық арқылы бақытты табу жолы мал-дүние, атақ-мансап бақытынан рухани бақытты табуға алмасты. Құлшылыққа ықыласты жандарды «әз-зунһад» (дүниені жүрегімен тәрк етуші), «әл-ғуббад» (құлшылығы мол адамдар) деп атайтын үрдіс пайда болды. Сондай-ақ әр топ өздерін «зунһад», «ғуббад» дейтінді шығарды. Сол кезде Аллаға шынайы беріліп, ғапылдықтан өздерін сақтай білетін әһлі сүннетті ұстанатындардың дана тұлғалары «тасаууф» есімімен ерекшеленді. Нихра жыл санауы бойынша I-ші ғасырдың соңында аталмыш тұлғалар «сопы» деген атаумен танымалы бола бастады. Сондай-ақ, сопылық ағымдардың қалыптасуына, интеллектуалдық немесе идеологиялық сопылықтың теориялық қалыптасуына, мистикалық теософияның пайда болуына әкелді деп айтуға болады. Сонымен бірге өздеріне білім берген дара тұлғаларды, пір (басшы) әрі қожа (ұстаз) қылған қауым қалыптасты. Сондай-

ақ олар муминнің рухани дүниесін кемелділікке және тура жолға баулып жүректі таза ұстап, нәпсіні тәрбиелеуге шақырды. Бұл тәрбие бағдарламасы кейіннен сол ұстаздардың атымен Қадари, Маулауи, Нақшбанди және Наказалар деп тарих бетінде қалды.

Бұл мектептерде теориялық айырмашылықтар болғанымен исламдағы сопылық тариқаттардың Құдайға деген сенімінде (ақидасында) біркелкілік бар болған. Сопылықтың ақиқатқа жету тариқатына түскендердің мистикалық ойының қалыптасу механизмін түсіну үшін әртүрлі мистикалық топтардың теориялық ұстанымдарын білудің маңызы зор.

Сопылық ілімінің пайда болуын Зәріпбай Жұманұлы Оразбай «Әлсіздердің табандылығы» атты кітабында: «Тасаууф (шығыстанушы мамандар тілінде «суфизм», «сопылық») – адам рухының тәрбиесіне арналған ілім. Оның қарсыластары: «Тасаууф сөзі құранда да, сүннетте де жоқ. Ол хижраның үшінші ғасырынан соң пайда болған бидғат» деп дәлел айтса, оны жақтайтындар: «Тасаууф хижраның бірінші ғасырында-ақ болған. Табиғиндерден саналатын, көптеген сахабалардың сұхбатын тыңдаған имам Хасан Басри бір риуаятында: «Тауафта бір суфиді (сопыны) кездестірдім. Оған бір нәрсе берген едім алмады. Менің төрт теңгем бар, сол маған жетеді деді» деген. Сопылық ұстанымының тағы бір тұлғасы саналатын Суфян әс-Саури: «Егер Әбу Хашим суфи болмағанда, рияның нәзік тұстарын түсініп білмеген болар едім» [1], - деді. Дәлел келтіру арқылы тамыры исламның пайда болған кезінен, тіпті Пайғамбармыз Мұхаммедпен (с.а.у.) бірге пайғамбарлық негізде бастау алаған уаһилық уахиден негізделген айтса. А.Субхан мен А.Джон: «Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) оларды тамақтандырды және шәкірттеріне де солай істеуді бұйырды» [2], - дейді. Сонымен бірге басқада зерттеушілер бұл дәлелдердің астарында тасаууф ілімі Құран мен сүннетте айтылмағанымен, оған қатысты бірқатар аяттар мен хадистерді дәлел ретінде алға тартады. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) өмірінен, сопылық ілім баса айтқан көптеген мәселелерді оңай кездестіруге болады. Сопылық термин

ретінде айналымда болмаса да, ол Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мен оның сахабалары заманынан бері ислам тақуалығының маңызды элементі ретінде мағынасы мен ақиқатында бар. Сопылықтың дербес және жүйелі ғылыми пән ретінде тууы мен қалыптасуына келетін болсақ, бұл жағынан сопылықтың тарихи дамуы ислам дінінде маңыздылыққа ие болған басқа діни ғылымдардың жағдайымен ұқсас. Фикһ, тәпсір, калам ғылымдарының үлгілері сияқты сопылық та хижридің 2-3 ғасырларында дербес ғылым саласы ретінде қалыптасты. Өйткені бұл ғылымдардың ешқайсысы Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өмірінде болмаған. Алайда бұл ғылым салалары зерттеген пәндерге Алла Елшісінің (с.ғ.с.) сахабаларына үйреткен пәндері кірді. Басқаша айтқанда, фикх пен ақидаға қатысты мәселелер мен ережелер фикх пен калам ғылымдары қалыптаспағанға дейін мұсылмандардың күн тәртібінде болғаны сияқты, сопылық ғылым ретінде қалыптасқанға дейін сопылық ілімнің ерекше атап өткен діншілдік элементтерін құраған мұсылмандардың діни әдет-ғұрыптарының орталық нүктелері. Осы іргетаспен қатар сопылық ағымдардың қалыптасуын фикһ және теологиялық мазһаптардың пайда болуымен салыстыруға болады» - [3] делінген. Мұхаммед Пайғамбардың (с.а.у.) адамдарға жіберілуі мақсаты бірінші адамдарға Құран мағынасын үйретуі, екінші адамдарға көркем мінезді үйретуі, үшінші руханиятын тазартуы, төртінші Құран үкімдері мен адами қасиеттегі сүннетті үйрету екенін құран аяттары айқындайды. Мұхаммед Пайғамбар (с.а.у.) осы аталған төрт міндетті өзінің 23 жыл пайғамбарлық дәуірінде кәміл орындады. Соның нәтижесінде ислам дінінің кемелденгені белгілі. Бұған еш күмән жоқ. Осы аталған төрт басты міндеттің бірі – адамдардың руханиятын, яғни нәпсісін тазарту еді. Мұхаммед пайғамбар (с.а.у.) бұл міндетін де адал атқарып, көптеген атақты сахабаларға бұл мәселелердің қыр-сырын үйретті. Олардың ең әйгілері: Әбу Бакр, Омар ибн әл-Хаттаб, Осман ибн Аффан, Әли ибн Әбу Талиб, Әбу Зарр әл-Фифари, Абдулла ибн Амр, Әбу Дарда, Абдулла ибн Аббас, Абдулла ибн Омар, Салман Фарих

си және басқа да суффа сахабалары. Бұлардың жолын берік ұстанған «табиғиндер» сахабалардан кейігі діни абыройлы тұлғалар да барлық діни ілімдер қатары рухани тәрбие (нәпсіні тазарту) ілімін мүлтіксіз қабылдап алды. Олардың арасынан тасаууф қағидаларын белгілеп, оның ілім ретінде қалыптасуына үлкен үлес қосқан ғұламалар жетіліп шықты. Олардың ең атақтыларынан Уайс Қарани (Ойсыл Қара), Хасан Басри, Саид ибн Мұсайиб, Жағфар Садиқтарды атауға болады. Бұлар ұстанған тасаууф қағидалары ең тура екендігіне ешбір ғұлама шек келтіріп, қарсы шықпаған. «Құран мен сүннетке негізделген бұл ілім «Тәзкия» немесе «Тәзкиятун нәфс» делінеді. Кейіннен барып бұл ілім тасаууф деп аталып кетті» [4], - делінеді. Демек сопылықтың дүниеге қызықпау мен тақуалыққа (құдайды көріп тұрғандай халге) негізделген өмір сүру үлгісі, Пайғамбар (с.ғ.с.) мен оның саңлақ сахабалары заманында өзінің барлық шынайылығымен және көр-кемдігімен тәжірибе саласында орын алды. Дүнияуи рахат, билік, мал-мүлік пен бақталастық олардың санасында ешбір құндылығы жоқ түкке тұрғысыз нәрсе саналып, Аллаға бет бұру, құлшылық ету және мойынсұну олардың ең басты құндылығы болды. Сейид Абдулхакам Арваси (Ер Риядул Тасавуфийе) кітабында атап өткендей: «Хижри жфл санауы 2-ғасырдан бастап, бұрынғы мұсылмандықтың ізгі қоғамындағы керемет үлгі бірте-бірте кері кетіп, дүние қоңыздық қоғам пайда болып адамдар арасында дүниеге деген сүйіспеншілік пен дүниеқорлыққа бейімділік пайда болды, мұндай тенденцияларға қарсы тұрған дәстүрлі ізгілік жолды ұстанған ақ ниетті азғантай бір топ діндарлар жамағат «мутасавәйел» және «суфийе» деп аталды», [5] - дейді. Жоғарыда айтылған сопылық атауының класси-калық сопылық мәтіндерде қайдан алынғаны туралы нақты дерек жоқ. Дегенмен ғұламалар бірқатар мүмкіндіктер алға тартып, төмендегідей бірнеше негізде қарастырады. Бірінші сөздіктегі мағынасы тұрғысынан айқындық пен кіршіксіздікті білдіретін «сафа» және «сафвет» сөздерінің мәнінен қарастырады. Екіншісі, Аллаһ Тағаланың алдында бірінші қатардан

орын алған үздіктер «eş-saffu'levvel» Алдыңғы шептегілер композициясы негізінде қарастырады. Үшінші Мұхаммед Пайғамбардың (с.ғ.с.) саңлақ сахабаларынан болған Аһлу'с-суфенің «суффе» деген атпен аталған ізгілердің сипаттамасына негіздейді. Ал төртінші сол замандағы дүнияуи рахат мен билік, байлық бақ таластығын құндылық деп білмейтін, Құдайға бет бұруды, құлшылық етуді және мойынсұнуды ең басты құндылық санайтын санаулы жамағаттың үстілеріне киген жүн киімдерінің сипатында айтылған «суф» сөзінен қарастырады [3] депті. Тасавууф саласының данышпандары бұл мүмкіндіктердің ішінде араб тілінің ережелері мен қағидаларына негізделіп мағынасы жағынан ең орындысы «Суфи» және «Тасавууф» сөздері жүн деген мағынаны білдіретін «суф» сөзінен шыққан деген пікірді айтады. Ибн Халдун сопылар жасаған бұл анықтамалардың ешқайсысы мақсатты білдіруге жеткіліксіз деп санайды [6]. Сопылық туралы еңбектерімен танымал Рейнольд Аллейн Николсонда осындай пікірді алға тартады [7]. Николсон Қушайри: «Рисала», Фарид ад-дин Аттардың «Tezkiretü'l-evliyâ» және Молла Жамидің «Нафахатүл Үнс» еңбектерінде хижридің екінші ғасырынан бесінші ғасыры арасында өмір сүрген ерте кезеңдегі атақты сопыларына қатысты 78 сопының анықтамаларының хронологиялық тұрғыдан көрсеткен» [8]. Сондай-ақ Молла Жәמידің шығармасында ерте кезеңдегі сопылық тарихаттарының көрнекті өкілі Абдухашим Куфиден (8 ғ.) бастап, ақын Хожа Хафиз Ширазиге (14 ғ.) дейінгі жалпы саны 588 шейх туралы мәліметтер берілген [9]. Сондай-ақ олардың ішкі жан дүниесі де, сырты тұлғалық сипаты да таза болғаны үшін «сафа» және «сафвет» деп, әрекеті мен сөздеріне сүйене отырып, «суфий» деп атаған, бұл атау уақыт өте келе сопылық ілімнің қайнар көзі, фиқ, ақида ілімдері сынды исламның негізгі салаларының бірі болып қалыптасты. С. Абдулхакам Ер Риядул: «Тасавуфийе» еңбегінде Тасавууф ілімі ислам шарифатының бір бөлімі саналады. Сопылық жолы әу баста Пайғамбардың, сахабалардың одан кейін табиғиндердің тәжірибелі өмір жолдарының сара жолы

болып қалыптасып, соңында мұсылман үмбетіне, үлкен милекте жол болды. Бұл тұрғыдан Тасаввуф ғұламаларының еңбегі жалпы шариғат ғұламаларының исламға қосқан үлесінен ұлырақ бір керемет ілім саласын ортаға шығарған еді. Бұл тұрғыда шариғат ілімі екі бөлімге бөлінді, бірі бөлімі фиқһ саласы мен фатуаға негізделген; ғибадат, әдет, және муамалатпен жалпы үкімдер саласын қамтыса, екінші бөлігінде тасаввуф іліміне тән; мужахида (рухани күрес), мухасаба (нәпсіден есеп алу) тәрізді өз-өзімен күресу деп атап көрсетеді» [5]. Демек толық мұсылман адам шынайылық пен пәктікті тек фиқһ саласының тармақтарында ғана орындалумен ішкі жандүниеде де шынайылық пен пәктіктің (сафвет) қасиет болса ол адамның сөзі де өзі де іс-әрекеті де таза болады. Мұндағы тазалық дегеніміз – сопы өзінің жүрегін, құндылықтар әлемін түгелдей Раббысына арнап, оларды жамандықтан тазартады. Сондықтан сопылық жолдың адам жүрегін тазарту (таşfiye) тәжірибесіне баса мән беретінін ескерсек, бұл түсініктеменің тақырыпқа сәйкес көзқарас екені белгілі болады.

Сопылық тарихатының пайда болуы мен даму тарихы жайлы жазылған көптеген ғылыми зерттеулерге көз жүгіртіп, жазылған классикалық дерек-көздерге назар аудар болсақ сопылық ілімінің қайнар көзі құран мен сүннет екеніне еш күмәндан байды. Олардың пікірінше, сопылық ілім мазмұны мен жүйесі жағынан толығымен құрандық және мұхаммедтік ілім. Бұл ғылым алға қойған алғашқы сопылық мәтіндердің барлық негізін құран аяттары мен Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардан жеткен хадистерге негізделген. Сондай-ақ Пайғамбардың (с.ғ.с.) шын мәнінде алға қойған өмір салтын негізге алады. Сонымен бірге сопылықтың ғибадат, тақуалық, тәубе, зікір, ықылас, жомарттық, сабыр, сенім, разылық, Аллаға деген сүйіспеншілік, қорқу сияқты маңызды элементтерін осындай сопылық көзқарастарымен түсіндіреді. Оның дәлелі «Жәбірейіл хадисі» деп аталатын әйгілі хадис. Оны бірнеше атақты сахабалар риуаят еткен. Олардың бірі – әзіреті Әбу һурайра. Онда былай делінген: «Күндердің бірінде Мұхаммед пайғамбар (с.а.у.) сахабаларына «Менен

сұрайтындарыңды сұрап алыңдар» деді. Сонда оның алдына ақ киінген, шашы мен сақалы қара бір кісі кіріп келді. Оны ешкім танымады. Ол пайғамбардың қарсы алдына келіп, тізесін оның тізесіне тақай отырып, сұрақ қоя бастады: «Иә, Расулулла, Ислам деген не?». Пайғамбар: «Аллаға ешбір нәрсені серік қоспауың, намаз оқуың, ораза тұтуың, зекет беруің, шамаң келсе, қажылыққа баруың» деді. Әлгі кісі: «Дұрыс айттың» деді. Сосын «Иман деген не?» деп сұрады. Пайғамбар: «Аллаға, кітаптарына, расулдеріне, қиямет күніне, жақсылық та, жамандық та Алла жазған тағдырдан екеніне және өлген соң қайта тірілуге иман келтіру» деді. Сонда ол кісі «Дұрыс айттың» деді. Соңынан «Ихсан деген не?» деп сұрады. Пайғамбар «Алладан дәл Оны көріп тұрғанындай қорқуың (құлшылық жасауың). Ал, егер көріп тұратындай халге жете алмасаң, Ол сені көріп тұрғанындай хәлде қорқуың» деді. Сауал берген кісі қайтып кеткеннен соң, Пайғамбар сахабаларына: «Әлгі кісіні кері шақырыңдар» деді. (Көп кідірмей оның соңынан шыққан) сахабалар ол кісіні таба алмай қайтты. Сонда Пайғамбар сахабаларға: «Ол сендерге діндеріңді үйретуге келген Жәбірейіл еді», [10] - деді. Бұл әйгілі Жәбірейіл хадисінде айтылған «ихсан» ұғымына назар аударар болсақ, жоғарда келтірген дереккөз анағұрлым айқындала түседі. Тасаввуф ғұламалары бұл хадисте ислам дінінің жалпы діндарлық өлшемдері «ислам», «имаң» және «ихсан» болып бекітілгенін айтады. Сондай-ақ олар сопылық жолдың фиқһ және ақида өлшемдерінің талаптарын орындау арқылы адами қасиет тұрғысынан Аллаға жақындауға тырысатынын айтады. Хадисте «Аллаһты көріп тұрғандай құлшылық ету» күйі ретінде сипатталған ихсан дәрежесі сопылар үшін адам мен Алланың қарым-қатынасы аясында ізгі құлдың жетуі мүмкін болған ең жоғары мәртебесіне жетелейді һәм бұл ізгі құл өзін Құдайдың құзырында тұрақты бақылауда екенін сезініп, бүкіл өмірін әрдайым түзу ұстауға тырысады. Сопылық деректерге сүйенсек, сопылар иман негіздеріне қатысты фиқһ және хадис ғалымдарымен бірдей көзқараста сондай-ақ олар білімінің ақиқаттығын қабылдайды. Сопылар

діндегі бидғаттардан сақтану және нәпсіге құл болу жағдайына түсіп қалмау үшін бұл мәліметтерге мұқтаж екенін қазірдің өзінде жақсы біледі. Фикһ ғұламалар келісетін мәселелерде сопыларда келісіп, келіспейтін мәселелерде сопылар сақтықпен әрекет етіп, күмәнді нәрселерден аулақ болуға тырысады [3]. Демек мұндай тенденциялар дінді бағаламау, діни бұйрықтардың маңыздылығын түсінбеу, сақтанудан бас тарту дегенді білдірмейді. Ахмет Вурал «Тасаууф» терминологиясына қатысты шығармаларға баға мақаласында алғашқы ғасырлардан бастап сопылық ғұламалар осы саланың білгірлеріне жеңіл түсінікті болу үшін және сауаты жоқтардан жасыру үшін арнайы тіл жасап, соның нәтижесінде сопылық терминология пайда болды.

Діни тәжірибені басынан өткерген сопылардың бұл тәжірибелерді өздерінің терминологиясын ашу арқылы білдіруі сопылық терминологияның маңыздылығын арттыра түседі. Сопылардың өз тәжірибелерін жеткізу және талғам мен интуицияға негізделген салада өз ойын білдіру үшін символдар мен тілді қолдануы – діни тәжірибе сияқты терминологияны байытатын тағы бір фактор деген де пікір бар [11]. Пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарлығымен бірге келген илаһи ілімнің Ихсан атауымен аталып Сопылық мектеп болып қалыптасу үдерісі мен тарихы белгілі бір пісіп-жетілу үдерісінен кейін пайда болып, әр кезеңдерде әртүрлі сипаттарды көрсетті. Бастапқыда Зуһуд (тәркі дүния), сенім және аскетизмге қатысты ұғымдар мен терминдер пайда болды, кейінгі кезеңдерде хал мен мақамдарға қатысты ұғымдар мен терминдер, келесі кезеңде фана (жоқ болу) мен мәңгілік және илаһи махаббатқа қатысты ұғымдар мен терминдер, одан кейін басқада көптеген ұғымдар қосылды және абсолютты болмыс идеясына қатысты терминдер қосылды. Refik el-Асем жүргізген зерттеуінде сопылық терминдердің қалыптасу процесін төрт кезеңге бөліп қарастырып, терминдердің тарихи барысы туралы маңызды тұжырымдар жасады: «Бірінші кезең – терминдердің туу кезеңі, онда терминдер әлі аталмаған. Зуһуд (тәркі дүния), махаббат, сулук (ақылақ), нәпсімен күрес сияқты

қағидалар төңірегінде қалыптасқан ұғымдар. Бұл кезең хижра жыл санауы бойынша II-III-ші ғасыры басына дейінгі уақыт болып табылады», [13] – деді. Екінші кезең – құраннан бастау алған сопылық ұғымдардың бірте-бірте философиялық мәнге ие бола бастаған кезеңі. Сопылық философия саласына сіңген хулул, бірлік, әлем-исағир, әлем-и кебир сияқты ұғымдар пайда бола бастады. Терминология бірінші кезеңмен салыстырғанда бұл фазаның табиғи өсімін көрсетеді. Бұл кезеңде темкин, разиат, сахв, тебарик, кабз, курб, карамет, әлим, ариф, абид, макамат, мукашефе және варид сияқты көптеген терминдер пайда болды делінеді [12]. Профессор Суад Хаким: «Өзінің Ибн Араби сөздігі еңбегінде сопылық терминологиясының қалыптасуының үшінші кезең – Ибн Арабимен (қ.ж. 638/1240) кезеңі деп атап көрсетіп, бұл ұғымдардың жетіліп, айқын болған кезеңі дейді. Ибн әл-Арабимен бірге тасаввуф саласында жаңа тіл пайда болды. Бұл тіл жаңа интеллектуалдық әдістің алты ғасырлық сопылық тәжірибенің және ғаламды жан-жақты түсінудің жемісі» [13], – деп көрсетеді.

Қазақ даласына ислам түсінігінің таралуына Аллаға деген сүйіспеншілікті, Мұхаммед Пайғамбардың сүннетіне адалдықты мықты ұстанған адамгершілігі биік түркілер арасындағы сопылық көсемдер мен пірлердің ықпалы зор болды. Әсіресе Жібек жолының бойына орналасқан қазақ топырағы тек саудаға ғана емес, сопылардың ислам дінін таратуына да оңтайлы болды. Мұхаммед пайғамбардың «Ең игі ғасыр – менің ғасырым, одан кейінгісі – одан кейін келгені», – [14] деп мақталған үш ғасырдың соңғы екі ғасырында ислам шуағына бөленген түрік - ислам мәдени ортасы Фараби, Матуриди, Ибн Сина, Ибн Рушд сияқты көптеген ғалымдарды, Хожа Ахмет Яссауи сияқты сопылардың имамдарын тәрбиеледі. Дидар Шауенов «Түркі жұрты» сайтында жолдаған «Қазақстандағы дін және діни өмір» атты мақаласында:

«Ислам діні қазақ жеріне VIII-IX ғасырларда араб жорықтары арқылы тарай бастады. 756 жылы арабтар мен қарлұқтар ынтымақтаса отырып, Алланың дініне сенген түріктерді жеңсе,

